Жұмыстың осы бөлімінде өңірлік бөлініс тұрғысынан жоғары білімнің қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жүргізіледі. Оның мақсаты – орнықты модельдерді, жоғары оқу орындары арасындағы типтік айырмашылықтарды, сондай-ақ академиялық және қаржылық әлеуеттегі стратегиялық диспропорцияларды айқындау. Негізгі назар жоғары оқу орындарының даярлау бейіні, кадрлық қамтамасыз етілуі, қызмет ауқымы және өңірлік байланысы арасындағы айырмашылықтарға негізделген авторлық типологияны құруға аударылады. Ұсынылған тәсіл сипаттамалары ұқсас жоғары оқу орындарының топтарын бөліп көрсетуге және осы негізде аумақтардың ерекшелігі мен өңірлік даму жүйесіндегі университеттердің әлеуетін ескеретін білім беру саясатындағы сараланған шешімдердің қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жоғары білім дамуының өңірлік ерекшеліктерін талдау жоғары оқу орындарының сандық көрсеткіштерін, институционалдық ерекшеліктерін және кеңістіктік саралануын ұштастыратын жүйелі әдіснамалық базаға сүйенуді талап етеді. Осы жұмыста аумақтық-құрылымдық тәсіл қолданылады, ол өңірлер арасындағы біліммен қамту деңгейі, даярлау бейіні, ресурстық қамтамасыз етілуі және жоғары оқу орындарының өңірлік әлеуметтік-экономикалық жүйедегі рөлі бойынша орнықты айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Ұсынылған жоғары оқу орындары типологиясының әдіснамалық негізі халықаралық талдау шеңберлерін де, ұлттық дереккөздерді де қамтиды. Теориялық бағдарлар ретінде университеттердің үштік миссиясы моделі (білім беру, ғылым, қоғамға үлес), «үйлестіру үшбұрышы» тұжырымдамасы, сондай-ақ жоғары оқу орындарының цифрлық трансформация мен өңірлердің орнықты дамуындағы рөліне баса назар аударылатын ЮНЕСКО мен ЭЫДҰ-ның 2021–2023 жылдардағы талдамалық баяндамалары алынды [70, 71, 72]. Ұлттық дереккөздерге Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды

дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Ұлттық статистика бюросының жыл сайынғы статистикалық бюллетеньдері және Ғылым және жоғары білім министрлігінің есептері жатады [73].

Талдау үшін 2000–2023 жылдар аралығындағы динамикада келесі көрсеткіштер топтары пайдаланылды (жекелеген бағыттар бойынша – 1991 және 2009 жылдардан бастап):

- өңірлер бөлінісіндегі жоғары оқу орындарының саны;
- студенттер саны және халықтың жоғары біліммен қамтылуы;
- профессорлық-оқытушылық құрамның құрылымы мен біліктілігі;
- магистранттар мен докторанттар шығару;
- жоғары білімге ағымдағы шығыстар.

Жоғары білім жүйесін өңірлік талдау контекстінде жоғары оқу орындарын типологиялау ерекше маңызға ие болады, өйткені бұл олардың мамандану бағыттарының орнықты бейіндерін, академиялық белсенділік ауқымын және өңірлік әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы функционалдық рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай типология академиялық сапа, қолжетімділік және кадрлар даярлау тиімділігі арасындағы теңгерімге бағдарланған кеңістіктік-сараланған білім беру саясатының негізін қалыптастырады.

Жоғары оқу орындарының типологиясы келесі параметрлер негізінде қалыптастырылды:

1. Академиялық мамандану – даярлаудың басым бағыттары (инженерлік, педагогикалық, медициналық, аграрлық, гуманитарлық);
2. Өңірдегі функционалдық рөлі – жұмыспен қамтуға, кадрлар даярлауға және экономикаға кірігуіне ықпалы;
3. Кадрлық әлеуеті – ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі, профессорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз етілуі;
4. Жоғары оқу орнының мәртебесі мен ауқымы – филиалдарының болуы, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы және өңірлік экономикамен өзара іс-қимылы.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарын жіктеу жоғарыда көрсетілген параметрлер жиынтығына сүйенеді, оған даярлаудың басым бағыттары, академиялық әлеует, халықаралық серіктестіктерге қатысу, сондай-ақ өңірдің кеңістіктік сипаттамалары (экономикалық мамандануы, халық саны, урбандалу деңгейі) кіреді. Эмпирикалық база ретінде Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері (оның ішінде 2000–2023 жылдардағы «Қазақстан Республикасындағы білім беру» атты жыл сайынғы бюллетеньдер), Ғылым және жоғары білім министрлігінің ашық есептері, сондай-ақ университеттердің веб-сайттары (миссиясын, бағдарламалық құрылымын, халықаралық жобаларға қатысуын анықтау үшін) пайдаланылды. Жоғары оқу орындары олардың академиялық мамандануын ғана емес, сонымен бірге университеттердің өңірлік рөлін, ауқымын және жергілікті экономиканы дамытуға тартылу деңгейін де көрсететін функционалдық типтер бойынша топтастырылды, бұл 11-кестеде берілген.

Ұсынылған Қазақстан жоғары оқу орындарының типологиясы өңірлердің тарихи, экономикалық және демографиялық даму нәтижесінде қалыптасқан жоғары білім жүйесінің институционалдық және кеңістіктік алуандығын көрсетеді. Алматыдағы академиялық-гуманитарлық және зерттеу хабы ғылыми мектептердің, көпсалалы бағдарламалардың және халықаралық қатысудың жоғары шоғырлануымен сипатталады, бұл елдің академиялық ландшафтының өзегін қалыптастырады. Инновациялық-басқарушылық және цифрлық хаб типіне біріктірілген Астана жоғары оқу орындары цифрлық трансформацияға, басқаруға және қолданбалы STEM-бағыттарға бағдарлануымен ерекшеленеді, бұл астананың жаһандық интеграция орталығы ретіндегі институционалдық амбицияларын қолдайды.

Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Өскемен, сондай-ақ Атырау мен Ақтауды қамтитын индустриялық-технологиялық кластерлер металлургия, машина жасау, энергетика және мұнай-газ кешені сияқты негізгі салалар үшін техникалық кадрлар даярлау функциясын атқарады. Бұл жоғары оқу орындары өндіріс-

Кесте 11 – Қазақстан жоғары оқу орындарының функционалдық типтері мен өңірлері бойынша жіктелуі

ЖОО типі	Сипаттамасы	Қалалар	ЖОО мысалдары	Академиялық мамандануы	Өңірлік жүйдегі функциялары
1	Академиялық-гуманитарлық және зерттеу хабы	Алматы	Тарихи ғылыми сабақтастығы және гуманитарлық мамандануы бар университеттер	ҚазҰУ, ҚазҰПУ, КИМЭП, ҚазҰМУ, ҚБТУ	Ғылыми білім өндіру, білім беру қызметтерін экспорттау
2	Инновациялық-басқарушылық және цифрлық хаб	Астана	Цифрлық трансформацияларға, басқаруға және жаһандық желілерге бағдарланған жана университет модельдері	Назарбаев Университеті, ЕҰУ, ҚазАТУ	Ұлттық және цифрлық бастамалар үшін кадрлар даярлау
3	Индустриялық-технологиялық кластер	Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Өскемен	Өнеркәсіптік орталықтарда орналасқан; нақты сектормен байланысы күшті, бірақ цифрлық ресурстарға қолжетімділігі шектеулі	ҚарТУ, Торайғыров университеті, Жұба-нов атындағы АӨУ, Серікбаев атындағы ШҚТУ	Өңірдің өнеркәсіп салалары үшін кадрлармен қамтамасыз ету

4	Аграрлық-педагогикалық жоғары оқу орындары	Аграрлық және шағын өңірлерде жұмыс істейді; негізгі басымдық өңірлік қажеттіліктер үшін кадрлар даярлауға беріледі	Тараз, Қызылорда, Көкшетау, Талдықорған, Петропавл, Түркістан	Тараз университеті, Қызылорда университеті, Көкшетау университеті, Қобыланды батыр атындағы ҚҰ	Педагогика, агрономия, экология	Аграрлық аудандарда әлеуметтік және кадрлық тұрақтандыру
5	Көпбейінді өңірлік орталықтар	Өртүрлі бағыттар бойынша даярлық жүргізетін, өңірлік білім берудің тұрақтылығын қамтамасыз ететін университеттер	Шымкент, Қостанай, Орал, Семей	Әуезов атындағы ОҚУ, Байтұрсынов атындағы ҚРҰ, Өтемісов атындағы БҚУ	Экономика, педагогика, құқық, IT	Өңірлік білім беру кеңістігінің өзегін қалыптастыру
6	Перифериялық жоғары оқу орындары	Ғылыми және цифрлық әлеуеті төмен, шалғай орналасқан, көбіне өз қалаларындағы жалғыз университеттер	Жезқазған	Байқоңыров атындағы университет	Жалпы бакалавриат бағдарламалары, шектеулі магистратура	Жастарды ұстап қалудың ең төмен деңгейі, ғылыми белсенділіктің әлсіздігі


Ескерту: авторлар [74, 75, 76] дереккөздері негізінде құрастырған.

тік секторлармен тығыз байланыс көрсеткенімен, академиялық ұтқырлық пен ғылыми инфрақұрылым тұрғысынан шектеулі болып отыр. Тараз, Қызылорда, Көкшетау, Талдықорған, Петропавл және Түркістан сияқты қалаларда қызмет ететін аграрлық-педагогикалық жоғары оқу орындары ресурстардың шектеулілігіне және оқытушыларға түсетін жоғары жүктемеге қарамастан, аграрлық және шекаралық өңірлердегі әлеуметтік әрі кадрлық құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Көпбейінді өңірлік орталықтар (Шымкент, Қостанай, Орал) жастарды өңірде ұстап қалу және өңірлік білім беру кеңістігін қалыптастыру функциясын орындайды, олар даярлаудың кең ауқымын орташа деңгейдегі зерттеу белсенділігімен ұштастырады. Ғылыми ресурстары шектеулі жоғары оқу орындары (Семей, Жезқазған, Қаратау) әлсіз инфрақұрылымымен, магистрлік және докторлық бағдарламалардың төмен үлесімен, сондай-ақ академиялық маргиналдану қаупімен сипатталады. Мұндай типология жоғары оқу орындарының қазіргі жай-күйін объективті түрде көрсетуге ғана емес, сонымен қатар сараланған білім беру саясатын қалыптастыруға және академиялық әлеуетті кеңістіктік теңестіруге негіз жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, жоғары оқу орындарының ел аумағы бойынша бөліну құрылымының өзі аталған айырмашылықтарды күшейтіп, осындай саясаттың қажеттілігін алдын ала айқындайды. Қазақстанда жоғары білімнің тиімді өңірлік жүйесін қалыптастыру айқын демографиялық, экономикалық және инфрақұрылымдық диспропорциялармен сипатталатын елдің кеңістіктік дамуы контекстінде жүзеге асырылуда. 1991–2023 жылдар аралығында Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жалпы саны елеулі өзгерістерге ұшырады. 1991 жылғы 61 жоғары оқу орнынан бастап, Қазақстандағы университеттер саны жедел өсіп, 2001 жылы ең жоғары шегіне – 182 университетке жетті, содан кейін оңтайландыру кезеңі басталып, 2023 жылға қарай олардың саны 112-ге дейін қысқарды. Бұл жоғары білімді ірілендіру және сапасын арттыру саясатын көрсетеді; сонымен бірге жоғары оқу орындарының 45%-дан астамы үш ірі қалада –

Алматы, Астана және Шымкентте шоғырланған, бұл 5-суретте және Г қосымшасында көрсетілген. Мұндай шоғырлану білім беру жүйесінің тарихи дамуымен, аталған орталықтардың жоғары урбандалу деңгейімен, сондай-ақ дамыған академиялық және ғылыми инфрақұрылымның болуымен түсіндіріледі. Осы контексте 2000–2023 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жоғары біліммен жалпы қамту деңгейін талдау жалпымемлекеттік оң үрдістерді де, елеулі аумақтық айырмашылықтарды да анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 5 – Университеттер саны, 1991–2023 жж.

Ескерту: авторлар құрастырған

2000–2023 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жоғары біліммен жалпы қамту деңгейін талдау жалпымемлекеттік оң үрдістерді де, айқын өңірлік айырмашылықтарды да анықтайды. Жалпы республика бойынша қамту деңгейі 2000 жылғы 37,76%-дан 2019 жылғы ең жоғары 66,98%-ға дейін өсті, содан кейін бірқалыпты төмендеу басталып, 2023 жылы 54,38%-ды құрады. Мұндай серпін елдегі жоғары білімнің қолжетімділігінің жалпы артуын көрсетеді, бұл демографиялық және институционалдық факторлармен, соның ішінде жоғары оқу орын-

дары желісінің кеңеюімен, қашықтан оқытудың дамуымен, сондай-ақ студенттерді статистикада есепке алу тәсілдерінің өзгеруімен байланысты, бұл Д қосымшасында егжей-тегжейлі берілген.


Жалпы қамтудың ең жоғары көрсеткіштерін елдің ең ірі қалалары – Алматы, Астана және Шымкент көрсетеді. Алматы 2021 жылғы 204,64% экстремумымен тұрақты түрде көшбасшы орында тұр, бұл университеттердің шоғырлануымен, өңірлерден келетін студенттер ағынымен және халықаралық білім беру бағдарламаларының болуымен түсіндіріледі. Астанада да елеулі өсім тіркелді – 2000 жылғы 48,98%-дан 2021 жылы 118,84%-ға дейін, бұл ретте 2023 жылы 90,84%-ға дейін бірқалыпты төмендеу байқалады. Статистикасы 2018 жылдан бастап жүргізілетін Шымкент 2019 жылы 152,57% деңгейінде әсерлі қамту көрсеткішін көрсетіп, кейіннен 2023 жылы 106,36%-ға дейін төмендеді. Мұндай мәндер 100%-дан асады, өйткені жалпы қамту көрсеткіші студенттер санының тиісті жас тобындағы халық санына қатынасын көрсетеді және жасы үлкен студенттер, қайтадан білім алу немесе басқа өңірлерден білім алушыларды тарту есебінен 100%-дан жоғары болуы мүмкін.

Бірқатар өңірлер қамту деңгейінің тұрақты өсуін көрсетеді, мысалы, Батыс Қазақстан облысында көрсеткіш 36,3%-дан 71,87%-ға дейін, Қарағанды облысында 49,67%-дан 66,16%-ға дейін, Шығыс Қазақстан облысында 31,89%-дан 50,74%-ға дейін өсті. Мұндай жағдай жергілікті білім беру инфрақұрылымының дамуын, халық мобильділігінің артуын және ауыл жастарын қамтудың кеңеюін білдіреді. Алайда бірқатар облыстарда ең жоғары жылдармен салыстырғанда қамту деңгейінің төмендеуі тіркелген: мысалы, Түркістан облысында 2006 жылғы 46,11%-дан 2023 жылы 10,35%-ға дейін қысқару байқалады, бұл әкімшілік-аумақтық бөліністің өзгеруімен және жоғары оқу орындарының қайта бөлінуімен байланысты. Осыған ұқсас жағдай Маңғыстау облысында да байқалады, мұнда қамту 59,15%-дан 20,98%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ 2023 жылы Солтүстік Қазақстан (26,46%), Жамбыл (29,56%), Алма-

ты (12,12%), Түркістан (10,35%) облыстары сияқты өңірлерде жалпы қамтудың төмен көрсеткіштері тіркелді, бұл жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру және жоғары оқу орындары мен олардың филиалдарының желісін кеңейту бойынша шаралар қабылдауды талап етеді. Абай, Жетісу және Ұлытау сияқты жаңа облыстар салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштермен сипатталады (16–18% аралығында). Осылайша, Қазақстан жалпы алғанда жоғары біліммен қамтуды кеңейтуде, әсіресе миллиондық қалалар мен ірі облыс орталықтарында, айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Алайда өңірлік айырмашылықтарды теңестіру, шеткері және ауылдық аумақтарда жаңа білім беру мүмкіндіктерін құру, сондай-ақ жергілікті жерлерде білім беру сапасын арттыру қажеттілігі сақталып отыр.

Бірқатар өңірлердегі, соның ішінде жаңа әкімшілік бірліктердегі қамтудың төмен көрсеткіштері жоғары білімнің аумақтық қолжетімділігін одан әрі кеңейтудің маңыздылығын айқындайды. Бұл мәселе студенттер контингенті санының серпінімен тығыз байланысты, ол 1991–2023 жылдар аралығында институционалдық реформаларды, демографиялық өзгерістерді және макроэкономикалық факторлардың ықпалын бейнелейтін толқын тәрізді сипатта болды. 1990-жылдары шамамен 270–290 мың адам деңгейіндегі салыстырмалы тұрақтылықтан кейін, 2000 жылдан бастап күрт өсім байқалды: 1999 жылғы 365,4 мыңнан 2005 жылғы ең жоғары 775,8 мыңға дейін (+112%). Бұл серпіліс жоғары білімге қолжетімділіктің ырықтандырылуымен және жоғары оқу орындары желісінің, соның ішінде жекеменшік мекемелердің кеңеюімен байланысты болды. Алайда 2006 жылдан бастап студенттер саны төмендей бастады және 2015 жылы 447,2 мыңға жетті, бұл демографиялық құлдыраумен және білім сапасына қойылатын талаптардың күшеюімен байланысты. 2016 жылдан бастап өсімнің жаңа кезеңі басталып, 2020 жылы жергілікті максимумға (646,3 мың) жетті, содан кейін 2023 жылы қайтадан 592,7 мыңға дейін төмендеу тіркелді. Жалпы алғанда, білімнің қолжетімділігіндегі оң өзгерістерге қарамастан, елеулі құрылымдық ауытқулар сақталуда,

бұл 6-суретте көрсетілгендей, бейімделгіш білім беру саясатын талап етеді.



Сурет 6 – Студенттер саны, 1991–2023 жж., мың адам

Ескерту: авторлар құрастырған

Өңірлік деңгейде студенттердің неғұрлым айқын шоғырлануы Алматы, Астана және Шымкент қалаларында байқалады, соңғы жылдары олардың үлесіне студенттік контингенттің жалпы санының 60%-дан астамы тиесілі. Тарихи қалыптасқан академиялық орталық ретінде Алматы 2023 жылы 186 633 студентпен тұрақты түрде көш бастап отыр (2000 жылғы 122 955 адаммен салыстырғанда өсім 52%), дегенмен 2010-жылдар ішінде динамикада белгілі бір ауытқулар байқалды. Астана одан да қарқынды өсімді көрсетеді: 2000 жылғы 21 768 студенттен 2023 жылы 75 003 студентке дейін (өсім 244%), бұл академиялық инфрақұрылымға шоғырланған инвестициялармен және оның саяси-символдық мәртебесімен түсіндіріледі. Шымкент те осы кезеңде 36 561 студенттен 83 406 студентке дейін айтарлықтай ұлғаюды көрсетті (+128%). Келтірілген барлық деректер Е қосымшасында ұсынылған.


Мегаполистер білімге деген сұранысты өзіне жинақтап отырған кезде, елдің өзге өңірлеріндегі жағдай неғұрлым құ-

былмалы болып қалып отыр. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Түркістан облысы сияқты өнеркәсіптік және әкімшілік өңірлерде, сондай-ақ Шымкент қаласында 2000-жылдардың басында студенттер санының өсуі байқалып, кейіннен оның төмендеуі және ішінара қалпына келуі орын алды. Мысалы, Қарағанды облысында 2004 жылы 74 000-нан астам студент білім алса, 2023 жылға қарай бұл көрсеткіш 38 952 адамға дейін қысқарды. Керісінше, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау сияқты өңірлерде орнықты немесе бірқалыпты өсім тіркелген, бұл елдің батыс бөлігіндегі экономикалық өрлеу және урбандалу үдерістерімен өзара байланысты.

Жаңа әкімшілік бірліктердің қалыптасуы да студенттік контингенттің географиясына ықпал етеді. Мәселен, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары ресми статистикаға 2022 жылдан бастап енгізілді. Олардың қазіргі көрсеткіштері академиялық кеңістіктің бастапқы даму кезеңін сипаттайды: Абай облысында 2023 жылы 20 023 студент білім алса, Ұлытау облысында небәрі 1 368 студент тіркелген. Ал дәстүрлі аграрлық өңірлер, мысалы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары тұрақты, бірақ төмен көрсеткіштермен сипатталады – 15 000 студенттен аз, бұл олардың өңірлік адами капиталды қалыптастыруға қосатын үлесін шектейді.

Студенттер саны бойынша қалыптасқан диспропорциялар жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділік мүмкіндіктерінің теңдігіне тікелей әсер етеді. 2009 жылдан бастап Қазақстанда магистратура және PhD докторантура шеңберінде ғылыми және педагогикалық кадрларды жүйелі даярлау жүзеге асырылып келеді. 2009–2023 жылдар аралығында магистранттар контингенті 2,6 есеге – 4 595 адамнан 36 491 адамға дейін өсті, бұл академиялық траекторияны жалғастыруға қызығушылықтың артып отырғанын көрсетеді; тиісті динамика 3-суретте берілген. Ең серпінді өсім 2009–2013 жылдары байқалды, кейіннен жүйе тұрақтанып, реформалар және сыртқы факторлар, соның ішінде COVID-19 пандемиясы ықпал еткен жағдайда кадрлардың орнықты түрде қайта өндірілуін көрсетті.

Магистранттарды бітіру көрсеткіші де, 7-суреттен көрінгендей, оң траекторияны көрсетеді. Егер 2009 жылы 4 595 адам бітірсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 21 436 адамды құрады (+366%). 2015 жылдан кейін бітірушілер саны жылына 18–22 мың адам деңгейінде тұрақтанды. Контингент саны мен бітіру көрсеткіші арасындағы тұрақты арақатынас (55–60%) қазақстандық магистратура моделінің жетілгендігін және тиімділігін көрсетеді, бұл еңбек нарығына білікті кадрлардың тұрақты келуін қамтамасыз етеді.




Сурет 7 – Магистранттар саны мен бітіру көрсеткіші, 2009–2023 жж., адам

Ескерту: авторлар құрастырған

Мегаполистердің көшбасшылығы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру контексінде де сақталып отыр. Алматы магистрлер даярлаудың ең ірі орталығы болып қала береді: магистранттар саны 2009 жылғы 7 419 адамнан 2023 жылы 12 164 адамға дейін өсті, ал бітірушілер саны 2 367 адамнан 5 690 адамға дейін (+140%) артты. Астана одан да экспоненциалды өсімді көрсетеді: магистранттар саны 1 309 адамнан 7 498 адамға дейін, бітірушілер саны 333 адамнан 2 934 адамға дейін өсті (өсім 8 еседен астам). Шымкент осы кезеңде магистратура түлектерінің санын 253 адамнан 4 077 адамға дейін ұлғайтып, ең жоғары қарқынды (+16 есе) көрсетті.

Өңірлік бөліністе жағдай анағұрлым әрқелкі көрінеді. Павлодар, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстары магистранттар мен түлектер санының тұрақты өсуін көрсетсе, Қарағанды, Түркістан және Қызылорда облыстары, керісінше, төмендеу немесе тоқырау үдерісімен бетпе-бет келуде. Абай, Ұлытау және Жетісу сияқты жаңа облыстарда магистранттар контингенті өте төмен деңгейде қалып отыр, бұл Ж қосымшасында көрсетілген. Мұндай диспропорциялар аумақтық теңсіздікті күшейтіп, магистратура бағдарламаларына қолжетімділікті теңестіруге бағытталған өңірлік стратегия әзірлеуді талап етеді.

Осыған ұқсас үрдістер жоғары білімнің үшінші деңгейінің жетілуін көрсететін докторантурада да байқалады. Халықаралық PhD моделіне көшкеннен кейін (2010 жылдан бастап) докторанттар саны 960 адамнан 2023 жылы 5 966 адамға дейін өсті. Ең жоғары көрсеткіш 2020 жылы тіркелді (6 914 адам). 8-суретте көрсетілгендей, барлық докторанттардың 75%-дан астамы Алматы мен Астанада шоғырланған. Мұндай шоғырлану құрылымдық теңсіздікті растайды және өңірлік әлеуетті ынталандыру қажеттігін айқындайды.



Сурет 8 – Докторанттар саны мен бітіру көрсеткіші, 2000–2023 жж., адам

Ескерту: авторлар құрастырған

PhD кадрларын даярлаудағы өңірлік айырмашылықтарды талдау елеулі қарама-қайшылықтарды көрсетеді. 2023 жылы Алматыда 2 729 докторант, Астанада 1 797 докторант білім алды. Шымкентте де айтарлықтай өсім байқалады (255 адам). Бірқатар өңірлерде – Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Жамбыл облыстарында – орнықты өсім байқалса, Ұлытау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында бітіру көрсеткіштері өте төмен (8-ден 100 адамға дейін), бұл академиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігін көрсетеді. PhD кадрларын даярлаудағы өңірлік айырмашылықтарды талдау И қосымшасында көрсетілген елеулі контрасттарды айқындайды, бұл бірқатар артта қалған өңірлерде академиялық инфрақұрылымды күшейту қажеттігін атап көрсетеді.

Осылайша, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау бакалавриатқа тән институционалдық заңдылықтарды қайта өндіреді: кеңістіктік орталықтанудың жоғары дәрежесі, шеткері өңірлердегі академиялық әлеуеттің шектеулілігі және жоғары оқу орындары инфрақұрылымының даму деңгейіне тікелей тәуелділік. Мұндай жағдайда бюджеттік гранттарды бөлу тетігін қайта қарау, өңірлік PhD докторларын даярлау бағдарламаларын қолдауды кеңейту, сондай-ақ үш ірі академиялық агломерациядан тыс жерлерде ғылыми мектептер мен зерттеу орталықтарын құру қажеттілігі туындайды.

Мұндай сын-қатерлер жоғары оқу орындарының кадрлық құрамында ерекше айқын көрінеді. Ресми деректер бойынша, 2023 жылы Алматы университеттеріндегі ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі 60%-дан асты, ал өңірлік жоғары оқу орындарының көпшілігінде бұл көрсеткіш 35–40% шамасында болды [74]. Әсіресе Атырау, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында білікті кадрлар тапшылығы өткір байқалады. Ең үлкен кадрлық алшақтықтар техникалық, жаратылыстану-ғылыми және цифрлық пәндерде байқалады, бұл заманауи зерттеу бағыттарын дамытуға кедергі келтіріп, практикаға бағдарланған білім беру бағдарламаларын енгізуді тежейді. Бұл өз кезегінде өңірлік жоғары оқу орындарының магистратура мен

докторантураны дамытудағы институционалдық мүмкіндіктерін шектеп, олардың сыртқы академиялық ресурстарға тәуелділігін күшейтеді.

Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ) саны соңғы екі онжылдықта бірқалыпты өсім мен кадрлардың кеңістіктік шоғырлану үрдістерін көрсетеді. 2000 жылы елдің жоғары оқу орындарында 29 577 оқытушы жұмыс істесе, 2023 жылға қарай олардың саны 37 391 адамға жетіп, шамамен 26%-ға өсті. Қарастырылып отырған кезеңде жедел өсім фазалары (2000–2007 жж.), тұрақтану кезеңі (2008–2015 жж.) және демографиялық әрі институционалдық факторлармен байланысты ауытқулар (2016 жылдан кейін) байқалды. ПОҚ санының серпініне жоғары білім саласындағы реформалар, қаржыландыру құрылымының өзгеруі, университеттерді басқарудың жаңа модельдерін енгізу және халықаралық аккредиттеу стандарттарына көшу елеулі ықпал етті.

Өңірлік құрылымды талдау елдің ірі қалаларында оқытушылық кадрлардың айқын шоғырланғанын көрсетеді. Алматы қаласы бүкіл бақылау кезеңі ішінде тұрақты көшбасшылығын сақтап келеді: 2000 жылғы 9 377 оқытушыдан 2023 жылы 13 710 оқытушыға дейін өсті. Мұндай басымдық жоғары оқу орындарының кең ауқымының, оның ішінде жетекші ұлттық университеттер мен жеке жоғары оқу орындарының болуымен түсіндіріледі. Елорда – Астана қаласы – одан да жедел серпінді көрсетеді: 2000 жылғы 1 865 оқытушыдан ПОҚ саны шамамен үш есеге өсіп, 2023 жылға қарай 5 190 адамға жетті, бұл академиялық инфрақұрылымның дамуымен және жаңа университеттердің құрылуымен байланысты. Шымкент қаласы да ірі академиялық орталықтардың бірі ретіндегі позициясын сақтап отыр, мұнда 2023 жылы ПОҚ саны 3 435 адамды құрады; тиісті деректер К қосымшасында берілген.

ПОҚ саны бойынша өңірлік айырмашылықтар әлі де елеулі күйінде қалып отыр. Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Павлодар облыстары дәстүрлі түрде оқытушылар құра-

мының жоғары санын көрсетеді, алайда бірқатар жағдайларда 2000-жылдардағы шекті мәндермен салыстырғанда төмендеу тіркеледі, бұл демографиялық құлдыраумен, кадрлардың ірі қалаларға көшуімен, сондай-ақ жоғары оқу орындары желісін оңтайландырумен байланысты болуы мүмкін. Керісінше, Ақтөбе және Түркістан облыстары сияқты өңірлерде бастапқы деңгейі төмен болып қалғанына қарамастан, ПОҚ санының орнықты өсуі байқалады. Жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктер – Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары – статистикалық деректерде тек 2022 жылдан бастап қалыптаса бастады, бұл толыққанды талдауды қиындатады, алайда қазірдің өзінде Абай облысының елеулі кадрлық әлеуетін (2023 жылы 1 205 адам) атап өтуге болады. Осылайша, Қазақстандағы жоғары мектептің профессорлық-оқытушылық құрамының кеңістіктік ұйымдасуы әлі де айқын орталықтанумен сипатталады, сонымен қатар бірқатар өңірлік орталықтарда академиялық кадрлардың біртіндеп нығаюы байқалады. Бұл үрдістер кадрлық қамтамасыз ету жағдайларын теңестіруге және жоғары білімнің өңірлік әлеуетін арттыруға бағытталған одан арғы стратегиялық жоспарлауды талап етеді.


Жағдай оқытушылардың кәсіби өсуіне деген институционалдық уәждің әлсіздігімен, біліктілікті арттыру және академиялық ұтқырлық бағдарламаларының жеткіліксіздігімен қиындай түседі. Бірқатар бағдарламалардың («Болашақ», «500 ғалым» және т.б.) іске асырылуына қарамастан, өңірлік оқытушылардың халықаралық тағылымдамаларға қатысуы төмен деңгейде қалып отыр. Мұндай жағдай олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, ел ішінде бірыңғай академиялық кеңістіктің қалыптасуына кедергі келтіреді.

Осылайша, сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету өңірлер арасындағы кадрлық әлеуетті теңестірмей мүмкін емес. Басым шаралар ретінде мыналар ұсынылады: ауылдық және шалғай жоғары оқу орындарына басымдық бере отырып, өңірлік академиялық ұтқырлық бағдарламаларын енгізу; ПОҚ-тың біліктілігін арттыру бағдарламаларын онлайн-курстар,

тренингтер және халықаралық алмасулар арқылы қаржыландыру; жас ғалымдардың өңірлерге жұмысқа орналасуын гранттар, стипендиялар және қосымша әлеуметтік кепілдіктер беру арқылы ынталандыру. Алайда мұндай бастамалардың іске асырылу мүмкіндігі секторды қаржылық қамтамасыз ету деңгейіне және бюджеттік ресурстарды аумақтық бөлудің тиімділігіне тікелей байланысты. Осы контексте теңгерімді білім беру саясатын қалыптастырудың негізі ретінде жоғары білімге жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың макроэкономикалық және кеңістіктік серпінін қарастыру аса маңызды.

Қазақстандағы жоғары білімді қаржыландыру 2000–2023 жылдар аралығында абсолюттік мәнде тұрақты өсіммен сипатталды, алайда сонымен бірге ЖІӨ құрылымындағы сектор басымдығының салыстырмалы түрде төмендеуі байқалады. Егер 2000 жылы жоғары білімге жұмсалған жиынтық ағымдағы шығыстар шамамен 19,9 млрд теңгені құрап, ЖІӨ-нің 0,8%-ына сәйкес келсе, 2023 жылға қарай қаржыландыру көлемі 738,7 млрд теңгеге дейін өсті, бұл ретте ЖІӨ-дегі үлесі 0,6%-ға дейін төмендеді, бұл 9-суретте көрнекі түрде көрсетілген. Мұндай серпін макроэкономикалық өсім мен жоғары білім секторына салынатын нақты инвестициялар арасындағы диспропорцияның ұлғайып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар бюджеттік ассигнованиелердің кеңістіктік талдауы ресурстардың жекелеген аумақтық аймақтарда тұрақты түрде шоғырлану үрдісін көрсетеді, бұл өңірлер арасындағы бұрыннан бар инсти-туционалдық және академиялық теңгерімсіздіктерді одан әрі күшейтеді.

Қаржылық асимметрияның ең айқын көрінісі – үш ірі қаланың: Алматы, Астана және Шымкенттің басым қаржыландырылуы. 2023 жылы жоғары білімге жұмсалатын барлық шығыстардың 31,5%-дан астамы Алматының үлесіне тиді, ал жекелеген жылдары бұл көрсеткіш 35–38%-ға дейін жетіп, студенттер санының үлесінен де, тиісті жастағы халық санының үлесінен де едәуір асып түсті. Мұндай жағдай тек жоғары оқу орындары мен студенттердің шоғырлануымен ғана емес,



Сурет 9 – Жоғары білімге жұмсалатын ағымдағы шығыстар және олардың 2000–2023 жылдардағы ЖІӨ-дегі үлесі

Ескерту: авторлар құрастырған

сонымен қатар тарихи қалыптасқан академиялық инфрақұрылыммен, жоғары ғылыми белсенділікпен және жетекші университеттердің автономиялық мәртебесімен түсіндіріледі. Астана академиялық орталық ретінде кейінірек қалыптасқанына қарамастан, тұрақты өсім көрсетуде: 2000-жылдардың басындағы 6,5%-дан 2023 жылы 12,6%-ға дейін өсті, бұл ұлттық университеттерді дамытуға салынған инвестициялармен және стратегиялық бастамаларды іске асыруға бағдарланумен байланысты. Республикалық маңызы бар қала мәртебесін алған Шымкент те осы кезеңде бюджетпен қамтамасыз етілу көлемінің 4–5%-дан 14%-ға дейін өсуін көрсетті, бұл жоғары оқу орындары желісінің іріленуімен және даярлау бағдарламаларының кеңеюімен түсіндіріледі.

Алайда ірі қалалардың басымдығы аясында өңірлердің елеулі бөлігі жүйелі түрде жеткіліксіз қаржыландыру жағдайында қалып отыр. Мысалы, 2023 жылы Қарағанды облысының жоғары оқу орындары 48,6 млрд теңге, Павлодар облысы – 18,0 млрд, Шығыс Қазақстан облысы – 17,8 млрд теңге алды, бұған қарамастан бұл өңірлерде өнеркәсіп салалары үшін кадр-

лар даярлауда шешуші рөл атқаратын техникалық және зерттеу университеттері бар. Қаржыландырудың едәуір төмен көлемі Солтүстік Қазақстан облысына (7,7 млрд теңге), Алматы облысына (10,1 млрд), Жетісу облысына (5,3 млрд), Ұлытау облысына (1,7 млрд) тән, бұл академиялық маргиналдану тәуекелдерін қалыптастырып, жас мамандарды аумақтарда бекіту мүмкіндігін шектейді. Тіпті ірі жоғары оқу орындары жұмыс істейтін және өңірлік экономикаға интеграциялану перспективалары бар Ақтөбе, Атырау және Қостанай облыстарында да қаржыландыру үлесі республикалық жоғары білім шығыстарының жалпы көлемінің 3–4%-ынан аспайды.

2000–2023 жылдар аралығындағы жоғары білімге жұмсалатын ағымдағы шығыстардың өңірлік құрылымы Л қосымшасында егжей-тегжейлі көрсетілген, бұл орнықты кеңістіктік асимметрияны анықтауға мүмкіндік береді. Бюджет ағында-рының мұндай шоғырлануы әр нақты жылдағы жоғары білімге жұмсалатын жиынтық шығыстардағы жетекші үш өңірдің үлесін көрсететін CR_3 шоғырлану индексін есептеу арқылы қосымша расталады. Формалды түрде бұл көрсеткіш келесі формуламен анықталады:


$$CR_3^t = \frac{R_{(1)}^t + R_{(2)}^t + R_{(3)}^t}{\sum_{i=1}^n R_i^t} * 100 \quad (1)$$

мұндағы: $R_{(1)}^t, R_{(2)}^t, R_{(3)}^t$ – көшбасшы үш өңірдің шығыстарының мәндері, ал $\sum_{i=1}^n R_i^t - t$ жылындағы барлық өңірлер шығыстарының жалпы сомасы.

Осылайша, CR_3 мәні неғұрлым жоғары болған сайын, бюджеттік қаражатты бөлу моделі соғұрлым орталықтандырылған болып саналады. Қазақстан бойынша 2000–2023 жылдарға арналған есептеулерге сәйкес, CR_3 индексі тұрақты түрде 60% шегінен асып отыр, ал жекелеген жылдары 64–67%-ға дейін жетеді, бұл қаржыландырудың астаналық орталықтарда жүйелі түрде шоғырланғанын көрсетеді және жоғары білім саласын-

да неғұрлым әділ әрі теңестіруші бюджеттік саясаттың қажеттігін айқындайды.

2000–2023 жылдардағы деректер бойынша CR₃ шоғырлану индекcін есептеу Қазақстанда жоғары білімге жұмсалатын шығыстардың орталықтану үрдісінің орнықты екенін растайды. Мәселен, 2023 жылы үш ірі қала – Алматы (232,6 млрд тг), Астана (93,5 млрд тг) және Шымкент (103,9 млрд тг) – жиынтығында шамамен 430 млрд теңгені шоғырландырды, бұл ел бойынша жоғары білімге жұмсалатын ағымдағы шығыстардың жалпы көлемінің (738,7 млрд тг) шамамен 58,2%-ын құрайды. Жекелеген жылдары шоғырлану деңгейі 64%-дан асып түсті, бұл 10-суретте көрсетілгендей, бюджеттік ағындардың айқын поляризациясын және өңірлік жоғары оқу орындарының институционалдық икемділігінің төмендеуін білдіреді. Бюджеттік бөлудің мұндай моделі кеңістіктік теңестірудің стратегиялық мақсаттарына қайшы келеді және шағын әрі шеткері аумақтарда орнықты академиялық инфрақұрылым қалыптастыруға кедергі жасайды.



Сурет 10 – Есептелген CR₃ шоғырлану индексі, %

Ескерту: авторлар құрастырған

Бюджеттік қаржыландырудың өңірлік құрылымын талдау өңірлердің төрт типологиялық тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бірінші топ – ресурстар жинақталатын орталықтар:

Алматы, Астана және Шымкент, олардың үлесіне орта есеппен шығыстардың 60%-дан астамы тиесілі. Екінші топ – тұрақты қаржы алушылар: Қарағанды облысы (48,6 млрд тг), Павлодар облысы (18,0 млрд тг) және Шығыс Қазақстан облысы (17,8 млрд тг), мұнда қаржыландыру білім беру инфрақұрылымы мен студенттер санына сәйкес келеді. Үшінші топ – білімге қолжетімділікті кеңейту қажеттілігіне қарамастан, Солтүстік Қазақстан облысы (7,7 млрд тг), Қызылорда облысы (19,2 млрд тг), Ұлытау облысы (1,7 млрд тг) сияқты созылмалы түрде жеткіліксіз қаржыландырылатын өңірлер. Төртінші топты құрылымдық диспропорциясы бар өңірлер құрайды, мұнда жоғары демографиялық әлеует (мысалы, Түркістан облысында – халықты қамту деңгейі орташадан жоғары болғанына қарамастан 13,4 млрд тг) тиісті бюджеттік қолдаумен сүйемелденбейді. Мұндай айырмашылықтар жүктеме мен жоғары оқу орындарының өңірлік маңызының объективті индикаторларына негізделген теңестіруші қаржыландыру тетіктерін енгізуді талап етеді.

Осылайша, 2000–2023 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жоғары білімді қаржыландырудың кеңістіктік-уақыттық талдауы институционалдық поляризацияның орнықты сипатын және өңірлік жоғары оқу орындарының дамудың стратегиялық субъектілері ретіндегі рөлінің жүйелі түрде төмен бағаланатынын көрсетеді. Цифрлық трансформация және адами капитал үшін бәсекенің күшеюі жағдайында бюджеттік қаражатты бөлудің тарихи қалыптасқан инерциялық моделінен студенттер саны, ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның үлесі, басым білім беру және ғылыми бағдарламаларды іске асыруға қатысу сияқты көрсеткіштерді ескеретін нормативтік-ынталандырушы қаржыландыруға көшу қажет. Сонымен қатар, аумақтық айырмашылықтарды теңестіретін және өңірлік жоғары оқу орындарының елдің интеграцияланған академиялық экожүйесін құруға қатысуын ынталандыратын бюджеттік қамтамасыз етілу индикаторларын енгізу орынды.

2000–2023 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жоғары білімнің өңірлік құрылымына жүргізілген кешенді талдау академиялық жүйенің барлық негізгі құрамдастарын – студенттер саны мен профессорлық-оқытушылық құрамнан бастап қаржыландыру деңгейі мен магистрлік және докторлық бағдарламалардың бөлінуіне дейін қамтитын орнықты әрі терең тамыр жайған аумақтық диспропорцияларды анықтады. Университеттер мен ресурстардың Алматы, Астана және Шымкентте шоғырлануы жоғары білімнің бүкіл архитектурасына айқындаушы ықпал етеді, бұл абсолюттік көрсеткіштерден де (мысалы, 2023 жылы осы қалаларға жоғары білімге жұмсалған барлық шығыстардың 58%-дан астамы тиесілі), сондай-ақ академиялық ортаның сапалық сипаттамаларынан – кадрлық әлеует, ғылыми белсенділік, халықаралық қатысу деңгейінен де көрінеді.

Нормативтік-құқықтық реттеу саласындағы оң өзгерістерге және институционалдық трансформацияға (соның ішінде аккредиттеу, академиялық автономия және цифрландыру) жасалған талпыныстарға қарамастан, қолданыстағы модель әлі де метрополияларға бағдарланған құрылымды қайта өндіруде, ал өңірлердің басым бөлігі білім беру және ғылыми ресурстарға шектеулі қолжетімділік жағдайында қалып отыр. Статистикалық деректер өңірлер арасындағы елеулі алшақтықты көрсетеді: мысалы, Ұлытау, Жетісу және Солтүстік Қазақстан сияқты жекелеген облыстарда студенттер саны мен қаржыландыру көлемі ірі академиялық орталықтармен салыстырғанда 5–10 есе төмен. Бұдан басқа, бұл өңірлердің жоғары оқу орындары қосымша қаржыландыру тартуға немесе ұлттық стратегиялық бастамаларға қатысуға мүмкіндік беретін институционалдық икемділікке ие емес.

Екі онжылдық бойы тұрақты түрде 60%-дан асып отырған шығыстардың шоғырлану индексі (CR₃) академиялық инфрақұрылымға негізгі инвестициялар шектеулі агломерациялар санына бағытталатын бюджеттік орталықтандырудың жүйелі саясатын растайды. Бұл ретте Түркістан, Атырау және Қызы-

лорда облыстары сияқты өңірлерде демографиялық әлеует пен мемлекеттік қаржыландыру деңгейі арасында сәйкессіздік байқалады. Мұндай сәйкессіздіктер жоғары білім жүйесіндегі ресурстарды әділ әрі тиімді бөлудің негіздерін әлсіретіп, жоғары оқу орындарының өңірлік даму мен әлеуметтік теңестірудің жүргізуші күштері ретіндегі ұстанымдарын әлсіретеді.

Болашақта білім беру саясатының жаңа моделін қалыптастыру қажет, оның негізінде академиялық жүктеме, кадрлық әлеует, жоғары оқу орындарының ғылыми және инновациялық белсенділік деңгейі, сондай-ақ олардың өңірлік экономикадағы функционалдық маңызының индикаторлары жатуға тиіс. Мұндай модель студенттер санын ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарының институционалдық ерекшеліктерін және аумақтардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін нормативтік-ынталандырушы қаржыландыру тетіктерін көздеуі керек. Сонымен қатар, өңірлік диспропорцияларды азайтуға бағытталған аумақтық теңестіру құралдарын әзірлеу қажет. Оларға мыналар жатады: өңірлік гранттық бағдарламалар, жас оқытушыларды қолдау шаралары, шалғай жоғары оқу орындарында цифрлық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ университеттердің жергілікті инновациялық және өндірістік экожүйелерге интеграциялануын ынталандыру.


Жоғары оқу орындарына орнықты аумақтық дамудың катализаторлары рөлін бекіту тек ресурстық қолдауды ғана емес, сонымен бірге олардың стратегиялық маңызын институционалдық тұрғыдан қайта бағалауды да талап етеді. Құрылымдық поляризацияны еңсеру тек білім беру саясатын сандық өсуден сапалы әрі теңгерімді өсуге, яғни өңірлік ерекшелік пен адами капиталды дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына негізделген үлгіге қайта бағдарлау жағдайында ғана мүмкін болады. Жоғары білім тек ұлттық және жаһандық еңбек нарығы үшін кадрлар даярлау құралы ғана емес, сонымен бірге цифрлық дәуірмен күшейіп келе жатқан бәсеке сын-қатерлеріне жауап бере алатын өңірлердің зияткерлік және кәсіби әлеуетін қалыптастырудың негізі болуы тиіс.

2.2 Жоғары білім жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету тәсілдері

Ғылыми зерттеулердің интернационалдануы және жоғары білікті кадрлар үшін бәсекенің артуы университеттер мен ұлттық ғылыми жүйелердің бәсекеге қабілеттілігі үшін ғылыми-зерттеу қызметінің (бұдан әрі – ҒЗҚ) сапасы мен нәтижелілігінің шешуші маңызын айқындайды. Қазақстан үшін бұл көрсеткіштердің стратегиялық маңызы зор, өйткені олар экономиканы әртараптандыру, технологиялық егемендікті қамтамасыз ету және адами капиталды дамыту міндеттерімен тікелей байланысты. 2023 жылы бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы елдің ғылыми әлеуетін нығайтуға, зерттеу инфрақұрылымын жаңғыртуға және Қазақстанды жаһандық ғылыми кеңістікке кіріктіруге бағдарланған [77].

Негізінен жарияланымдар саны, дәйексөз келтіру индексі сияқты сандық көрсеткіштерге сүйенетін ғылыми қызметті бағалаудың дәстүрлі модельдері зерттеулердің нақты ғылыми үлесі мен әлеуметтік-экономикалық әсерін толық көрсету тұрғысынан шектеулі екенін аңғартады. «Leiden Manifesto», DORA, Фраскати нұсқаулығы және «ашық ғылым» қағидаттары сияқты халықаралық бастамалар ғылыми жұмыстың сапалық, пәнаралық және қоғамдық маңызы бар қырларын ескеретін кешенді тәсілдерді ұсынады [78,79,80,81]. Осы контексте ҒЗҚ сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету тәсілдерін халықаралық стандарттарды ғана емес, сонымен бірге қаржыландыру ерекшеліктерін, адами капитал құрамын, институционалдық мәдениетті және ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарын қамтитын ұлттық контексті ескере отырып қайта пайымдау қажетті болып табылады. Жаңа тәсілдерге көшу бағалау индикаторлары мен зерттеушілерді ынталандыру тетіктерін трансформациялауды, зерттеу экожүйелерін дамытуды, халықаралық ынтымақтастықты күшейтуді және ғылымды басқарудың цифрлық құралдарын енгізуді талап етеді.

11-суретте ҒЗҚ сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етудің тұтас моделін қалыптастыратын негізгі бағыттар ұсынылған.




Сурет 11 – ҒЗҚ сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары

Ескерту: авторлар құрастырған

Сурет ғылыми-зерттеу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етудің заманауи жүйесін қалыптастыратын төрт бағытты көрсетеді. Негізгі бағыттар ретінде мыналар айқындалады: (1) бағалаудың кешенді көрсеткіштері; (2) пәнаралықты қолдау, ғылым мен бизнесті ықпалдастыру және адами капиталды нығайту арқылы зерттеу экожүйелерін дамыту; (3) ұлттық және институционалдық CRIS-жүйелерін және ғылыми-метриялық талдау платформаларын енгізу арқылы ғылымды басқаруды цифрландыру; сондай-ақ (4) репозиторийлерді дамытуды, жарияланымдарға ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуді және рецензиялаудың ашықтығын арттыруды көздейтін ашық ғылым қағидаттары. Осы бағыттардың жиынтығы бағалаудың дәстүрлі модельдерінен ҒЗҚ сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесіне сәйкес келетін, сандық және сапалық индикаторларды ықпалдастыруға негізделген кешенді тәсілге көшуді көрсетеді.

Бағалаудың кешенді көрсеткіштері дәстүрлі және жаңа метрикаларды ұштастырады, соның ішінде библиометриялық көрсеткіштерді (жарияланымдар саны, дәйексөз келтіру индексі, Хирш индексі), альтметрикаларды (әлеуметтік медиада, блогтарда, жаңалықтарда және т.б. аталымдар), сондай-ақ зерттеулердің әлеуметтік-экономикалық салаға, білім беруге, денсаулық сақтауға және саясатқа ықпалын сипаттайтын индикаторларды (*societal impact*) қамтиды. Қосымша түрде ғылыми белсенділікті жаһандық желілер контекстінде бағалауға мүмкіндік беретін пәнаралық және халықаралық коллаборация көрсеткіштері ескеріледі.

12-суретте елдердің ғылымиметриялық көрсеткіштер бойынша халықаралық салыстырмалы позициялары ұсынылған.



Сурет 12 – Scimago Journal & Country Rank деректері бойынша 1996–2024 жылдар аралығындағы ғылымиметриялық көрсеткіштер бойынша елдердің халықаралық рейтингі

Ескерту: авторлар құрастырған

Ұсынылған сызбаға сәйкес, жетекші орынды ең көп жарияланым көлемін жоғары Хирш индексімен ұштастыратын АҚШ иеленеді, бұл оның жаһандық ғылымдағы орнықты ықпалын көрсетеді. Өз кезегінде, Қытай жарияланымдар саны бойынша

екінші орынды алады, алайда H-index көрсеткіші төменірек, бұл зерттеулер ауқымы мен олардың дәйексөзделуі арасындағы теңгерімсіздікті білдіреді. 2020 жылдан бастап Қытай ғылыми жарияланымдар көлемі бойынша АҚШ-тан сандық тұрғыдан басымдық көрсете бастады, ал 2024 жылы бұл айырмашылық шамамен 1,6 есе болды. Ұлыбритания, Германия, Канада және Жапония жоғары өнімділікті жоғары дәйексөзделумен ұштастыратын теңгерімді көрсеткіштер көрсетеді. Қазақстанда жарияланымдар саны да, Хирш индексі де салыстырмалы түрде төмен деңгейде, бұл жарияланымдық белсенділікті және академиялық ықпалды стратегиялық тұрғыдан арттыру қажеттігін растайды.

Ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыру зерттеулер сапасын қамтамасыз етудің құралы болып табылады және ұлттық та, халықаралық та көздер есебінен қалыптасады. 12-кестеде абсолюттік мәндер мен тізбекті өсім қарқындарын көрсете отырып, қазақстандық жарияланымдарды қаржыландыратын негізгі ұйымдар бойынша деректер ұсынылған.

Кесте 12 – Қазақстандық жарияланымдарды қаржыландыратын топ-10 ұйым (Scopus базасының деректері бойынша)

Ұйым	2014	2019	2024
ҚР ҒЖБМ (бұрынғы ҚР БҒМ)	81	716 (784,0%)	2851 (298,2%)
Назарбаев Университеті	7	207 (2857,1%)	497 (140,1%)
Ресей ғылыми қоры	0	48	126 (162,5%)
Қытайдың Ұлттық жаратылыстану ғылымдары қоры	5	74 (1380,0%)	123 (66,2%)
Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі	8	54 (575,0%)	79 (46,3%)
Еуропалық комиссия	21	34 (61,9%)	69 (102,9%)
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	0	3	68 (2166,7%)
ЕО-ның «Horizon» негіздемелік бағдарламасы	17	43	63 (46,5%)

Ұлыбританияның Зерттеулер және инновациялар агенттігі (UK Research and Innovation)	4	11 (175,0%)	40 (263,6%)
Ресейдің іргелі зерттеулер қоры	20	86 (330,0%)	14 (-83,7%)
Қытайдың Ұлттық негізгі ғылыми зерттеулер және әзірлемелер бағдарламасы	5	10 (100,0%)	36 (260,0%)

Ұсынылған деректерге сәйкес, ҚР ҒЖБМ (бұрынғы ҚР БҒМ) қаржыландыратын жарияланымдар санының айтарлықтай өскені байқалады. Атап айтқанда, 2014 жылғы 81 жарияланымнан 2019 жылы 716 жарияланымға дейін өсіп, 2024 жылы көрсеткіш 2851 жарияланымға жетті. Бұл серпін ғылыми белсенділікті ынталандыруға, гранттық бағдарламаларды кеңейтуге және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігіне қойылатын талаптарды халықаралық стандарттарға сәйкес арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты көрсетеді. Сонымен қатар, 2024 жылы ҚР ҒЖБМ қаржыландырған жарияланымдардың үлесі қазақстандық жарияланымдардың жалпы санының 53%-ын құрады. Бұдан бөлек, ҚР ҒЖБМ қаржыландырған жарияланымдар үлесі 2014 жылғы 21%-бен және 2019 жылғы 31%-бен салыстырғанда өсті, бұл ғылыми зерттеулерді қолдауда ұлттық қаржыландыру рөлінің күшейгенін және мемлекеттік ғылыми саясат айқындаған басым бағыттарда ресурстардың шоғырланғанын көрсетеді. Назарбаев Университеті де жарияланымдық белсенділіктің орнықты оң серпінін көрсетіп, 2014 жылғы 7 жарияланымнан 2019 жылы 207-ге және 2024 жылы 497-ге дейін арттырды. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан қаржыландырылған жарияланымдардың 2014 жылы мүлде болмауы және 2019 жылы небәрі үш жарияланым ғана тіркелуі 2024 жылы 68 жарияланымға дейінгі елеулі өсіммен (+2166,7%) ауысты, бұл аграрлық ғылым мен ауыл шаруашылығы саласындағы басым бағыттардың дамуын көрсетеді.


Халықаралық ынтымақтастықты дамыту контексінде қазақстандық ғалымдардың жарияланымдарын қаржыландыру-

дағы негізгі стратегиялық серіктестері Еуропалық одақ, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы және Ұлыбритания бағдарламалары болып табылады. Шетелдік ұйымдардың қатысуы елдің халықаралық зерттеу портфелінің елеулі бөлігін қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге бірлескен жарияланымдар санының өсуіне және Қазақстанның жаһандық ғылыми кеңістіктегі позициясының нығаюына ықпал етеді. Қазақстандық ғалымдардың шетелдік қорлармен ынтымақтас-тығының оң серпіні олардың трансұлттық зерттеу желілеріне белсенді түрде кірігуін көрсетеді, бұл озық әдіснамаларға, за-манауи зертханаларға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, жоға-ры рейтингті журналдарда жариялану мүмкіндіктерін кеңей-теді.

Осылайша, жарияланымдарды қаржыландыру құрылымы мен серпіні Қазақстандағы ғылыми дамудың ішкі басымдықта-рын ғана емес, сонымен бірге халықаралық тартылу деңгейімен де тығыз байланысты екенін көрсетеді. Қаржы қаражатының елеулі бөлігі шетелдік ұйымдар мен бірлескен бағдарламалар-дан түседі, бұл ғылыми байланыстардың кеңеюіне және қазақс-тандық зерттеушілердің жаһандық ғылыми кеңістікке интегра-циялануына тікелей ықпал етеді.

Халықаралық ынтымақтастық қазақстандық зерттеулердің ғылыми өнімділігі мен дәйексөзделуін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Жарияланымдардың серіктес елдер бойынша бөлінуін талдау Қазақстанның қай мемлекеттермен неғұрлым белсенді зерттеу байланыстары бар екенін және ғы-лыми коллаборацияның қай бағыттарда қарқынды дамып жат-қанын анықтауға мүмкіндік береді. 13-суретте Қазақстанның ғылыми жарияланымдардағы халықаралық коллаборациясы-ның географиясы ұсынылған.

Қазақстанның халықаралық ғылыми ынтымақтастығы құ-рылымын талдау бірлескен авторлықтағы жарияланымдық белсенділіктің 130-дан астам елді қамтитынын көрсетеді, алай-да сонымен бірге коллаборациялардың шектеулі негізгі серік-тестер санына жоғары деңгейде шоғырланғаны байқалады.



Сурет 13 – Қазақстанның 2024 жылғы ғылыми жарияланымдар бойынша елдермен халықаралық коллаборациясы, Scopus базасының деректері бойынша


Ескерту: сызбада қою көк түс жарияланымдар санын көрсетеді (реңк неғұрлым қанық болса, жарияланымдар саны соғұрлым көп), ал сұр түс бірлескен жарияланымдардың жоқтығын білдіреді.

Бірлескен жарияланымдардың ең көп саны Ресей Федерациясы ғалымдарымен тіркелген (1357 жарияланым), бұл пост-кеңестік кеңістіктегі ғылыми байланыстардың тарихи және институционалдық сабақтастығын көрсетеді. Стратегиялық маңызы бар серіктестер қатарында АҚШ (531), Қытай (491), Түркия (414), Украина (362), Ұлыбритания (351), Үндістан (341) және Польша (310) ерекшеленеді, бұл ғылыми өзара іс-қимыл векторының әртараптандырылғанын және әртүрлі өңірлік ғылыми желілерге интеграцияны білдіреді.

Еуропалық бағыт Германияның (299), Италияның (261), Францияның (203) және Испанияның (175) ғылыми орталықтары мен университеттерімен орнықты ынтымақтастықпен сипатталады. Азиядағы серіктестер де, Қытайдан бөлек, маңызды орын алады: Өзбекстан (298), Сауд Арабиясы (239), Пәкістан (206), Иран (197), Малайзия (151) және Оңтүстік Корея (150), бұл Қазақстанның өңірлік ғылыми-зерттеу бастамаларындағы рө-

лінің артып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Африка, Латын Америкасы және Океания мемлекеттерімен өзара іс-қимыл әлі де эпизодтық сипатта қалып отыр (1–10 жарияланым), бұл ғылыми байланыстар географиясын кеңейту әлеуетінің бар екенін аңғартады. Жалпы алғанда, бұл Қазақстанның халықаралық коллаборациясы көпполярлы форматта дамып жатқанын растайды.

Осылайша, халықаралық ынтымақтастық ғылыми қызметтің сапалық көрсеткіштерімен тығыз байланысты, өйткені ол қосымша ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жарияланымдар аудиториясын кеңейтеді және ғылыми ықпалдың артуына ықпал етеді. Алайда нәтижелілікті кешенді бағалау үшін серіктестіктер ауқымын ғана емес, сонымен бірге жарияланымдық белсенділік көлемі мен дәйексөзделу деңгейі сияқты сандық метрикаларды да ескеру қажет. Жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделу деңгейі халықаралық байланыстардың кеңеюі мен қаржыландыру көлемінің артуы ғылыми кеңістікке нақты үлеске қаншалықты айналып жатқанын анықтауға мүмкіндік береді. 14-суретте қазақстандық зерттеушілердің жарияланымдық белсенділігі мен дәйексөзделу динамикасы ұсынылған.



Сурет 14 – Scopus дереккөры бойынша 2000–2024 жылдардағы жарияланымдар мен дәйексөздер

Ескерту: авторлар құрастырған


Ұсынылған деректер 2000–2024 жылдар кезеңінде қазақстандық жарияланымдардың ғылыми өнімділігі мен дәйексөзделуінің өскенін көрсетеді. Бірінші онжылдықта (2000–2010 жж.) жарияланымдық белсенділік те, дәйексөзделу де өте төмен және іс жүзінде өзгеріссіз деңгейде болды, бұл ұлттық ғылымның халықаралық зерттеу кеңістігіне тартылуының шектеулі болғанын білдіреді.

2015 жылдан бастап жарияланымдар санының тұрақты өсуі тіркеледі, бұл ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың жандануымен, гранттық тетіктердің енгізілуімен және Scopus пен Web of Science базаларында индекстелетін журналдардағы жарияланымдарға қойылатын талаптардың күшеюімен сәйкес келеді. 2018 жылдан бергі жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделудің қарқынды өсуі зерттеу базасының және халықаралық коллаборациялардың едәуір кеңейгенін көрсетеді. Барлық жарияланымдардың 38,5%-ы ашық қолжетімділікке ие, бұл ашық ғылым тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Дәйексөзделу динамикасы жарияланымдық белсенділіктің жалпы үрдісін қайталайды, бірақ 2018 жылдан кейін айқын үдеумен байқалады, бұл жұмыстардың ғылыми көрінімділігі мен сапасының артқанын дәлелдейді. Бір қызығы, 2024 жылы жарияланымдар саны 2023 жылмен салыстырғанда аздап төмендегеніне қарамастан, дәйексөзделу өсуді жалғастыруда, бұл жинақтаушы әсерді және алдыңғы жылдардағы жарияланымдардың ұзақ мерзімді ғылыми ықпалын көрсетеді.

Жалпы алғанда, жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделуді талдау Қазақстанның ғылыми кеңістіктегі позицияларының тұрақты түрде нығайып келе жатқанын көрсетеді, бұған қаржыландыру көздерінің көбеюі де, халықаралық коллаборацияның кеңеюі де ықпал етуде. Алайда ғылыми зерттеулердің қолданбалы әлеуетінің маңызды көрсеткіші тек жарияланымдар саны ғана емес, сонымен қатар нәтижелерді зияткерлік меншіктің қорғалатын нысандарына айналдыру қабілеті болып табылады. Патенттік белсенділік технологиялық инновациялылық дәрежесін және ғылымның практикалық енгізілуге

бағдарлануын көрсетеді. 15-суретте Қазақстандағы 2000–2023 жылдар аралығындағы патенттік өтінімдер беру динамикасы ұсынылған, бұл ғылыми қызметтің инновациялық құрамдас бөлігінің дамуын бағалауға мүмкіндік береді.




Сурет 15 – 2000–2023 жылдар аралығындағы патентке өтінімдер беру динамикасы

Ескерту: авторлар құрастырған

Деректер 2000–2023 жылдар аралығындағы патентке өтінімдер беру динамикасын көрсетеді. Талданып отырған кезеңнің бірінші жартысында (2000–2014 жж.) көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты болып, жылына 1400–2000 өтінім аралығында ауытқып отырды. 2013 және 2014 жылдары берілген өтінімдер саны бүкіл бақылау кезеңіндегі ең жоғары мәндерге жақындады. 2015 жылдан бастап айқын төмендеу үрдісі байқалады: өтінімдер саны ең жоғары мәндермен салыстырғанда екі еседен астам қысқарып, 2018 жылы 1000-нан төмен деңгейге жетті. 2020–2023 жылдары патенттік белсенділік қарастырылып отырған кезеңдегі ең төмен мәндерде тұрақтанып, жылына 800-ден аз өтінімді құрады. Мұндай төмендеу ұлттық инновациялық саясаттағы өзгерістермен, қолданбалы зерттеулерді қаржыландырудың қысқаруымен, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға қатысты институционалдық кедергілермен байланысты болуы мүмкін.

Анықталған үрдістерді ескере отырып, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін қарастыру аясын кеңейтіп, университеттер мен ғылыми ұйымдардың алынған нәтижелерді маңызды ғылыми ықпалға қаншалықты айналдыра алатынын талдауды енгізу орынды. Бұл үшін сандық және сапалық параметрлерді ұштастыратын кешенді бағалау қажет. Жоғары оқу орындарының жарияланымдық белсенділігі мен ғылыми ықпалын талдау көбінесе сандық және сапалық көрсеткіштерді салыстыруды талап етеді. Хирш индексі (H-index) бір мезгілде жұмыстардың өнімділігі мен дәйексөзделуін көрсетсе, мақалалардың жалпы саны зерттеу қызметінің көлемін сипаттайды. Осы көрсеткіштерді салыстыру жоғары ғылыми өнімділік деңгейін айқын академиялық ықпалмен ұштастыратын университеттерді анықтауға мүмкіндік береді. 16-суретте Scopus базасының деректері бойынша қазақстандық университеттердің H-index пен мақалалар саны арасындағы өзара байланысы ұсынылған.



Сурет 16 – Scopus дерекқоры негізінде Хирш индексі (H-index) мен мақалалар саны арасындағы өзара байланыс

Ескерту: авторлар құрастырған

Талдауға 2025 жылғы 11 тамыздағы жағдай бойынша Хирш индексі 26-дан жоғары 21 университет енгізілді. Деректер қазақстандық университеттердің Хирш индексі (H-index) мен ғылыми мақалалар саны арасында оң өзара байланысты көрсетеді, бұл жоғары корреляциямен ($r \approx 0,91$) расталады. Жарияланымдар көлемі ең жоғары университеттер, әдетте, неғұрлым жоғары H-index көрсеткішіне де ие, бұл жарияланымдық белсенділіктің қарқындылығы мен елеулі академиялық ықпалдың ұштасуын көрсетеді.

Университеттердің H-index және жарияланымдар саны көрсеткіштері бойынша бөлінуін талдау ғылыми өнімділік пен ықпалдың әртүрлі модельдерін анықтауға мүмкіндік береді. Ең жоғары Хирш индексі Назарбаев Университетінде тіркелген (H-index = 129; 9980 мақала), бұл дәйексөзделудің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар халықаралық көрінімділігі жоғары салалардағы зерттеулердің шоғырлануын да көрсетеді. Сонымен қатар, жарияланымдар көлемі бойынша бірінші орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті иеленеді (12 013 мақала; H-index = 99), бұл бір жарияланымға шаққандағы орташа дәйексөздік әсері сәл төмендеу болғанымен, жоғары жарияланымдық белсенділікті көрсетеді.

Бір қызығы, медициналық жоғары оқу орындары салыстырмалы түрде аз жарияланым көлемінде анағұрлым жоғары H-index көрсеткішін көрсетеді (мысалы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (1615 мақала; H-index = 69), Семей медицина университеті (610 мақала; H-index = 34), Астана медицина университеті (1155 мақала; H-index = 29), Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы (385 мақала; H-index = 26). Алынған деректер зерттеу белсенділігі негізінен қолданбалы және клиникалық жобаларға шоғырланғанын болжауға мүмкіндік береді, өйткені олар практикалық қолдандудың елеулі әлеуетімен және әлемдік ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары қызығушылықпен сипатталады.

Талдау жарияланымдар көлемі H-index-ті айқындайтын маңызды, бірақ жалғыз фактор емес екенін растайды: оның өсуі

үшін тек көптеген зерттеулер ғана емес, сонымен қатар жоғары дәйексөзделетін зерттеулер де қажет. Осылайша, Қазақстанның жаһандық ғылыми кеңістіктегі позицияларын нығайту үшін сандық көрсеткіштердің өсуін зерттеу жұмыстарының сапасын жүйелі түрде арттырумен стратегиялық тұрғыдан ұштастыру маңызды.

Альтметрика ғылыми белсенділікті бағалаудың қосымша құралы ретінде әрекет етеді, ол зерттеу нәтижелеріне дәстүрлі емес ақпарат көздеріндегі қызығушылықты тіркейді (мысалы, X, Facebook, LinkedIn, Mendeley). Альтметрика ғылыми коммуникацияның жаңа арналарын, соның ішінде бейне форматтарды, білім беру платформаларын және кәсіби қауымдас-тықтардың форумдарын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда альтметриялық көрсеткіштер автоматтандырылған белсенділік (боттар) немесе мақсатты ілгерілету есебінен мәндердің жа-санды түрде ұлғаю қаупімен байланысты, осыған байланысты олар дәстүрлі метрикалармен және тәуелсіз сараптамалық ба-ғалаумен үйлестіре отырып қолданылады. 13-кестеде альтмет-риялық платформаларға салыстырмалы шолу ұсынылған.

Кесте 13 – Альтметриялық платформаларға салыстырмалы шолу және оларды Қазақстанда ғылыми нәтижелілікті бағалау үшін қолдану

Құрал / Платформа	Сипаттамасы
Altmetric.com (Altmetric Attention Score)	Әлеуметтік желілердегі, БАҚ-тағы, блогтардағы, Wikipedia-дағы, саяси құжаттардағы аталымдарды есепке алады. Қамту ауқымы кең және деректерді визуализациялай алады. Сайтта ақылы жазылым бар және қолжетімділік шектеулі.
PlumX Metrics (Elsevier, Scopus)	Қолданылуын, қамтылуын (Mendeley), аталымдар-ды (БАҚ, блогтар, әлеуметтік желілер), дәйексөз-дерді есепке алады. Сайт Scopus жүйесіне интегра-цияланған және кешенді есеп қалыптастырады.
Dimensions (Digital Science)	Дәйексөздерді және альтметрикаларды (әлеумет-тік желілер, патенттер, хаттамалар) есепке алады. Сайтқа қолжетімділік ішінара ақылы.

ImpactStory / OurResearch	Әлеуметтік желілерді, блогтарды, Wikipedia-ны есепке алады (тегін альтметрика). Сайттың қамту ауқымы шектеулі.
Crossref Event Data	DOI бойынша әлеуметтік желілердегі, блогтардағы, Wikipedia-дағы аталымдарды есепке алады. Сайт техникалық интеграцияны талап етеді. Пайдалану тегін.


Альтметрикалар ғылымның қоғамдық және медиалық ке-
нiстiкте көрiнуiн мониторингтеудiң құралына айнала алады. Альтметрикаларды енгiзу дәстүрлi көрсеткiштердi (Scopus, WoS) неғұрлым икемдi бағалау жүйесiмен толықтыруға мүм-
кiндiк бередi. Мысалы, қандай зерттеулердiң бұқаралық ақ-
парат құралдарында, әлеуметтiк желiлерде немесе саяси құ-
жаттарда үн қататынын қадағалауға болады. Сонымен қатар,
альтметрикаларды қаржыландыру тиiмдiлiгiн бағалау үшiн,
яғни жарияланымдар санын ғана емес, олардың қоғамға ық-
палын да бақылау, әлеуметтiк және экономикалық қайтарымы
жоғары басым бағыттарды айқындау мақсатында пайдалануға
болады.

Зерттеу экожүйелерін дамыту

Жоғары сапалы зерттеулер үшiн зерттеу экожүйесi қажет,
ол пәнаралық жобаларды қолдауды, дамыған инфрақұрылымы
бар орнықты ғылыми мектептердi қалыптастыруды, ғылымды
өнеркәсiппен және бизнеспен ықпалдастыруды, сондай-ақ ғы-
лыми кадрларды жүйелi даярлауды қамтиды.

17-суретте осы iрiлендiрiлген санаттар бойынша жарияла-
нымдардың сандық бөлiнiсi ұсынылған.


Пәнаралық жарияланымдар саны дәстүрлi салаларға қара-
ғанда төмен болып, жалпы көлемнiң шамамен 3%-ын құрайды,
бұл пәндiк тұрғыдан ұйымдастырылған зерттеулердiң пай-
дасына сақталып отырған құрылымдық ауытқуды көрсетедi.
Мұндай диспропорция пәнаралық бастамаларды институцио-
налдық қолдаудың жеткiлiксiздiгiн де, сондай-ақ оларды дәс-
түрлi ғылыми индекстер мен дерекқорлар шеңберiнде формал-
ды жiктеудiң қиындығын да бiлдiруi мүмкiн.



Сурет 17 – Scopus дерекқорының мәліметтері бойынша 2000–2024 жылдар аралығындағы білімнің ірілендірілген салалары бойынша ғылыми жарияланымдардың бөлінісі

Ескерту: авторлар құрастырған

Ұлттық ғылымды дамытудың маңызды индикаторы зерттеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасына салынатын инвестициялар деңгейі болып табылады. 18-суретте Қазақстандағы 2022–2024 жылдар аралығындағы ғылыми жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындар туралы деректер берілген (ертеректегі кезеңдер бойынша деректер жоқ).



Сурет 18 – 2022–2024 жылдар аралығындағы ғылыми жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындар, мың теңге

Ескерту: авторлар құрастырған

Талдау көрсеткендей, инвестициялардың ең үлкен көлемі Алматы қаласына (2024 жылы 17,2 млрд ₸) және Астана қаласына (4,9 млрд ₸) тиесілі, бұл республикалық маңызы бар осы қалаларда ғылыми инфрақұрылымның жоғары деңгейде шоғырланғанын көрсетеді. Елеулі шығындар сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Ақмола облыстарында, сондай-ақ Абай облысында байқалады. Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарын қоса алғанда, бірқатар өңірлерде ғылыми жабдық сатып алуға жұмсалатын шығындар ең төмен деңгейде қалып отыр, ал Түркістан және Ұлытау облыстарында мұндай шығындар мүлде жоқ. Мұндай жағдай елдегі ғылымның материалдық-техникалық базасын дамытуда елеулі теңгерімсіздік бар екенін көрсетеді.


Ашық ғылым қағидаттары

Ашық ғылым қағидаттары ашық репозиторийлерді, ашық қолжетімді жарияланымдарды және ашық рецензиялауды қамтиды. Қазіргі уақытта OpenDOAR репозиторийлерінің әлемдік базасында Қазақстанның 9 университеті мен 2 академиясы тіркелген. Алғашқылардың бірі болып Гумилев атындағы ЕҰУ репозиторийі (2013 ж.), Алматы Менеджмент Университеті (2015), Назарбаев Университеті (2016) тіркелді. Сонымен қатар, кейбір университеттердің тіркелмеген репозиторийлері де бар (мысалы, Жәңгір хан университеті).

19-суретте 2000–2024 жылдар аралығындағы қазақстандық зерттеушілер жарияланымдарының ашық және шектеулі қолжетімділік форматтарындағы динамикасы ұсынылған.

Талдау 2000–2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстандағы жарияланымдық белсенділіктің ашық және шектеулі қолжетімділік тұрғысынан трансформациясын көрсетеді. 2000 жылдан 2012 жылға дейінгі кезеңде жарияланымдық белсенділік төмен деңгейде қалып, шектеулі қолжетімді мақалар басым болды. 2013 жылдан бастап, негізінен шектеулі қолжетімді журналдардағы жарияланымдар санының елеулі өсуі байқалады, бұл халықаралық жарияланымдық белсенділікті ынталандыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың жандануымен өзара бай-

ланысты. 2020 жылдан бастап шектеулі қолжетімді жарияланымдардың тоқырауы тіркеледі.



Сурет 19 – 2000–2024 жылдар аралығындағы қазақстандық зерттеушілер жарияланымдарының ашық және шектеулі қолжетімділіктегі динамикасы

Ескерту: авторлар құрастырған

Ашық қолжетімді жарияланымдарға қатысты айтсақ, 2012–2013 жылдардан бастап олар тұрақты өсім көрсетуде. 2022 жылы ашық қолжетімді жарияланымдар саны алғаш рет жабық жарияланымдар санынан асты. 2024 жылға қарай ашық қолжетімді мақалар үлесі 55%-ға жетеді. Бұл өзгерістер ғылыми қауымдастықтың «ашық ғылым» моделіне көшуінің жаһандық трендін көрсетеді.

Ашық ғылымды іске асыру цифрлық платформалар, репозиторийлер, дерекқорлар, талдамалық құралдар және ғылыми ресурстарды интеграциялау мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ететін идентификаторлар жүйесі (DOI, ORCID, ROR) сияқты инфрақұрылымсыз мүмкін емес. Осылайша, ашық ғылым жаңа парадигманы қалыптастырады, онда біліммен еркін алмасу тек этикалық норма ғана емес, сонымен қатар ғылым-техникалық прогресті жеделдетудің, зерттеулердің қайта өнді-

рілуін арттырудың және ғылым мен қоғам арасындағы сенімді нығайтудың факторы болып табылады.

Ғылымды басқаруды цифрландыру


Ғылымды басқаруды цифрландыру ұлттық және институционалдық CRIS-жүйелерін (Current Research Information Systems), ғылымиметриялық платформаларды, деректерді талдау мен визуализациялау құралдарын, сондай-ақ PIDs (ORCID, DOI, ROR) арқылы жарияланымдар мен жобалар туралы ақпаратты автоматтандырылған жинауды енгізуді қамтиды. 2025 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанда 26635 белсенді ORCID есептік жазбасы тіркелген, бұл қазақстандық ғылыми қауымдастықтың зерттеушілерді сәйкестендірудің жаһандық жүйесіне жеткілікті жоғары деңгейде тартылғанын көрсетеді.

Цифрландырудың негізгі элементі ұлттық және институционалдық деңгейлерде қолданылатын CRIS-жүйелері (Current Research Information Systems) болып табылады. Бірыңғай цифрлық платформа құрылған жағдайда зерттеу нәтижелері, гранттар, жабдықтар, патенттер, ғылыми іс-шаралар және жоба қатысушылары туралы мәліметтер бір жерде жинақталуы мүмкін. Мұндай платформа ORCID (ғалымдар үшін), DOI (жарияланымдар мен деректер жиынтықтары үшін) және ROR (ұйымдар үшін) сияқты тұрақты идентификаторларды (PIDs) пайдалану арқылы деректердің өзара байланысын қамтамасыз етеді, бұл ақпарат жинауды автоматтандыруға және қайталану қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектіні ғылымды басқару үдерістеріне енгізу зерттеу экожүйесінің тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашатын заманауи трендке айналуда. Жасанды интеллект өтінімдер тақырыбына сәйкес рецензенттерді автоматты іріктеу, мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларын анықтау, жобалардың табыстылығын предиктивті талдау, сондай-ақ перспективалы ғылыми бағыттарды айқындау үшін қолданылуы мүмкін. Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану жарияланымдар, гранттар және коллаборациялар ту-

ралы үлкен деректерді өңдеуге мүмкіндік береді, бұл ғылыми қызметті неғұрлым объективті және ашық бағалауға ықпал етеді. Сонымен бірге, ЖИ-ді пайдалану нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуді, дербес деректерді қорғауды және зерттеушілер мен әкімшілердің цифрлық сауаттылығын арттыруды талап етеді.

Қазақстандағы ғылыми-зерттеу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету жүйесі ұлттық нормативтік-құқықтық талаптардың, университеттердің институционалдық стратегияларының және ғылымиметрия мен академиялық бедел саласындағы халықаралық бағдарлардың тоғысында қалыптасты. ҒЗҚ сапасын қамтамасыз ету құрылымы реттеудің ұлттық деңгейін, университеттер ішіндегі институционалдық тетіктерді және зерттеушілердің жеке стратегияларын қамтиды (20-суретті қараңыз).



Сурет 20 – Ғылыми-зерттеу қызметінің сапасын қамтамасыз ету деңгейлері

Ескерту: авторлар құрастырған

Жоғарыда келтірілген схема Қазақстандағы ғылыми-зерттеу қызметінің сапасын қамтамасыз етудің көпдеңгейлі тәсілін

көрсетеді. Модель үш деңгейді қамтиды: (1) ұлттық деңгей (нормативтік реттеу, қаржыландыру, халықаралық рейтингтер), (2) институционалдық деңгей (ғылыми инфрақұрылым, КРІ, ішкі гранттар) және (3) жеке деңгей (жеке КРІ, жобалар мен конференцияларға қатысу, зерттеушілік құзыреттерді дамыту), бұл ғылыми жұмыстың нәтижелілігін кешенді басқаруға және арттыруға мүмкіндік береді.

2.3 Қазақстандағы ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелілігінің деңгейін бағалау

Бүгінгі таңда қазіргі университеттердегі профессорлық-оқытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОҚ) ғылыми-зерттеу қызметі академиялық беделді қалыптастыруда, адами капиталды дамытуда және ғылыми білімді таратуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. ЮНЕСКО баяндамасына сәйкес, жасыл көшу мен цифрландыру жағдайында ғылыми қызметтің тиімділігі орнықты дамудың жүйекұраушы элементіне айналады, бұл өтпелі экономикасы бар елдер, соның ішінде Қазақстан үшін ерекше өзекті [82]. Бірқатар елдерде байқалып отырған ғылым мен инновациялар саласына инвестициялар көлемінің артуы жаһандық деңгейде ғылыми нәтижеліліктің саралануын күшейтуге алып келеді [82]. Ғылыми артықшылық үшін жаһандық бәсеке жағдайында Қазақстанда ғылыми-зерттеу қызметін бағалау мен ынталандырудың тиімді тетіктерінің болмауы ұлттық ғылымның бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Жоғары білім жүйесі адами капиталды қайта өндіруді, білім генерациясын және болашақ технологияларды дамытуды қамтамасыз ете отырып, ұлттық ғылыми және инновациялық экожүйенің маңызды элементі ретінде көрінеді. Алайда Қазақстанда оқытушылардың әртүрлі топтары мен жоғары оқу орындарының типтері арасында ғылыми белсенділік деңгейінде айырмашылықтар бар. Бұдан басқа, нәтижелілікті өлшеудің біріздендірілген тәсілдері жоқ, ал сыйақы беру тетіктері әрда-

йым оқытушылар атқарған ғылыми жұмыстың нақты көлемін көрсете бермейді. Тиісінше, ғылыми өнімділікті талдау сандық көрсеткіштерді (жарияланымдар, гранттар, патенттер) де, сапалық көрсеткіштерді де (қызмет түрі мен жұмсалған уақыт) ескеретін кешенді тәсілді талап етеді.


Алынған тұжырымдарды академиялық капитализм теориясы және «publish or perish» тұжырымдамасы контекстінде қарастырған орынды, олардың шеңберінде ғылыми өнімділік университеттердің институционалдық бәсекеге қабілеттілігінің негізгі ресурсы ретінде көрінеді. Ғылыми ресурстар мен рейтингтік позициялар үшін жаһандық бәсеке жағдайында жарияланымдық белсенділік жоғары оқу орындарының стратегиялық позициялану құралына, ал ынталандыру тетіктері ғылым мен білім беру саласындағы басқарушылық саясаттың аса маңызды элементіне айналады.

Бұл бөлім ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелілігінің деңгейін жүйелі бағалауға бағытталған. Социологиялық сауалнама нәтижесінде алынған эмпирикалық деректерге, сондай-ақ ішкі институционалдық метрикаларды талдауға сүйене отырып, ғылыми белсенділіктің құрылымы, оқытушылардың ынталандыру жүйесіне тартылу дәрежесі және олардың ғылыми өнімділігіне әсер ететін факторлар зерттеледі. Сонымен қатар, макродеңгейлі контексті қамтамасыз ету және нәтижелерді жаһандық трендтермен салыстыру үшін жарияланымдық белсенділіктің библиометриялық талдауы қосымша пайдаланылады.

Осылайша, талдау өзара байланысты үш деңгейде құрылады: жаһандық және ұлттық библиометриялық үрдістерді көрсететін макродеңгейде; университеттердің халықаралық рейтингтердегі позицияларын сипаттайтын мезодеңгейде; және нақты оқытушылардың ғылыми белсенділігі мен уәждемесін бағалауға байланысты микродеңгейде.

Атап айтқанда, жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделу динамикасы жаңа білімді генерациялау қарқындылығын да, олардың академиялық қауымдастықтағы ықпалын да бағалауға мүмкіндік беретін ғылыми бағыттың дамуының негізгі

индикаторы болып табылады. 21-суретте жылдар бойынша жарияланымдар саны мен дәйексөздердің жалпы санының жиынтық динамикасы ұсынылған.



Сурет 21 – Қазақстандық авторлардың жарияланымдық белсенділігі мен дәйексөзделу динамикасы (1991–2026 жж.)

Ескерту: Web of Science деректері негізінде құрастырылған.

Диаграмма 1991–2026 жылдар аралығындағы зерттеліп отырған саладағы жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделудің ұзақ мерзімді серпінін көрсетеді. Бастапқы кезеңде (1991–2005 жж.) жарияланымдық белсенділіктің салыстырмалы түрде төмен және тұрақты деңгейі, сонымен бірге дәйексөздердің аз көлемі байқалады, бұл зерттеу бағытының қалыптасу кезеңін білдіреді. 2006–2013 жылдары жарияланымдар санының бірқалыпты өсуі тіркеледі, алайда дәйексөзделу серпіні тежелген күйінде қалады, бұл ғылыми іргетастың біртіндеп жинақталып жатқанын көрсетеді. 2014 жылдан кейін жарияланымдық белсенділіктің тұрақты өсуі басталып, 2018 жылдан соң жедел кеңею фазасына өтеді. 2020–2024 жылдары жарияланымдар санының қарқынды артуы байқалады, бұл ғылыми зерттеулердің жаһандық интеграциясының күшеюімен, ғылыми-білім беру ортасының белсенді цифрландырылуымен, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындарында жарияла-

нымдық белсенділікке қойылатын талаптардың күшеюімен, оның ішінде халықаралық дерекқорларда индекстелетін басылымдарға бағдарланумен байланысты. Дәйексөзделу серпіні анағұрлым айқын экспоненциалды сипатқа ие және жарияланымдық белсенділікке қатысты елеулі уақыттық кешеуілдеуді көрсетеді. 2019–2025 жылдардағы дәйексөздердің күрт өсуі жинақтаушы әсерді және жарияланған жұмыстардың ғылыми маңыздылығының артуын көрсетеді.

Осылайша, анықталған үрдістер жарияланымдық белсенділіктің сандық өсуін ғана емес, сонымен қатар қазақстандық зерттеулердің халықаралық академиялық кеңістіктегі ғылыми ықпалының біртіндеп күшеюін де көрсетеді. Бұл ғылыми өнімділік серпінін талдаудан университеттердің қызмет етуінің анағұрлым кең әсерлерін, соның ішінде олардың қоғамдық және цифрлық кеңістіктегі көрінуін бағалауға көшу қажеттігін айқындайды.

Айта кету керек, анықталған үрдістер Қазақстанның жоғары білім жүйесінің институционалдық трансформациясы жағдайында қалыптасуда, оған ғылыми қызметті бағалаудың халықаралық стандарттарына көшу, жаһандық рейтингтік жүйелерге интеграциялану және Web of Science пен Scopus базаларында индекстелетін журналдардағы жарияланымдарға қойылатын талаптардың күшеюі жатады.

Осы контексте қазақстандық университеттердің халықаралық рейтингтердегі позицияларын талдау ерекше маңызға ие болады, өйткені олар тек ғылыми нәтижелілікті ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ықпалды да көрсетеді. Осындай құралдардың бірі – университеттердің білімді таратуға қосқан үлесін және олардың жаһандық ақпараттық кеңістікке интеграциялануын кешенді бағалауға мүмкіндік беретін SCImago Institutions Rankings (SIR) рейтингі.

14-кестеде 2024 жылғы қоғамдық ықпал (Societal Impact) көрсеткіші бойынша SCImago Institutions Rankings (SIR) халықаралық рейтингіне енген қазақстандық университеттердің тізімі берілген. Бұл индикатор университеттердің қоғамдық әсе-

рін көрсетеді және цифрлық көрінімділік, интернеттегі бедел, ашық қолжетімділіктегі жарияланымдар үлесі және академиялық ортадан тыс білімді таратуға қосқан жалпы үлесі сияқты аспектілерді ескереді.

Кесте 14 – 2024 жылғы қоғамдық ықпал (Societal Impact) көрсеткіші бойынша SCImago Institutions Rankings (SIR) жаһандық рейтингіндегі қазақстандық университеттер

Жаһандық рейтинг	Атауы	Үздік квартиль
3142	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1
4074	Назарбаев Университеті	1
4102	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1
5911	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	1
6287	Ә. Сағынов атындағы Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	1
6630	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	1
6738	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті	2
6861	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті	2
7050	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	1
7121	Қазақстан-Британ техникалық университеті	1
7453	Ахмет Ясауи университеті	2
7477	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	3
7687	Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	1
7705	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2
7796	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті	1
7904	Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті	2
SCImago-ның қоғамдық ықпал рейтингі (Societal Impact Rank) деректері негізінде.		

Деректерді талдау көрсеткендей, Қазақстанның жетекші университеттерінің едәуір бөлігі бірінші квартильдегі (Q1) журналдарда жарияланымдарға ие, бұл олардың академиялық өнімділігінің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар цифрлық көрінімділікті, ашықтықты және қоғамдық ықпалын дамытуға қосқан елеулі үлесін де көрсетеді. Сонымен қатар, бірқатар университеттер екінші және үшінші квартильдердегі жарияланымдармен ғана шектеледі, бұл жарияланымдық белсенділіктің сапасы мен беделіндегі, сондай-ақ қоғаммен өзара іс-қимыл стратегияларындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Жалпы алғанда, квартильдер бойынша бөліну Қазақстанның жоғары білім беру секторында сараланудың бар екенін растайды: жетекші жоғары оқу орындарының тар тобы халықаралық ғылыми кеңістікке терең кірігуімен қатар, елеулі қоғамдық ықпал да көрсетеді, ал университеттердің бір бөлігі академиялық салада да, әлеуметтік салада да неғұрлым шектеулі ықпалын сақтап отыр. Тұтастай алғанда, көптеген жоғары оқу орындарының академиялық өнімділігінің цифрлық көрінімділігі әлі де шектеулі болып қалып отыр.

Осыған байланысты ғылыми нәтижелілікті бағалау жарияланымдарды квартильдер бойынша жай ғана бөлуден шығатын неғұрлым терең талдауды талап етеді. Жарияланымдық белсенділіктің тек сандық параметрлерін ғана емес, сонымен қатар оның сапасын, дәйексөзделуін және халықаралық ғылыми кеңістіктегі ықпалын көрсететін негізгі ғылымиметриялық көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстарды ескеру қажет. Мұндай талдауды жүргізу ғылыми нәтижеліліктің қалыптасуындағы құрылымдық заңдылықтарды анықтауға, академиялық ықпалдың артуына ықпал ететін факторларды айқындауға, сондай-ақ университеттердегі ғылыми қызметті басқару тетіктерін жетілдіру бағыттарын негіздеуге мүмкіндік береді.

Университеттердегі ғылыми қызметті ынталандыру жүйесі тек өтемдік емес, сонымен қатар селективтік функция да атқарады, яғни академиялық мінез-құлықтың басым формаларын айқындайды. Критерийлер құрылымына байланысты ол не ха-

лықаралық жарияланымдық белсенділік пен жобалық тартылуды ынталандырады, не формалды түрде есепке алынатын, бірақ бәсекеге қабілеттілігі төмен ғылыми жұмыс түрлеріне бағдарды бекітеді.

Бұдан әрі 2024 жылға арналған Web of Science дерекқорындағы жалпы саны 17 938 журналды пайдалана отырып, SCImago Journal Rank (SJR) дерекқоры негізінде ғылымиметриялық көрсеткіштердің корреляциялық талдауы жүргізілді. Талдау нәтижелері 15-кестеде берілген.

Кесте 15 – Корреляциялық матрица

Код	SJR	DOC	H IND	CIT	APC	FEM	CNT	OA
SJR	1							
DOC	0,072	1						
H IND	0,480	0,373	1					
CIT	0,201	0,855	0,475	1				
APC	0,640	0,169	0,708	0,265	1			
FEM	-0,004	-0,015	0,011	-0,021	0,049	1		
CNT	0,116	0,041	0,191	0,047	0,235	0,101	1	
OA	0,082	0,050	0,156	0,054	0,209	0,007	0,094	1

Түсіндірме:
SJR – журналдың SCImago рейтингі
DOC – соңғы 3 жылда жарияланған құжаттар саны
H IND – журналдың Хирш индексі
CIT – соңғы 3 жылдағы дәйексөздердің жалпы саны
APC – жариялау ақысының бағасы (Article Processing Charge)
FEM – авторлар арасындағы әйелдердің үлесі (%)
CNT – журнал тиесілі ел
OA – журнал мәртебесі (ашық немесе жабық қолжетімділік)

Жүргізілген талдау негізінде келесі қорытындылар жасауға болады.

(1) Жарияланған мақалалар саны мен дәйексөздер саны арасындағы күшті оң тәуелділік ($r = 0,855$) жарияланымдық белсенділіктің ғылыми контенттің көрінімділігімен және сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

(2) h-индекс пен авторлық жарналар көлемі арасындағы өзара байланыс ($r = 0,708$) жоғары жинақталған ғылыми капиталы бар беделді журналдардың авторлар тарапынан едәуір көп қаржылық шығындарды талап ететінін көрсетеді. Ұқсас үрдіс журнал беделділігінің индексі (SJR) үшін де байқалады, ол APC-пен тығыз корреляцияланады ($r = 0,640$), бұл экономикалық кедергінің неғұрлым беделді басылымдарға қол жеткізудің негізгі факторларының бірі екенін растайды.

(3) SJR мен h-индекс арасындағы оң байланыс ($r = 0,480$) журнал беделінің едәуір дәрежеде оның жинақталған ғылыми беделімен нығайтылатынын көрсетеді, дегенмен бұл тәуелділік қаржылық корреляциялармен салыстырғанда әлсіздеу көрінеді.

Осылайша, алынған нәтижелер қазіргі жарияланымдық жүйе басылым беделі мен оның қаржылық қолжетімділігі арасындағы жоғары тәуелділікпен сипатталатынын, ал жарияланымдық белсенділіктің сандық көрсеткіштері дәйексөзделу арқылы жанама ықпал ететінін тұжырымдауға мүмкіндік береді.


Сонымен бірге, ғылыми коммуникацияның макродеңгейде анықталған заңдылықтары жекелеген университеттер мен олардың академиялық персоналы деңгейіндегі ғылыми қызметтің ерекшеліктерімен салыстыруды талап етеді. Жаһандық ғылымиметриялық тәуелділіктерді талдаудан институционалдық және жеке деңгейлерге көшу Қазақстандағы профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) ғылыми жұмыс тәжірибелерінде анықталған құрылымдық шектеулер мен ынталандырулардың қаншалықты көрініс табатынын бағалауға мүмкіндік береді.

ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелілігін бағалау үшін корреляциялық және кластерлік талдау қолданылды. 2025 жылғы 1 ақпан мен 30 наурыз аралығында қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушылары арасында ақпараттандырылған келісім алу арқылы сауалнама жүргізілді (М, Н қосымшалар). Сауалнамаға 373 респондент қатысты, олардың ішінде 21 ғылым докторы, 108 ғылым кандидаты, 40 PhD және

204 ғылыми дәрежесі жоқ оқытушы болды. Сауалнама үш бөлімнен тұрды: (1) респонденттердің ұйымдастырушылық-құрылымдық сипаттамалары; (2) ғылыми белсенділік; (3) ынталандыру жүйесін бағалау.

Алынған нәтижелердің сенімділігі мен валидтілігі сауалнаманың стандартталған құрылымы, құралдарды алдын ала тестілеу және деректерді шектен тыс мәндерден тазарту рәсімі арқылы қамтамасыз етілді. Субъективті бұрмалануларды барынша азайту үшін жауаптардың қисындық сәйкестігі тексерілді, сондай-ақ өзін-өзі бағалау көрсеткіштері ғылыми белсенділіктің институционалдық метрикаларымен салыстырылды.

Деректерді алдын ала өңдеуден кейін тек 93 респонденттің (жалпы іріктеменің 24,9%-ы) ғылыми қызметті ынталандыру жүйесіне қатысқаны және ғылыми қызметпен айналысқаны анықталды, бұл профессорлық-оқытушылық құрамның қолданыстағы ынталандыру тетіктеріне тартылу деңгейінің төмен екенін көрсетеді. 22-суретте оқытушылардың ғылыми белсенділігінің негізгі қызмет түрлері бойынша бөлінісі көрсетілген.



Сурет 22 – Оқытушылар орындаған ғылыми жұмыстардың белсенділік түрлері бойынша саны

Ескерту: авторлар құрастырған

Деректерге сәйкес, халықаралық дерекқорлардағы (Scopus, Web of Science) жарияланымдар саны конференцияларға қатысуға және уәкілетті орган (ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті) бекіткен тізімге енгізілген ұлттық ғылыми журналдардағы жарияланымдарға қарағанда едәуір аз. Патенттік белсенділік пен гранттық бағдарламаларға қатысу анағұрлым төмен деңгейде көрінеді, бұл ғылыми қызметтің интернационалдануының жеткіліксіздігін және білім трансферіне арналған мүмкіндіктердің шектеулі екенін көрсетуі мүмкін. Осылайша, халықаралық жарияланымдар мен жобалық қызметке бағдарланған оқытушылар азшылықты құрайды, ал көпшілік негізінен лауазымдық нұсқаулықтың базалық талаптарын орындаумен шектеледі. Жалпы алғанда, алынған деректер ПОҚ-тың ғылыми белсенділігінің фрагментарлық сипатын және ғылыми қызметті ынталандыру мен зерттеушілік құзыреттерді дамыту мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жүйелі шаралардың қажеттігін көрсетеді.

Кластерлік талдау үш негізгі зерттеушілік бейінді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, олардың әрқайсысы 16-кестеге сәйкес кәсіби мінез-құлық пен уәждеменің өзіндік логикасына ие.

Кесте 16 – Кластерлік талдау негізінде оқытушылардың зерттеушілік бейіндерінің типологиясы

Кластер	Ерекшелік белгілері	Мүмкін интерпретация
1	Конференциялар $\approx 1,0$; ҒЖБМСҚК $\approx 0,9$; қалғаны ≈ 0	Жергілікті диссеминаторлар: баяндамалар мен ұлттық журналдарға бағдарланған
2	Scopus/WoS $\approx 1,3$; Конференциялар $\approx 1,2$; Монографиялар $\approx 0,9$; Патенттер $\approx 0,2$	Scopus-та жарияланады және монографиялар жазады; кейде патенттейді
3	Монографиялар $\approx 1,4$; Патенттер $\approx 1,0$; GrantApps $\approx 0,7$	Жобалық-патенттік топ: кітаптар, патенттер жасайды және гранттарға өтінім береді, бірақ мақалаларды аз жариялайды

Кластер 1 жергілікті жарияланымдарға бағдарлануымен сипатталады және орта есеппен конференция материалдарында немесе ГЖБМСҚК журналдарында 1 жарияланымға ие. Кластер 2 халықаралық белсенділіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін көрсетеді: Scopus және/немесе Web of Science базаларында бірден астам жарияланым, түрлі конференциялар материалдарында бірден астам баяндама, сондай-ақ монографиялар жариялау және патент алуға өтінім беру тән. Кластер 3 монографияларға, патенттерге және гранттық өтінімдерге шоғырланған, алайда салыстырмалы түрде төмен жарияланымдық белсенділікпен сипатталады, бұл оның «жобалық-патенттік» бейінін көрсетеді. Осылайша, алынған типология ғылыми өнімділіктің үш стратегиясын көрсетеді: жергілікті диссеминация, халықаралық жарияланымдық белсенділік және жобалық-инновациялық бағдар.

Айта кету керек, сауалнамаға қатысушылардың ішінде ғылыми қызметпен айналысып, ынталандыру жүйесіне қатысқан респонденттердің шамамен 5%-ы ешқандай сыйақы алмаған, бұл келесі кедергілердің бар екенін көрсетеді: 1) растау критерийлерінің айқын еместігі; 2) ресурстарға қолжетімділіктің шектеулілігі (оның ішінде әдістемелік және әкімшілік қолдау); 3) ғылыми қызметтің жекелеген түрлерін институционалдық верификациялаудың қиындығы, сондай-ақ әкімшілік немесе жеке кедергілер ғалымдардың ілгерілеуі мен дамуына тосқауыл болатын жүйелі ашық еместік мәселесі.

Алынған зерттеушілік бейіндерді макродеңгейдегі библиометриялық үрдістермен салыстыру жергілікті бағдарланған стратегиялардың (кластер 1) басымдығы қазақстандық ғылымның халықаралық көрінімділігін шектей алатынын, ал халықаралық жарияланымдық және жобалық белсенділікке тән кластерлер практикасын кеңейту университеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі шарты болып табылатынын көрсетеді.

Бөлініп көрсетілген зерттеушілік бейіндер бірыңғай ынталандыру моделінің ПОҚ-тың барлық топтары үшін бірдей тиімді бола алмайтынын көрсетеді. Жергілікті бағдарланған оқы-

тушылар үшін зерттеушілік дағдыларды дамыту және жарияланымдарды сүйемелдеу шаралары неғұрлым маңызды болуы мүмкін, ал халықаралық белсенді және жобалық-бағдарланған топтар үшін гранттық қолдауды кеңейту, академиялық ұтқырлық және жоғары рейтингті журналдарда жарияланымдарға институционалдық жәрдемдесу басымдыққа ие.

Келесі талдау үшін 17-кестеге сәйкес ПОҚ-тың ғылыми қызметі нәтижелілігін сипаттайтын негізгі сандық айнымалылар бөлініп көрсетілді.

Кесте 17 – Сипаттамалық кесте

Айнымалылар	Сипаттамасы	N	Минимум	Максимум	Орташа мәні	Стандарттық кате	Медиана	Сенімділік деңгейі (95,0%)
BONUS	Төленген сыйақы сомасы (теңге)	93	0	90200	20981,985	2088,261	17875	4147,468
AC_DEG	Академиялық біліктілік*	93	1	4	2,0430	0,104	2	0,208
ACT	Жұмсалған уақыт (минут)**	93	0	14469822	970427,28	248015,319	97180	492579,832
SCI	Ғылыми белсенділік көлемі	93	1	24	5,182	0,482	4	0,958
* AC_DEG (кодтау): 1 = ғылыми дәрежесі жоқ, 2 = PhD, 3 = ғылым кандидаты, 4 = ғылым докторы ** ACT: бір жыл ішінде барлық зерттеушілік белсенділікке жұмсалған уақыттың жалпы сомасы, минутпен есептелген.								

Статистикалық деректер ынталандыру жүйесіне қатысқан профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми нәтижелілік деңгейін көрсетеді (n = 93). BONUS айнымалысы бойынша стандарттық кате 2088-ді құрады, бұл төлемдер көлемінің жоғары дисперсиясын білдіреді. AC_DEG айнымалысының орташа мәні 2,04-ке тең, бұл PhD дәрежесі бар респонденттердің басым екенін көрсетеді. Жұмсалған уақыттың ауқымды шашырауы (0-ден 14 миллион минуттан астамға дейін) және жоғары

стандарттық қатесі (248 015) шеткі мәндердің бар екенін және деректердің жоғары гетерогенділігін көрсетеді.

Зерттеу аясында корреляциялық талдау жүргізілді, оның нәтижелері 18-кестеде ұсынылған.


Кесте 18 – Корреляциялық матрица

	BONUS	AC_DEG	ACT	SCI
BONUS	1			
AC_DEG	0,201	1		
ACT	0,627	0,264	1	
SCI	0,502	0,274	0,634	1

Корреляциялық талдау негізінде келесі қорытындылар жасалды:

Жұмсалған уақыттың ықпалы

Оқытушының алған сыйақысы сомасы мен жұмсаған уақыты көлемі арасында күшті оң корреляция анықталды ($r = 0,63$), бұл 23-суретте көрсетілген.




Сурет 23 – Зерттеуге жұмсалған уақыт пен материалдық ынталандыру арасындағы корреляция

Ескерту: авторлар құрастырған

Ғылыми қызметке көбірек уақыт бөлетін оқытушылар жоғары жарияланымдық белсенділікпен сипатталады. Сонымен қатар, суреттің сол жақ бөлігіндегі мәндердің шашырауы салыстырмалы түрде аз уақыт жұмсалған жағдайда да сыйақы деңгейінің әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді, бұл орындалған жұмыстың сапасына, оны растау нысанына немесе өзге де әкімшілік факторларға байланысты болуы ықтимал. Тренд сызығы уақыт бойынша тартылу деңгейі неғұрлым жоғары болса, бонус алу ықтималдығы да соғұрлым жоғары болатынын айқындайды, бұл материалдық ынталандыру жүйесінің зерттеу белсенділігі көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде үйлесімді екенін растайды.

Сондай-ақ, 24-суретке сәйкес жұмсалған уақыт көлемі мен ғылыми белсенділік көлемі арасында жоғары оң корреляция анықталды ($r = 0,63$).



Сурет 24 – Жұмсалған уақыт көлемі мен орындалған ғылыми жұмыс көлемі арасындағы өзара байланыс


Ескерту: авторлар құрастырған

Зерттеу қызметіне едәуір уақыт жұмсайтын оқытушылар, әдетте, ғылыми белсенділік нәтижелілігінің жоғары деңгейімен сипатталады және ынталандырушы төлемдер алу ықтималдығы да жоғары болады. Осылайша, жұмсалған уақыт пен орындалған ғылыми жұмыс көлемі арасындағы күшті байла-

ныс бағалау жүйесінің нақты ғылыми белсенділікпен үйлесімділігінің индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ынталандыру жүйесіне қатысу

Ғылыми белсенділік көлемі мен есептелген бонус сомасы арасында мәнді оң корреляция байқалады ($r = 0,50$), бұл 25-суретке сәйкес нәтижеліліктің көтермелеу көлеміне ықпалын көрсетеді.



Сурет 25 – Ғылыми жұмыс көлемі мен төленген бонустар мөлшері арасындағы өзара байланыс

Ескерту: авторлар құрастырған

Соған қарамастан, орындалған ғылыми жұмыс көлемі мен сыйақы арасындағы корреляция күші жұмсалған уақыт пен сыйақы арасындағы байланысқа қарағанда біршама төмен болды, бұл сыйақы тағайындау процесінде қосымша факторлардың да рөл атқаратынын көрсетуі мүмкін. Біріншіден, ғылыми қызметтің кейбір түрлерін верификациялауда қиындықтар болуы ықтимал. Екіншіден, сыйақылардың бір бөлігі орындалған ғылыми жұмысқа тәуелсіз түрде есептелуі мүмкін, мысалы, әкімшілік жүктеме, білім беру бастамаларына қатысу, қоғамдық белсенділік немесе зерттеу қызметімен тікелей байланысты емес оқытушылық еңбегі үшін.

Ғылыми дәреженің ықпалы

Өнімділікпен дәстүрлі түрде байланыстырылатын факторлардың ішінде академиялық дәреже сыйақылармен ($r = 0,20$), белсенділікпен ($r = 0,26$) және ғылыми белсенділік көлемімен ($r = 0,27$) әлсіз, бірақ оң байланыс көрсетеді. Дәреженің болуы неғұрлым жоғары тартылуға ықпал етуі мүмкін болғанымен, ол ынталандыру жүйесіндегі шешуші фактор болып табылмайды. Ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ жобалық белсенділігі жоғары оқытушылар кейбір жағдайларда салыстырмалы сыйақылар алады. Бір жағынан, бұл сыйақыларды бөлу жүйесінің объективтілігінің белгісі ретінде түсіндірілуі мүмкін, мұнда негізгі критерий мәртебе немесе біліктілік деңгейі емес, нақты ғылыми және жобалық өнімділік болып табылады. Екінші жағынан, ғылыми дәрежесі бар барлық оқытушылар бірдей жоғары ғылыми белсенділік көрсете бермейді.

Сонымен қатар, авторлар арасындағы әйелдер үлесін, журналдың елдік тиесілігін және ашық қолжетімділік мәртебесін сипаттайтын айнымалылар ғылыми ықпалдың негізгі көрсеткіштерімен әлсіз корреляциялық байланыстар көрсетеді, бұл олардың талданып отырған ғылымиметриялық тәуелділіктер құрылымындағы екінші дәрежелі рөлін болжауға мүмкіндік береді.

Анықталған тәуелділіктер қолданыстағы ынталандыру жүйесінің ішінара рационалды екенін көрсетеді, алайда асимметриялардың болуы ғылыми белсенділікті материалдық сыйақыға айналдыру тетіктерінің жетілмегенін аңғартады. Бұл жоғары өнімді зерттеушілердің уәждемесінің төмендеуіне және ең төменгі қажетті ғылыми белсенділік стратегияларының қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Алынған нәтижелердің практикалық маңызы оларды университеттердің ғылыми өнімділікті арттыруға, ынталандыру тетіктерін жетілдіруге және жаһандық ғылыми кеңістікке интеграцияны күшейтуге бағытталған институционалдық стратегияларын әзірлеуде пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Зерттеу нәтижелері ғылыми қызметті ынталандыру жүйесін кешенді трансформациялау қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, мыналар талап етіледі:

- қызметтің сапалық және сандық нысандарын қоса алғанда, бағалау критерийлерін кеңейту;
- біліктілік деңгейі мен пәндік ерекшелікке қарай қолдау тетіктерін саралау;
- растау рәсімдері мен сыйақы есептеу тәртібінің ашықтығын арттыру;
- тек формалды есептілікке емес, нақты үлестің құндылығына негізделген академиялық мәдениетті дамыту.

Зерттеудің шектеуі ретінде өзін-өзі бағалау деректерін пайдалану аталады, бұл ғылыми белсенділік көрсеткіштерін субъективті түрде асыра бағалау немесе төмендетіп көрсету әсерімен қатар жүруі мүмкін. Бұдан басқа, іріктеме университеттер мен оқытушылардың шектеулі шеңберін ғана қамтиды, бұл нәтижелерді Қазақстанның бүкіл жоғары білім жүйесіне жалпылау дәрежесін төмендетуі мүмкін.

Демек, ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелілігін арттыру жекелеген оқытушылардың жеке уәждемесі мәселесі ретінде емес, бағалаудың ашық критерийлерін, ресурстық қолдауды, әкімшілік кедергілерді азайтуды және бәсекеге қабілетті білім өндіруге бағдарланған академиялық ортаны дамытуды қамтитын кешенді институционалдық тетікті реттеу нәтижесі ретінде қарастырылуы тиіс.

Алынған нәтижелердің жиынтығы Қазақстан университеттеріндегі ғылыми қызметті ынталандырудың қолданыстағы жүйесі институционалдық қалыптасу сатысында екенін және ғылыми өнімділік көрсеткіштерімен ішінара үйлесімділік танытатынын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ПОҚ-тың тартылу деңгейінің төмендігі, ынталандыруларды бөлудегі асимметриялар және халықаралық жарияланымдық белсенділікке бағдардың жеткіліксіздігі сияқты анықталған құрылымдық теңгерімсіздіктер ғылыми зерттеулердің сапасы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ғылыми қызметті басқарудың неғұрлым икемді, сараланған және ашық моделіне көшудің қажеттігін көрсетеді.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасай отырып, кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындау болып табылады [83]. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін жаңғырту мәселесі ұлттық білім беру жүйесін жаһандық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігі контекстінде ерекше өзектілікке ие болады. Дамып келе жатқан еңбек нарығымен айқындалатын заманауи сын-қатерлер білім беру бағдарламалары мен стандарттарын бейімдеуді талап етеді, бұл әлемдік деңгейде тиімді бәсекеге түсе алатын және жаңа буын құзыреттеріне деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыра алатын жоғары білікті мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының нақты экономика секторымен байланысын күшейту қажеттілігі туындағандықтан, инновациялық саясатты ғылыми-технологиялық басымдықтармен үйлестіру қажеттілігі де туындайды, бұл салалық инновацияларды дамытуға серпін беріп, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылыми зерттеулердің әлеуетін ашуға мүмкіндік береді [84].

Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес келмеуі және ғылыми зерттеулер сапасының қанағаттанарлықсыз болуы мәселесі бар, бұл өндірістік кәсіпорындармен орнықты байланыстардың болмауымен одан әрі күрделене түседі. Ал бұл, өз кезегінде, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіне заманауи технологиялар мен инновациялық тәсілдерді енгізуге кедергі келтіреді. Сондай-ақ университеттер қызметті жүзеге

асырудың тиімсіз әдістері мен тетіктерін, атап айтқанда бюрократияны, ескірген тәсілдерді, цифрландыру деңгейінің төмендігін қолдануды жалғастырып отырғанын атап өткен жөн, бұл сапалы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің заманауи халықаралық талаптарына сай жаңғырту мен бейімделу үдерісін баяулатады [85].

Нормативтік-құқықтық нормаларға сәйкес, жоғары оқу орындары білімге негізделген қоғамды дамыту мақсатында сапалы оқу жүктемесі бағдарламаларын қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер жүргізу және қоғамды тарту сияқты әртүрлі міндеттерді шешеді [86]. Университеттер білім алушы студенттер, ата-аналар, қоғам, жұмыс берушілер және үкімет сияқты мүдделі тараптарға қажетті теориялық және практикалық білім мен дағдыларды ұсынатын сарапшылық орталықтар ретінде айқындалған [87]. Білім алушылар, әдетте, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі біліммен қамтамасыз ету процесінің негізгі стейкхолдерлері ретінде қарастырылатындықтан, басым бағыт студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру және жоғары білім сапасының стандарттарын қолдау үшін ұсынылатын қызметтердің сапасына үздіксіз мониторинг жүргізу болып табылады [88].

Әлемде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындаудың көптеген әдістемелері мен тетіктері бар, олар сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында сәйкестіктің әртүрлі метрикаларын белгілейді. Сонымен қатар, білім беру саласында маңызды функция атқаратын рейтингтер де бар, олар көптеген білім беру ұйымдары арасында стейкхолдерлердің бағдарлануына ықпал етеді. Өз кезегінде, рейтинг университеттің әлеуетін кешенді бағалау болып табылады, ол оның бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп, белгілі бір сыныпқа немесе санатқа жататынын айқындайды. Мұндай бағалауды қалыптастыру үшін формалдандырылған сандық және сапалық әдістерге негізделген түрлі көрсеткіштердің жиынтығы қолданылады [89]. Обьективті деректер мен талдамалық шолулар ұсыну арқылы рей-


тингтік агенттіктер университеттерді салыстырмалы талдауға және сапалы білім беру қызметтерін ұсынудың әлемдік стандарттарына сәйкес келетін неғұрлым бәсекеге қабілеттілерін таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша, университеттер қызметін бағалау кезінде әртүрлі параметрлердің қолданылуын ескере отырып, аталған рейтингтер жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындауда негіз ретінде алынуы мүмкін.

Ең кең таралған халықаралық рейтинг – 2004 жылдан бері жыл сайын жарияланып келе жатқан және Quacquarelli Symonds рейтингтік компаниясы құрастыратын QS World University Rankings (QS WUR) рейтингі, ол метрикалардың ең көп санын қамтиды. Аталған рейтинг өз рейтингінде жариялау үшін талдауға енгізілетін оқу орындарына мынадай критерийлер қояды: өңірдің жетекші университеттерінің елу пайызының қатарына ену, академиялық беделі бойынша әлемнің үздік университеттерінің жиырма пайызының қатарына кіру және соңғы 5 жыл ішінде Scopus дерекқорына кіретін кемінде 100 мақаласы болуы; бұл ретте студенттер контингенті бес мыңнан аз университеттер агенттік ережелеріне сәйкес талданбайды. Осы зерттеуде аталған рейтингтің метрикалық көрсеткіштері қарастырылып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындаудың негізі ретінде алынды, өйткені олар университеттерге қойылатын жетекші әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. QS WUR 3.0 әдіснамасы жоғары оқу орындарын бағалауда бес сала бойынша оқу орнының тиімділігін өлшейтін 18 мұқият сараланған көрсеткішті қамтиды: оқыту, зерттеу ортасы, зерттеулер сапасы, өнеркәсіппен байланыс және халықаралық перспективалар. Осылайша, аталған әдіснама келесі критерийлерден тұрады: академиялық бедел – 30%, бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздер саны – 20%, жұмыс берушілер арасындағы бедел – 15%, оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы – 10%, түлектердің жұмыспен қамтылуы, халықаралық ынтымақтастық, шетелдік студенттер, шетелдік оқытушылар, университеттер-

дің орнықты даму мақсаттарын орындауы – әрқайсысы 5% [90]. Рейтингтердің әдіснамалық жетілмегендігіне, атап айтқанда әртүрлі бағыттағы көрсеткіштерді агрегаттаудың күрделілігіне және индикаторлар үшін салмақ коэффициенттерін белгілеудің субъективтілігіне қарамастан, онда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әлемдік стандарттарына және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге сәйкес келетін көрсеткіштер қолданылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптары білім беру процестерінің жоғары сапа деңгейін қамтамасыз етуге және халықаралық әрі ұлттық стандарттарға сәйкестікке бағытталғандықтан, оларды рейтинг әдіснамасына сүйене отырып, университеттердің бәсекеге қабілеттілігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету тұрғысынан жіктеуге болады.

26-сурет жоғары оқу орындарының сапалы жұмыс істеуін айқындайтын маңызды аспектілерді көрсетеді, ал талаптардың әрбір блогы, өз кезегінде, университеттердің жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігі мен жұмыс сапасын қамтамасыз ететін негізгі факторлардан тұрады.



Сурет 26 – Жоғары оқу орындары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының жіктелімі

Әзірленген біліктілік талаптарының жіктемесі сегіз негізгі талаптар блогынан тұрады, олар жоғары оқу орындарына сапалы әрі практикаға бағдарланған білім беруді ғана емес, сонымен қатар орнықты даму жағдайында түлектердің халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Төменде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының әрбір блогына сипаттама берілген.

Осылайша, 19-кестеде жоғары білім сапасын қамтамасыз етуді басқарудың академиялық саясат блогы ұсынылған.

Кесте 19 – Жоғары білім сапасын қамтамасыз етуді басқарудың академиялық саясаты

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
1	Білім беру бағдарламалары	Ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін, құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
2	Сапаны басқару жүйесі	Ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін, құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
3	Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу	Оқу бағдарламаларының сапасын және олардың жұмыс берушілер талаптарына сәйкестігін растайтын міндетті мемлекеттік немесе халықаралық және тәуелсіз аккредиттеуден өту.
4	Ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламалары	Ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген жоғары білікті оқытушыларды тарта отырып, ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

Академиялық саясат пен сапаны басқару жөніндегі талаптар блогы университеттердегі білім беру процесінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі біліктілік талаптарынан тұрады. Сапалы академиялық саясаттың негіз-

гі көрсеткіші ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес, құзыреттілік тәсілге негізделіп әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы болып табылады. Сапаны қамтамасыз ету мақсатында университеттер білім беру бағдарламаларының құрамдас бөліктерін мониторингтеуге және жетілдіруге бағытталған сапаны басқару жүйесін енгізіп, қолданады. Дәрежелер беру және дипломдар табыстау үшін университеттер білім беру бағдарламаларының міндетті аккредиттелуін қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Мемлекеттік және халықаралық аккредиттеудің бұл процесі білім беру және оқу бағдарламаларының жұмыс берушілердің де, студенттердің де талаптарына сәйкестігін растайды. Өз кезегінде, ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген жоғары білікті оқытушыларды тартуды талап етеді.

Осылайша, 20-кестеде профессорлық-оқытушылық құрамға қойылатын біліктілік талаптары блогы ұсынылған.

Кесте 20 – Профессорлық-оқытушылық құрамға қойылатын біліктілік талаптары

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
1	Оқытушылардың ғылыми дәрежелілігі және кәсіби біліктілігі	Оқытушылардың оқытылатын пәндерге сәйкес ғылыми дәрежелері мен кәсіби біліктіліктері болуы қажет.
2	Біліктілікті арттыру	Оқытушылардың кәсіби даму бағдарламаларына, тағылымдамаларға және ғылыми іс-шараларға қатысуы арқылы біліктілігін үнемі арттырып отыруы қажет.
3	Ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламалары үшін ағылшын тілін меңгеру	Ағылшын тілінде оқытылатын пәндерге сәйкес кәсіби шет тілін меңгеру және оны халықаралық тілдік сертификатпен растау қажет.
4	Оқытушылардың қоса атқаратын практикалық кәсіби қызметі	Даярлау бағыты бойынша қызмет атқаратын практик-мамандар қатарындағы оқытушылардың болуы қажет.

Оқытушылар құрамы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған біліктілік талаптарын білдіреді. Оқытушылар оқытылатын пәндерге сәйкес ғылыми дәрежеге және кәсіби біліктілікке ие болуы тиіс. Маңызды аспектілердің бірі – кәсіби даму бағдарламалары мен ғылыми іс-шараларға қатысу арқылы біліктілікті үздіксіз арттыру. Ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламалары үшін ағылшын тілін кәсіби деңгейде меңгеру халықаралық сертификаттармен расталуы қажет. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары даярлау бағыты бойынша жұмыс істейтін практик-оқытушыларды тартуы тиіс, бұл оқытудың практикалық бағдарын күшейтіп, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ студенттердің бітіру жұмыстарын ғылыми рецензияланатын журналдарда даярлау бағыты бойынша жарияланымдары бар, тиісті жарияланымдық талаптарға сәйкес келетін жоғары деңгейдегі оқытушылардың ғылыми жетекшілік етуі маңызды.

Бұдан әрі, 21-кестеде оқу бағдарламалары мен стандарттар блогы ұсынылған.

Кесте 21 – Оқу бағдарламалары мен стандарттар

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
1	Оқу бағдарламаларының нарық талаптары мен технологиялық даму талаптарына сәйкестігі	Оқу бағдарламалары икемді, өзекті және еңбек нарығының тез өзгеретін талаптары мен ғылыми-технологиялық прогреске бейімделген болуы тиіс.
2	Практикаға бағдарланған пәндер	Кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған практикаға бағдарланған пәндерді, тағылымдамалар мен жобалық жұмыстарды міндетті түрде енгізу.
3	Білім беру бағдарламаларының бейімделгіштігі	Ерекше қажеттіліктері бар адамдар мен шетелдік студенттерді қоса алғанда, студенттердің әртүрлі санаттары үшін бағдарламаларды бейімдеу мүмкіндігі.

Оқу бағдарламалары мен стандарттар жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға

қойылатын біліктілік талаптарын қамтиды. Оқу бағдарламалары еңбек нарығының өзекті талаптарына және технологиялық прогреске сәйкес келуі, икемді және өзгермелі жағдайларға бейімделетін болуы тиіс. Маңызды элементтердің бірі – студенттердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған практикаға бағдарланған пәндерді, тағылымдамалар мен жобалық жұмыстарды міндетті түрде енгізу. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары ерекше қажеттіліктері бар адамдарды және шетелдік студенттерді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі санаттарына бейімделуі тиіс, бұл білімнің қолжетімділігі мен инклюзивтілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұдан әрі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет блогын қарастырайық (22-кесте).

Кесте 22 – Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
1	Студенттер мен ПОҚ зерттеулері	Оқытушылардың ғылыми зерттеулерге қатысуы, нәтижелерін ғылымиметриялық дерекқорларда нөлден жоғары импакт-факторы бар таңылған халықаралық және ұлттық журналдарда жариялауы.
2	Оқытушылар мақалаларының дәйексөзделуі	Ғылымиметриялық дерекқорларда бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздер саны.
3	Шетелдік ғалымдармен бірлескен жарияланымдар	Дерекқорларда индекстелетін рейтингтік журналдарда жарияланған шетелдік ғалымдармен бірлескен жарияланымдардың болуы.
4	Гранттық қаржыландырудағы зерттеу жобалары	Гранттық және өзге де қаржыландыру аясында табысты іске асырылып жатқан зерттеу жобаларының болуы. Студенттерді олардың зерттеушілік және талдамалық дағдыларын дамыту мақсатында ғылыми жобаларға тарту.
5	Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жобалары	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруды ынталандыру және өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған инновациялық жобаларды дамыту. Студенттер мен жас ғалымдардың стартап жобаларын іске асыру және қаржыландыру.

Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет жоғары оқу орындарындағы ғылыми жұмысты жандандыруға бағытталған біліктілік талаптарын қамтиды. Бұл университеттің ғылыми және зерттеу жетістіктерінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады және профессорлардың жетістіктері мен ғалымдардың жоғары ғылыми біліктілігін сипаттайды. Оқытушылар ғылыми зерттеулерге белсенді қатысып, нәтижелерін нөлден жоғары импакт-факторы бар танылған халықаралық және ұлттық журналдарда жариялауы тиіс. Маңызды көрсеткіштердің бірі – ғылыми метриялық дерекқорлардағы бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздер саны, бұл ғылыми белсенділікті көрсетеді. Сонымен қатар, университеттерде шетелдік ғалымдармен бірлесіп жасалған жарияланымдар болуы, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін оларды ғылыми жобаларға тарта отырып, гранттық қаржыландырумен зерттеу жобаларын іске асыруы тиіс. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруды ынталандыру және студенттер мен жас ғалымдардың стартаптарын қаржыландыру да әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу үшін маңызды мәнге ие.

Енді халықаралық ынтымақтастық блогына көшейік (23-кесте).

Кесте 23 – Халықаралық ынтымақтастық

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
1	Халықаралық зерттеу желісінің IRN индексі (International Research Network)	Университеттердің жаһандық интеграциясы мен өзара іс-қимыл деңгейінің көрсеткіші – олардың мекемелермен халықаралық бірлескен жарияланымдарға алып келетін зерттеу серіктестіктерін құру және қолдау қабілеті. Рейтингтердің үздік қатарына кіретін жетекші университеттермен ынтымақтастық туралы меморандумдардың болуы.

2	Жетекші шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламалары және студенттер мен ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығы	Халықаралық стандарттар мен еңбек нарығы талаптарына сәйкес келетін аккредиттелген бірлескен білім беру бағдарламаларының болуы.
3	Қос диплом бағдарламалары	Халықаралық рейтингтердің жоғарғы орындарындағы шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп әзірленген оқытудың барлық деңгейлеріндегі қос диплом бағдарламаларының болуы.
4	Халықаралық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобалары	Әлемнің жетекші университеттерімен, оның ішінде SciVal funding аясында халықаралық гранттық (қаржыландырылатын) жобалардың болуы.
5	Шетелдік оқытушылар	Жоғары ғылымиметриялық көрсеткіштері бар, ғылыми дәрежесі бар шетелдік оқытушылардың жалпы ПОҚ құрамындағы үлесі, бұл университеттің тартымдылығы мен бағдарламалар мен зерттеулердің әртүрлілігін айқындайды.
6	Шетелдік студенттер	Университеттің жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі, бұл оның әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын айқындайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының халықаралық ынтымақтастығы жоғары біліктілік талаптарының аса маңызды көрсеткіші ретінде айқындалады және жоғары оқу орындарының жаһандық интеграциясына ықпал ететін біліктілік талаптарын қамтиды. Осылайша, IRN индексі (International Research Network) университеттердің зерттеу серіктестіктерін құру және қолдау қабілетінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді, бұл халықаралық бірлескен жарияланымдарға және рейтингтердің жоғары орындарындағы жетекші университеттермен ынтымақтастық туралы меморандумдардың болуына алып келеді. Маңызды аспектілердің

қатарына аккредиттелген бірлескен білім беру бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарымен әзірленген қос диплом бағдарламалары жатады. Халықаралық гранттық жобалардың, жоғары ғылымиметриялық көрсеткіштері бар шетелдік оқытушылардың және шетелдік студенттердің болуы университеттің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Бұдан әрі, 24-кестеде әлеуметтік бағдарлану және бедел блогы көрсетілген.

Кесте 24 – Әлеуметтік-кәсіби бағдарлану және кәсіби бедел

№	Біліктілік талаптары	Сипаттамасы
<i>Әлеуметтік бағдарлану (орнықты даму)</i>		
1	Әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу	Өмір сүру жағдайларын жақсартуға және орнықты дамуға бағытталған қоғамдық маңызы бар жобалар мен бастамаларды іске асыру арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу.
2	Мүмкіндігі шектеулі студенттер мен оқытушылар үшін тең мүмкіндіктер ұсыну	Білім алушылардың барлық санаттары үшін білім беру қызметтерінің кедергісіз қолжетімділігі, инклюзивті оқыту дағдылары бар оқытушылардың болуы.
3	Аз қамтылған, толық емес және көпбалалы отбасылардан шыққан студенттерді қолдау	Көмекке мұқтаж студенттерге жеңілдіктер, стипендиялар мен гранттар ұсынатын арнайы қолдау бағдарламаларының болуы.
4	Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету	Студенттер үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті және оқытушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.
<i>Академиялық және кәсіби бедел</i>		
1	Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл	Еңбек нарығы талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау.
2	Кәсіби бағдарлау	Студенттерді кәсіби бағдарлау және жұмысқа орналастыру процесінде мансаптық кеңес беру мен тағылымдама бағдарламалары арқылы қолдау. Университет түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелері индикаторын мониторингтеу және оны арттыру.

3	Жұмыс берушілер арасындағы бедел индексі	Индекс түлектердің жұмысқа орналасуының негізгі аспектісін ескеретіндіктен, түлектердің жоғары біліктілігі университеттің жұмыс берушілер арасындағы беделіне тікелей ықпал етеді.
4	Академиялық бедел индексі	Халықаралық академиялық сарапшылардың мекеменің ғылыми зерттеулер сапасын, академиялық серіктестікті дамыту тәсілін, стратегиялық ықпалын, білім беру қызметіндегі инновацияларын және тұтастай алғанда білім беру жүйесі мен қоғамға әсерін бағалауы.

Ақыр соңында, жетекші рейтингтің жалпы бағасының 50%-ын құрайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – жоғары оқу орындарының беделін нығайтуға ықпал ететін біліктілік талаптарын қамтитын академиялық және кәсіби бедел. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл еңбек нарығы талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған, бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Студенттерді кәсіби бағдарлау процесінде қолдау мансаптық кеңес беру және тағылымдама бағдарламалары, сондай-ақ түлектердің жұмысқа орналасуын мониторингтеу арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс берушілер арасындағы бедел индексі түлектердің біліктілігін ескереді және университеттің беделіне ықпал етеді. Академиялық бедел индексі халықаралық сарапшылардың ғылыми зерттеулер сапасын, академиялық серіктестікке көзқарасты, оқытудың инновациялық әдістерін және оның білім беру жүйесі мен қоғамға әсерін бағалауы негізінде қалыптасады.

Академиялық және кәсіби беделге қойылатын біліктілік талаптары білім сапасының жоғары деңгейіне және білім беру ұйымдарының орнықты дамуына кепілдік берудің қажетті негізін қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, университеттердің біліктілік талаптарын бақылаушы органдар алдында айқындау және растау жүйесін жетілдіру мәселесі туындайды. Өз кезегінде, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары заңнамалық негізде белгіленген талаптарға, сонымен бірге

мамандықтарға деген сұраныспен, технологиялық прогреспен және студенттердің таңдауымен айқындалатын нарық талабына сәйкес болуға ұмтылады.

Айта кету керек, негізгі стейкхолдерлер үшін университетті таңдау кезінде маңызды факторлардың бірі – студенттердің нәтижелі оқуына, ал оқытушылардың педагогикалық және зерттеушілік қызметіне инфрақұрылым қалыптастыратын университеттің материалдық-техникалық базасы. Жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған заманауи техникалық жабдықтармен қамтылған аккредиттелген зертханалары болуы қажет. Сонымен қатар, білім алушылардың қауіпсіздігі де маңызды, оған өткізу режимі мен бейнебақылау жүйесі кіреді. Кітапхана қоры оқу және әдістемелік материалдармен тұрақты жаңартылып отыруы, сондай-ақ электрондық ресурстар мен ғылымиметриялық дерекқорларға қолжетімділікке ие болуы тиіс. Бұдан басқа, сапалы интернетпен, компьютерлермен және лицензиялық бағдарламалармен, соның ішінде жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру және архивтік деректерді сақтау жүйелерімен қамтамасыз ету қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жоғары оқу орындарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру және ғылыми қызметті жүйелі түрде жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсынымдарды орындау қажет. Ең алдымен, еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келетін және ғылыми зерттеулер нәтижелерін ескеретін білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға назар аудару қажет, бұл олардың өзектілігі мен университеттердің және жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, білім беру процесінің барлық аспектілерін тұрақты мониторингтеуді және бағалауды қамтитын тиімді сапаны басқару жүйесін енгізу қажеттігі туындайды, бұл кемшіліктерді жедел анықтап, оларды жою бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Қажетті ғылыми дәрежелерге ие болып қана қоймай, кәсіби даму бағдарламаларына тұрақты қатысып, халықаралық индекстелетін жоғары рейтингті журналдарда

белсенді жарияланатын оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға ерекше назар аудару қажет, өйткені бұл білім беру қызметтерінің сапасы мен ғылыми нәтижелердің жоғарылауына ықпал етеді.

Жұмыс берушілермен белсенді өзара іс-қимыл жасауға жағдай жасау кәсіби стандарттар талаптарына жауап беретін бағдарламаларды әзірлеуге және студенттерге тағылымдамалар мен практикалардан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады және сәйкесінше университеттің жұмыс берушілер арасындағы беделінің өсуіне ықпал етеді. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты кеңейту маңызды аспект болып табылады, өйткені ол шетелдік оқу орындарымен тәжірибе, білім және ресурстар алмасуға, сондай-ақ жоғары оқу орнының академиялық беделін арттыруға ықпал етеді. Бұған халықаралық жобаларға қатысу, бірлескен зерттеулер мен қос диплом бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Соңында, білім беруде инклюзивті тәсілдерді дамыту қажет, яғни мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоса алғанда, барлық студенттерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек. Бұл әлеуметтік жауапкершіліктің заманауи талаптарына сай келіп қана қоймай, неғұрлым әділ білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұдан бөлек, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өңірлік бөлінісіндегі теңгерімсіздік ішкі көші-қонның біркелкі болмауына және жекелеген өңірлерде кадр тапшылығына әкелетінін ескере отырып, университеттерді дамыту фокусын өңірлерге қарай ығыстыру қажет, бұл ғылыми инновациялардың өсуіне және білім беру қызметтерінің экспортын кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. ЖОҒАРЫ БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ, МОДЕЛЬДЕРІ МЕН СЦЕНАРИЙЛЕРІ

3.1 Цифрландыру жағдайында жоғары білім беру қызметтері нарығын дамыту сценарийлерін модельдеу

Нарықтық экономика жағдайында көптеген елдерде серпінді цифрлық технологиялардың ықпалы байқалады, бұл көптеген салалардың, соның ішінде жоғары білім беру секторының дамуы үшін жаңа жағдайлар қалыптастырады. Цифрлық технологияларды пайдалану білім беру қызметтерін ұсыну тәсілдерін едәуір өзгертті, білімнің қолжетімділігін кеңейтті, ақпаратты беру үдерісін жеделдетті және оқу орындары мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты трансформациялады. Цифрлық технологияларды тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері олардың неғұрлым қолжетімділігімен және білім беру форматтарының икемділігімен, сондай-ақ жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялануымен байланысты. Сонымен бірге, ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда, білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі мәселесі өзекті болып қала береді.

Жалпы алғанда, білім беру үдерісін цифрландырудың орындылығы бірқатар маңызды жағдайлармен айқындалады. Біріншіден, университеттер арасындағы бәсеке жағдайында оқу орнының өзінің бәсекелестік артықшылығын сақтап, нығайта алу қабілеті цифрлық инновацияларды енгізу жылдамдығына және цифрлық құзыреттерді пайдалану деңгейіне барған сайын тәуелді болып келеді. Екіншіден, білім беру үдерістерін цифрлық трансформациялау өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға, басқару мен шешім қабылдау сапасын жақсартуға, сондай-ақ білім беру қызметтері нарығының қазіргі қажеттіліктеріне жауап бере алатын тұтас білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, цифрландыру тек серпінді технологияларды игеру қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар университеттің

жаңа типінің – цифрлық университеттің – пайда болуымен де байланыстырылады. Жоғары білім сапасын арттырудың маңыздылығы аясында жоғары білім беру қызметтері нарығының құрылымы да өзгеруде. Әсіресе, цифрлық университеттерге сұраныстың артуы және білім беру нарығына қатысушылардың өзара іс-қимылды күшейтуге дайындығы тұрғысынан өзгерістер байқалады. Нәтижесінде, цифрландыру жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялардың ажырамас бөлігіне айналып, оны қазіргі сын-қатерлер мен талаптарға бейімдеуді қамтамасыз етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – цифрландыру жағдайында білім беру қызметтері нарығын дамыту сценарийлерін модельдеу, соның ішінде цифрлық университеттердің жаңа форматтарын талдауға және олардың білім беру қызметтері нарығының құрылымы мен орнықтылығына ықпалын бағалауға баса назар аудару. Зерттеуде қызметтер нарығының инновациялық акторлары бола отырып, өзара әрекеттесудің жаңа стандарттарын, икемді білім беру траекторияларын және оқытуға дараланған тәсілді ұсына алатын цифрлық университеттердің рөліне ерекше көңіл бөлінеді.

Жоғары білім беру қызметтері нарығының серпінді дамуы жағдайында сұранысты болжау университеттер мен басқа да білім беру мекемелері үшін маңызды міндетке айналады. Студенттердің таңдауына қандай көрсеткіштер әсер ететінін түсіну академиялық қауымдастыққа стратегиялар әзірлеуге және өзгеріп отыратын қажеттіліктерге бейімделуге көмектеседі. Осыған байланысты жасырын айнымалыларды талдауға негізделген сұраныс өзгерісін модельдеу неғұрлым дәл болжамдар жасауға және жоғары білімнің болашағына елеулі ықпал етуі мүмкін жасырын үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Цифрлық университеттер жасанды интеллект және оқытуды басқару жүйелері (learning management systems, LMS) сияқты озық технологияларды пайдаланудың және жоғары бейімделгіштіктің арқасында неғұрлым қолжетімді әрі сапалы білім беру өнімдерін қалыптастыра алады. Мұндай мекемелер білім алу-

шыларға олардың географиялық орналасуы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан білім алуға мүмкіндік беріп, қазіргі цифрлық қоғамда сұранысқа ие білім мен дағдыларға қолжетімділікті кеңейтеді. Осылайша, «цифрлық университет» – жоғары оқу орындарының цифрлық кеңістігін ұйымдастыруға қойылатын нормативтік және технологиялық талаптардың жиынтығы [91].

Дәстүрлі модельден айырмашылығы, «цифрлық университет» өзінің қызметін үлкен деректерді интеграциялау мен пайдалануға, басқарушылық, қаржылық және әкімшілік үдерістерді толық автоматтандыруға, сондай-ақ «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін электрондық сервистерді енгізуге негіздейді [92]. Мұндай цифрлық білім беру құрылымдары барлық цифрлық ресурстар мен қызметтерге біріздендірілген қолжетімділікті қамтамасыз етіп, тек университет ішінде ғана емес, басқа ұйымдар мен тіпті әртүрлі елдердегі ғалымдармен және мамандармен де жедел өзара әрекеттесуді қолдайды. Бұл ретте «цифрлық университеттегі» білім беру үдерісі тек онлайн дәрістер мен оқу материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар студенттердің білімді меңгеру деңгейін өлшеу мен бақылауға белсенді ықпал ететін заманауи электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады [93].

Айта кету керек, цифрландыру білім беру контентін ұсыну моделінің өзін, оқу орнының студенттермен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктерін ескеру тәсілдерін өзгертеді. Цифрлық жүйелерді енгізе отырып, университеттер өздерінің операциялық тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге «жаңа буын» біліктілік талаптарына сәйкес келетін бірегей мүмкіндіктер ұсына отырып, бәсекеге қабілетті бола түседі. Осылайша, цифрландыру білімнің қолжетімділігі мен икемділігін арттырады және университеттерге оқу тиімділігін жоғарылату және білім алу процесіне қатысуды кеңейту арқылы білім алушылардың әртүрлі топтарын қамтуға мүмкіндік береді [94].

Бейтстің пікірінше, өтпелі кезең жасанды интеллект пен онлайн-оқыту сияқты технологиялардың көмегімен «цифрлық

университеттің» қалыптасуына алып келді, бұл студенттерге өздерінің оқу жолдарын таңдауға мүмкіндік беріп, сол арқылы икемділікті қамтамасыз етеді [95]. Цифрлық университеттер технологиялар саласындағы өзгермелі талаптар мен жетістіктерге жылдам жауап бере алу қабілетінің арқасында жоғары білім беру қызметтері нарығының маңызды қатысушыларына айналуда. Сондықтан жоғары оқу орындарына, әсіресе қатаң бәсеке жағдайында, нарықтағы позицияларын нығайту және студенттердің үлгерімін арттыру үшін цифрлық инновацияларды енгізу қажет [96]. Нарық серпіні білім беру ұйымдары цифрлық құралдарды енгізіп, әкімшілік операцияларды жетілдіріп, саланың өзгеріп отырған талаптарына сәйкес дағдыларды дамытқан сайын өзгереді.

Зерттеу мақсатына қол жеткізудің келесі қадамы ретінде цифрландыру жағдайында білім беру қызметтері нарығының дамуын талдауға мүмкіндік беретін әртүрлі модельдер ұсынылады. Даму сценарийлерін модельдеу шеңберінде сандықта, сапалық та параметрлер ескерілетін болады, бұл білім беру қызметтері нарығының құрылымы мен орнықтылығындағы ықтимал өзгерістерді неғұрлым дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуіміз аясында сұранысқа әсер етуі мүмкін көптеген сипаттамалар мен факторларды пайдалану ерекше маңызға ие. Мысалы, жоғары білім беру саласында мұндай факторларға экономикалық жағдайлар, университеттер арасындағы бәсеке деңгейі, еңбек нарығының қажеттіліктері, студенттердің қалаулары (мысалы, онлайн-оқытудың танымалдығы), цифрлық сауаттылық және т.б. жатады. Білім сапасын бақылау тетіктерінің тиімділігін талдауға, әсіресе олардың үнемі өзгеріп отыратын технологиялық шындықтар мен жаһандық үрдістерге бейімделуіне арналған зерттеулер саны айтарлықтай көп [96, 97]. Сонымен қатар, қолданыстағы көптеген модельдер мен ынталандыру жүйелері оқытушылар жұмысының сапасын ескермейді, ал олардың кейбір университеттерде іске асырылуы лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етпейді [98, 99].

Бұл жоғары білім беру саласынан кәсіби мамандардың кетуіне және білім беру қызметтері сапасының төмендеуіне алып келеді [100].

Цифрландыру білім беру үдерісінің құрылымын және оны ұйымдастыру тәсілдерін өзгертеді, бұл университеттерден жаңа жағдайларға бейімделуді талап етеді. Цифрландырудың білім беру қызметтерінің қолжетімділігіне ықпалын, соның ішінде жоғары білімге қолжетімділіктегі теңдік пен әділеттілік аспектілерін түсіну үшін кешенді бағалау қажет. Цифрлық теңсіздік контекстінде әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтардан шыққан студенттердің білім беру үдерісіне қатысу мүмкіндіктері тең болмауы ықтимал екенін ескеру маңызды, бұл білім беру жүйелері үшін қосымша сын-қатерлер туғызады [99].

Білім беру қызметтері нарығындағы бар өзгерістерді тереңірек талдау үшін тек айқын факторлардың ғана емес, сонымен бірге тікелей байқалмайтын, бірақ сұранысқа жанама әсер ететін жасырын факторлардың – латентті айнымалылардың да ықпалын қарастыру маңызды. Жоғары білім беру контекстінде латентті факторларға мыналар жатқызылуы мүмкін:

1. Білім беру ұйымының беделі мен абыройы – бұл айнымалыны сапалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы бағалауға болады. Аталған фактор, әсіресе жоғары оқу орындары арасындағы бәсеке деңгейі жоғары болған жағдайда, талапкерлердің таңдауына елеулі ықпал етеді. Цифрландыру жағдайында бедел университеттің онлайн-белсенділігі мен ұсынылатын цифрлық құралдардың сапасы арқылы да қалыптасуы мүмкін, бұл оны инновациялық білім беру ұйымы (цифрлық университет деңгейіне сәйкес) ретінде қабылдауға әсер етеді.

2. Оқу бағдарламаларының инновациялылық деңгейі – бұл айнымалы да сапалық көрсеткіштер арқылы бағалануы мүмкін. Онлайн-курстар, аралас оқыту модельдері және цифрлық құзыреттер бойынша бағдарламалар сияқты жаңа форматтарды белсенді енгізетін университеттер еңбек нарығына және «жаңа буын» біліктілік талаптарына бағдарланған талапкерлер үшін неғұрлым тартымды бола түседі.

3. Білім алушылардың қанағаттану деңгейі – бұл университетпен өзара әрекеттесу, оқыту сапасына қанағаттану, цифрлық ресурстар мен қолдау сервистерінің қолжетімділігі сияқты аспектілерді қамтитын көрсеткіш.

4. ПОҚ-тың біліктілігі мен академиялық жетістіктері – бұл ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары немесе құзыреттер деңгейін көрсететін кәсіби сертификаттары бар оқытушылардың сандық көрсеткіші. Аталған көрсеткіш халықаралық журналдардағы (рейтингтік базалардағы) ғылыми жарияланымдар санын, дәйексөз индексі және конференцияларға қатысуды қамтуы мүмкін.

5. ПОҚ-тың зерттеу қызметіне тартылу деңгейі – бұл оқытушылар қатысатын ғылыми зерттеулердің сандық көрсеткіші немесе саны (гранттық қаржыландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары). Ғылыми белсенділіктің жоғары деңгейі ғылыми жетістіктерге бағдарланған студенттер үшін университеттің тартымдылығын арттыруы мүмкін.

6. Цифрлық инфрақұрылыммен жаратандырылу деңгейі – бұл жоғары оқу орындары мен кампус аймақтарының жоғары жылдамдықтағы интернетпен, мультимедиялық проекторлармен, интерактивті тақталармен және заманауи оқу үдерісін қолдайтын басқа да технологиялармен жабдықталу үлесі.

7. Кітапхана ресурстары мен электрондық дерекқорлардың қолжетімділігі – бұл студенттер мен оқытушылар үшін қолжетімді физикалық және электрондық оқу материалдарының, сондай-ақ ғылыми дерекқорларға қолжетімділіктің болуын көрсететін сандық көрсеткіш. Бұл көрсеткіш инфрақұрылымның университеттің ғылыми және зерттеу қызметін қаншалықты қолдайтынын көрсетеді.

Жоғары білім секторындағы сұранысқа ықпал ететін латентті факторлардың әсерін бағалау үшін әртүрлі талдамалық әдістерді қолдануға болады. Бұл әдістер жасырын айнымалыларды және олардың цифрландыру жағдайында білім беру ұйымдарының тартымдылығына ықпалын бағалауға мүмкіндік бере-

ді. Ғылыми әдебиетке жүргізілген талдамалық шолу негізінде мұндай талдауға қолайлы негізгі құралдарға мыналар жатады: құрылымдық теңдеулерді модельдеу әдісі (SEM), агентке-бағдарланған модельдеу (AOM), Монте-Карло әдісімен модельдеу (MCS), жүйелік динамика (SD) (П қосымшасы).

Бұдан әрі аталған әдістерді толығырақ қарастырайық.

Құрылымдық теңдеулерді модельдеу әдісі (SEM). Құрылымдық теңдеулерді модельдеу – бақыланатын және жасырын айнымалылар арасындағы күрделі өзара байланыстарды зерттеу үшін факторлық талдауды көптік регрессиямен ұштастыратын статистикалық әдіснама. Осылайша, тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, SEM цифрлық трансформацияның жоғары білім беру секторындағы сұраныс серпініне қалай әсер ететінін түсінуге қажетті негіз ұсынады. Сипаттамаларды жан-жақты талдауды жасырын айнымалыларды модельдеумен біріктіре отырып, SEM университеттердің студенттердің өзгеріп отыратын қалауларына, бәсекеге және еңбек нарығы талаптарына қалай жауап бере алатынын түсіндіре алады, бұл зерттеу нәтижелерімен де расталады [96]. Бұл тәсіл жоғары білім беру саласындағы өзгерістерді болжау үшін бақыланатын да, жасырын да айнымалыларды талдаудың аса пайдалы екенін мойындайды.

SEM-нің жасырын айнымалылары тікелей бақылауға келмейтін, бірақ нарықтық үдерістерге елеулі әсер ететін факторларды есепке алуда өте пайдалы. Цифрлық жетілу, яғни оқу орнының өз қызметіне цифрлық технологияларды енгізу деңгейі, оны болашақ студент үшін беделдірек әрі тартымды ете алады. Керісінше, оқу орнының абыройы мен беделі – нақты түрде көрінбейтін, алайда оқуға түсу орнын таңдауда аса құнды болып табылатын ұғымдар. Мұндай көзге көрінбейтін тұжырымдамалар халықаралық рейтингтер, студенттік бағалаулар және түлектер желісінің табыстылығы сияқты белгілі бір көрсеткіштер арқылы жанама түрде көрініс табады. Бұдан басқа, SEM онлайн-білім беруді енгізуге әсер ететін ең ықпалды факторлардың бірі студенттердің цифрлық оқуға дайындығы

екеніне сүйенеді: бұл дайындық айқын цифрлық құзыреттермен, сондай-ақ студенттердің технологияларды қабылдауымен және цифрлық оқу ортасында өз бетінше жұмыс істеуге деген жайлылық деңгейімен айқындалады. Болашақта цифрлық білім беру дамыған сайын, жоғары оқу орындары онлайн-бағдарламаларға деген сұранысты жақсырақ болжау үшін осы іргелі элементтерді ескеруі тиіс.

SEM моделі бақыланатын айнымалылар (X_1, X_2, X_3) мен жасырын конструкциялар (η_1, η_2) арасындағы қатынастарды (1) формуладағы теңдеу арқылы зерттейді:

$$\eta_1 = \lambda_{11}X_1 + \lambda_{12}X_2 + \lambda_{13}X_3 + \zeta_1 \quad (1)$$

мұндағы: η_1 – жасырын айнымалы, мысалы, цифрлық жетілу, ал λ_{11} – факторлық жүктеме, яғни бақыланатын айнымалылардың – бұл жағдайда бәсеке мен экономикалық жағдайлардың – жасырын конструкциямен байланыс күшін көрсететін шама. ζ_1 қатесі осы жасырын айнымалымен байланысты түсіндірілмеген дисперсияны көрсетеді.

SEM-нің тұжырымдамалық негізін түсіну цифрландыру жағдайында жоғары білім беру қызметтеріне деген сұранысқа әсер ететін айнымалыларды сыни тұрғыдан ұғыну үшін маңызды. STEAM тәсілі арқылы алынған ұсынымдар университеттер үшін цифрлық трансформация мен қызметтерді жетілдіруге, сондай-ақ стратегиялық маркетингтік стратегияны әзірлеуге өте пайдалы болуы мүмкін, бұл студенттердің өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне неғұрлым тиімді жауап беруге мүмкіндік береді.

Агентке бағдарланған модельдеу (АБМ). Агентке бағдарланған модельдеу – цифрландыру контексіндегі жоғары білім беру қызметтері секторының дамуын талдау мен болжау құралы. Осы тұжырымдама аясында университеттер, студенттер, қызметкерлер және мемлекеттік мекемелер өз мақсаттарына сәйкес әрекет ететін және сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделе жауап қайтаратын автономды агент-объектілер ретін-

де қарастырылады. Агенттік модельдеу әртүрлі агенттердің өзара әрекеттесуін нақты көрсетеді, осылайша жеке шешім қабылдау үдерістерінің нәтижесінде пайда болатын нарықтардың күрделі мінез-құлқын егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді.

АБМ моделі білім беруге цифрландырудың ықпалын зерттеуде кеңінен қолданылады, өйткені бұл салада технологияларды енгізу, саясатты әзірлеу және нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында елеулі әрі жылдам өзгерістер орын алды. Жоғары оқу орындарының өздері студенттерді тарту үшін онлайн-платформаларды көбірек қолдана бастаған кезде, студенттердің де икемді әрі жоғары технологиялы білімге деген талғамы өзгерді. АОМ осындай күрделі өзара әрекеттесулерді модельдей алатындықтан, жоғары білім беру қызметтерінің болашағына әртүрлі стратегиялардың қалай әсер ететінін терең түсінуге мүмкіндік береді.

АБМ моделі айнымалылар арасындағы өзара әрекеттесуді (2) формула арқылы келесідей көрсетеді:

$$A_i(t+1) = f(A_i(t), E(t), P_i) \quad (2)$$

мұндағы: $A_i(t)$ – t уақыт мезетіндегі i агенттің күйі, $E(t)$ – цифрландыруды қолдауға бағытталған экономикалық жағдайлар мен мемлекеттік бастамаларды қамтитын сыртқы орта, P_i – агенттің мінез-құлқын айқындайтын параметрлер, мысалы цифрлық сауаттылық деңгейі мен ресурстарға қолжетімділік.

Агентке бағдарланған модельдеу тұжырымдамасының тағы бір маңызды қолданылу саласы – цифрлық ресурстарға қолжетімділіктегі өңірлік айырмашылықтарды талдау. Мысалы, интернет инфрақұрылымы төмен дамыған өңірде орналасқан университеттер онлайн-білім беруді тиімді ұсына алмауы мүмкін. Жалпы алғанда, модель белгілер арасындағы корреляциялар мен тәуелділіктерді талдайды, мысалы, студенттердің цифрлық дайындығының жоғары болуы онлайн-курстарға деген сұранысты арттыра алатынын түсінуге көмектеседі.

Монте-Карло әдісімен модельдеу. Монте-Карло әдісімен модельдеу – белгісіздікке ұшырайтын үдерістердегі әртүрлі нәтижелер ықтималдығын модельдеу үшін кездейсоқ іріктеуді пайдаланатын талдау әдісі. Бұл – кездейсоқ іріктеуге негізделген және белгісіздікпен байланысты үдерістердің әртүрлі нәтижелерінің ықтималдығын модельдеу құралы ретінде қолданылатын тәуекелдерді талдаудың жалпы әдісі. Осылайша, бұл модель білім беру ұйымдарына цифрлық технологиялар мен оқу үдерістерін цифрландыруды енгізуге байланысты мүмкіндіктер мен кейбір тәуекелдерді түсінуге мүмкіндік береді. Монте-Карло әдісін сценарийлік жоспарлауға енгізу арқылы университеттер ықтимал қиындықтарды жақсырақ болжай алады және өздерінің цифрлық стратегияларын оңтайландыру үшін деректерге негізделген шешімдер қабылдай алады.

MCS-те осы жүйенің нәтижесі ықтималдық үлестірімдерінен таңдалатын бірнеше белгісіз айнымалылардың $x_1, x_2, \dots, x_n$ функциясы ретінде (3) формулаға сәйкес модельденеді:

$$O = f(x_1, x_2, \dots, x_n) \quad (3)$$

мұндағы: x_i айнымалысы білім беру қызметтерін цифрландыру үдерісіне әсер ететін белгілі бір белгісіз факторды білдіреді. Мысалы, қаржыландыру көлемі, АКТ енгізу қарқыны, білім беру саясатындағы өзгерістер немесе технологияларға қолжетімділіктегі өңірлік айырмашылықтар.

Қаржыландыру көлемі ауытқып отырады, бұл оқу орнының цифрлық инфрақұрылым, онлайн-платформалар және ПОҚ даярлығы сияқты салаларға қаншалықты инвестиция сала алатынына әсер етеді. Бұдан басқа, цифрлық технологияларды білім беру практикасына енгізу жылдамдығы оқу орындарының өз ішінде де, олардың арасында да әртүрлі болады, бұл, өзге факторлармен қатар, оқу орнының дайындығына, персоналдың цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларына

және қолданыстағы технологиялық әлеуетке тәуелді. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар қабылдайтын бастамалар мен нормативтік актілердегі өзгерістер университеттердің цифрлық трансформацияға ұмтылуындағы стратегияларына елеулі ықпал етуі мүмкін.

Жүйелік динамика (SD). Жүйелік динамика – ішкі кері байланыс контурлары бар, өзара байланысты компоненттерден тұратын күрделі әрі дамып отыратын жүйелерді талдаудың кешенді әдіснамасы. Осылайша, бұл модель жоғары оқу орындарындағы цифрлық трансформация үдерістеріне стратегиялардың ұзақ мерзімді ықпалын түсіндірудің тұжырымдамалық негізі болып табылады. Жүйелік динамиканы жоғары оқу орнына қолдану арқылы осы өзара әрекеттесулердің сызықтық емес әсерін және студенттердің оқу нәтижелері мен оқу орнының ұзақ мерзімді тиімділігіне қол жеткізу үшін қандай ынталандыру стратегияларын әзірлеуге болатынын түсінуге болады [101].

Жүйелік динамикаға негізделген әдіснаманың басым бөлігі уақыт ішіндегі жинақталу, қорлар және олардың өзгерістерін ағындармен бірге көрсететін қорлар мен ағындар диаграммасын пайдалануға негізделеді. Мысалы, цифрлық трансформация жағдайында «қор» ПОҚ-тың цифрлық сауаттылық деңгейін білдіруі мүмкін, ал «ағын» білім беру бағдарламалары аясындағы оқытудың осы сауаттылық деңгейін арттыру жылдамдығымен анықталады. Форрестер атап өткендей, мұндай диаграммалар бірқатар айнымалылардың өзгерістерін және олардың уақыт бойынша өзара әрекеттесуін көрнекі түрде көрсетеді, сондықтан олар стратегия әзірлеу үшін, сәйкесінше цифрлық трансформацияны стратегиялық жоспарлау үшін өте пайдалы [102].

SD модельдерінің негізгі сипаттамасы – олар модельді құрайтын айнымалылардың өзгеру жылдамдығын сипаттайтын дифференциалдық теңдеулерге негізделеді. SD моделі және оның себеп-салдарлық байланысы (4) формула бойынша келесі дифференциалдық теңдеумен өрнектелуі мүмкін:

$$\frac{dC(t)}{dt} = \beta I(t) - \delta C(t) \quad (4)$$

мұнда: $\frac{dC(t)}{dt}$ – уақыт бойынша цифрлық технологияларды меңгеру деңгейінің өзгеруі, β – біліктілікті арттыруға салынған инвестициялардың тиімділік коэффициенті, $I(t)$ – t уақыт мезетіндегі цифрлық инфрақұрылымға салынған инвестициялар деңгейі, δ – цифрлық құзыреттердің не ескірген дағдылар салдарынан, не үздіксіз оқытудың жеткіліксіздігінен төмендеу жылдамдығы.

Осы жүйені уақыт бойынша модельдеу университеттерге цифрлық технологияларға салған инвестицияларының ұзақ мерзімді салдары қандай болатынын болжауға және соның нәтижесінде қандай инвестициялар мен олардың қандай көлемі білім беру сапасының оңтайлы әрі орнықты артуына алып келуі мүмкін екендігі туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модельдің кері байланыс құрылымы қаржыландыру жағдайының өзгеруінен бастап жаңа технологияларды енгізуге дейінгі кең ауқымды сценарийлерді олардың ағымдағы тиімділікке және мекеменің ұзақ мерзімді орнықтылығына ықпалы тұрғысынан сынауға мүмкіндік береді. Осылайша, АКТ жоғары оқу орындары үшін цифрлық трансформация жағдайында өз қызметін тиімді басқаруда шешуші рөл атқара алады. Университет ресурстар, құзыреттер мен нәтижелер арасындағы кері байланыстар мен өзара тәуелділіктерді тереңірек түсінуге, осы қарқынды өзгеріп отырған цифрлық ортада білім беру ұсынысын жақсарту үшін ресурстарды пайдалану тәсілдері жөнінде ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға неғұрлым қолайлы жағдайда болады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде келесі қорытындылар жасауға болады. SEM әдісі университет беделі мен студенттердің қанағаттануы сияқты жасырын айнымалыларды және олардың білім беру қызметтеріне сұранысқа ықпалын

талдауға мүмкіндік береді. АОМ әдісі студенттер, университеттер және мемлекеттік мекемелер арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеуге баса назар аударады, күрделі байланыстар мен цифрлық өзгерістерге бейімделуді көрсетеді. Монте-Карло әдісі білім беру ұйымдарына қаржыландырудың ауытқуы мен білім беру саясатының өзгеруі сияқты белгісіздіктерді ескеруге және олардың болашаққа ықтимал салдарын болжауға мүмкіндік береді. Ақырында, SD әдісі цифрландыру салдарының ұзақ мерзімді талдауына бағдарланып, цифрлық инфрақұрылымға салынған инвестициялар мен қызметкерлердің құзыреттерін дамыту университет тұрақтылығына қалай әсер етуі мүмкін екенін анықтайды. Осы модельдеу әдістерінің әрқайсысы, әсіресе цифрландыру жағдайында, жоғары білім беру секторын талдау мен болжау үшін бірегей мүмкіндіктер береді.

Мұндай талдамалық тәсілдерді табысты қолдану академиялық персоналды белсенді тартусыз мүмкін еместігін атап өткен жөн. Оқытушылардың уәждемесі мен кәсіби дамуы цифрландыру стратегияларын іске асыруда және білім беру процесінің сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады.

Бүгінде академиялық персонал, әсіресе университет оқытушылары, уәждемемен байланысты бірқатар ерекше мәселелерге тап болады. Олардың қатарына жоғары білімді қаржыландырудың жеткіліксіздігі, сертификаттау процестерінің шамадан тыс бюрократиялануы және өңірлік жоғары оқу орындарында кәсіби өсу мүмкіндіктерінің шектеулілігі жатады. Тағы бір маңызды мәселе – кәсіби даму бағдарламаларындағы икемділіктің жетіспеушілігі. Оқытушылар көбіне өздерінің нақты қажеттіліктеріне жауап бермейтін немесе заманауи білім беру сын-қатерлерін ескермейтін курстарға тап болады, бұл мұндай бағдарламалардың тиімділігі мен уәждемелік әсерін төмендетеді.

Академиялық персоналды ынталандырудың тиімді жүйесін әзірлеу үшін олардың жеке ерекшеліктері мен кәсіби қызметінің ерекше қырларын ескеру қажет. Академиялық персо-

нал еңбек өтілі, ғылыми біліктілік, ғылыми жобаларға қатысу, сондай-ақ оқу және әкімшілік жүктеме сияқты бірқатар параметрлер бойынша жоғары деңгейдегі әркелкілікпен сипатталады. Бұл факторлар уәждемеге деген тәсілді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, өйткені олар қызметкерлердің алуан түрлі қажеттіліктері мен ынталандырушы факторларын ескеретін дараланған стратегияларды талап етеді [100].

Төменде 27-суретте осы зерттеу аясында әзірленген жоғары оқу орны оқытушыларын ынталандыру схемасы ұсынылған.



Сурет 27 – ePORTAL моделі арқылы ПОҚ нәтижелілігі мен уәждemesін басқару жүйесінің схемасы

Келесі кезеңде деректер мамандандырылған құралдардың көмегімен жүйелендіріліп, өңделеді, соның ішінде оқытушылар қызметінің көрсеткіштері негізінде жалақыға үстемақыларды айқындайтын сыйақыны есептеу құралы пайдаланылады. Бұдан әрі ePORTAL жүйесі келесі көрсеткіштерді талдайды: қызметкерлер қызметі туралы жинақталған деректер, ғылыми жұмыстағы жетістіктер, кәсіби даму жоспарлары және білім

беру процесіне тартылу дәрежесі. Талдаудан кейін нәтижелер верификациядан өтеді, оның барысында деректер бірнеше деңгейде тексеріледі. Персонал қызметі деректердің дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді, сапаны бақылау қызметі жұмыс стандарттарының сақталуын қадағалайды, ал ішкі аудиттер бағалаудың барлық рәсімдерінің объективтілігін қамтамасыз етеді. Қорытынды кезең – тексерілген және талданған деректерге негізделген сыйақы жүйесі.

Бұдан әрі жоғарыда аталған модельдеу әдістерін ePORTAL жүйесімен интеграциялау талап етіледі. Модельдеу әдістері ПОҚ тиімділігіне және олардың ғылыми қызметіне әсер ететін негізгі факторларды неғұрлым терең түсінуге ғана емес, сонымен қатар басқарушылық шешімдердің салдарын болжауға мүмкіндік береді, осылайша цифрландыру жағдайында жоғары білім беру қызметтері нарығын дамыту сценарийлерін әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Төменде 25-кесте ұсынылған, онда әдістердің ПОҚ туралы деректерді талдау және білім беру процесінің сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық шешімдер қабылдау үшін ePORTAL жүйесінде қалай қолданылуы мүмкін екені сипатталған.

Кесте 25 – ePORTAL жүйесінде модельдеу әдістерін қолдану

Талдау әдісі	ePORTAL жүйесіндегі қолданылуы	ПОҚ-ты басқару үшін артықшылықтары
Құрылымдық теңдеулерді модельдеу әдісі (SEM)	Жасырын факторлар (мысалы, бедел, студенттердің қанағаттануы, бағдарламалардың инновациялылығы) мен олардың ПОҚ нәтижелілігі көрсеткіштеріне ықпалы арасындағы күрделі өзара байланыстарды талдау	Табыстың негізгі факторларын анықтауға және ПОҚ қызметін университеттің жалпы стратегиялық мақсаттарымен байланыстыратын модель құруға көмектеседі. Оқыту сапасы мен ПОҚ уәждемесін жақсарту шараларын әзірлеуді жеңілдетеді

Агентке бағдарланған модельдеу (АОМ)	Акторлар арасындағы өзара әрекеттесуді модельдеу (оқытушылар, студенттер, әкімшілік персонал, жұмыс берушілер). Көтермелеу жүйесін түзету және цифрлық инфрақұрылымды жақсарту сияқты өзгерістердің ықпалын бағалауға мүмкіндік береді	Мінез-құлық сценарийлерін бағалау ПОҚ-тың уәждемесі мен тартылуын басқаруға көмектеседі, бұл білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Университет беделін нығайтудың тиімді тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді
Монте-Карло әдісі (MCS)	Белгісіздіктерді модельдеу және сценарийлерді талдау. ПОҚ белсенділігінің өзгермелілігін немесе еңбек нарығындағы сыртқы өзгерістерді ескере отырып, басқарушылық шешімдердің әртүрлі нәтижелерін симуляциялауға мүмкіндік береді	Ықтимал сценарийлерді бағалау ПОҚ-ты басқарудың бейімделгіштігін арттырады және неғұрлым орнықты шешімдерді таңдауға көмектеседі. Кадр саясатын жоспарлау кезінде тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді
Жүйелік динамика (SD)	ePORTAL жүйесіндегі ұзақ мерзімді процестерді және олардың өзара байланыстарын талдау, мысалы, ПОҚ тәжірибесінің жинақталуы, студенттердің қанағаттануы, университет беделі	Шешімдердің оқыту сапасына, университет тартымдылығына және оның нарықтағы бәсекелік позицияларына ықпалын болжауға мүмкіндік береді

Қорытындылай келе, цифрландыру жоғары білім беру қызметтері нарығына елеулі ықпал етіп, оқыту тәсілдерін өзгертіп, білімге кең қолжетімділікті қамтамасыз етіп және өзара әрекеттесу үдерістерін жеделдетті. Білім беру қызметтері нарығының дамуын модельдеу тәсілдері, мысалы SEM әдісі, АБМ әдісі, Монте-Карло әдісі және жүйелік динамика цифрлық өзгерістердің білім беру процестеріне ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. ПОҚ туралы, ғылыми белсенділік пен студенттердің қанағаттануы туралы деректерге ие ePORTAL жүйесі жиналған деректер негізінде стратегиялар қалыптастырудың тиімді құралына айналады. Өз кезегінде, ePORTAL жүйесін

модельдеу әдістерімен интеграциялау цифрландыру жағдайында білім беру процесін басқаруды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған модель жоғары білім беру ұйымдарының ғылыми-зерттеу әлеуетін объективті бағалауға және білім беру қызметтері нарығын одан әрі дамыту үшін негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

3.2 Жоғары білім беру ұйымдарында цифрлық технологияларды пайдалану: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер

Білім беру ортасындағы жаңа технологияларды зерттеу заманауи педагогикалық зерттеудің маңызды аспектісі болып табылады. Жаңа технологиялардың дамуы және олардың білім беру процесіне интеграциялануы жағдайында әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқу орындары оқыту мен басқарудың жаңа әдістеріне бейімделуге мәжбүр. Білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану оқыту мен оқу әдістерін трансформациялап, білім беру процестерін басқаруға жаңа тәсілдер ұсынады. Жоғары оқу орындарында қолданылатын онлайн-платформалар мен коммуникациялық құралдар сияқты цифрлық технологиялар оқу процесін жақсартуға ықпал етеді. Цифрлық технологияларды қолдану мен дамыту зерттеу тәсілдерін түбегейлі өзгерте алады, алайда сонымен бірге ықтимал проблемалар мен кедергілерді түсінуді де талап етеді. Цифрлық технологиялардың ауқымды артықшылықтарына қарамастан, олар цифрлық теңсіздікке байланысты сын-қатерлерді де туындатады. Сенімді интернетке және цифрлық құрылғыларға қолжетімділік, әсіресе шалғай немесе әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған өңірлерден шыққан студенттер үшін, әлі де өзекті мәселе болып қалып отыр. Сондықтан университеттердің тиімді дамуы үшін цифрлық технологиялардың білім беру процесіне ықпалын зерттеу аса маңызды.

Цифрлық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде көптеген оқытушылар білім беру процесін жеңілдету үшін оқы-

тудың жаңа әдістерін кеңінен қолданды. Алайда ерекше назар тек бағдарламалық қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымдарын басқару тәсілдеріне және оқытуда цифрлық технологияларды пайдалануға да аударылуы тиіс. Білім беру ортасындағы жаңа үрдістер Instagram және TikTok сияқты медиаресурстарды пайдалануды қамтиды. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы әкімшілік және басқарушылық қызметкерлер дәрістер мен практикалық сабақтарды дайындау үшін Herro Study және Moodle Platform сияқты цифрлық платформаларды пайдаланады. Цифрлық технологиялар тек студенттермен сабақ өткізу үшін ғана емес, сондай-ақ бақылау, қадағалау және мониторинг сияқты функцияларды орындай отырып, оқу процесін ұйымдастыру үшін де қолданылады. Бұл өзгерістер әсіресе Қазақстан сияқты өтпелі экономикасы бар елдер үшін өзекті, себебі жаңа технологияларды білім беру процесіне интеграциялау адами әлеует пен жалпы экономиканы дамытудың шешуші факторына айналып отыр. Алдыңғы нәтижелердің әртүрлілігін ескере отырып, жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды тиімді пайдалану мен басқару білім сапасын жақсарту үшін қаншалықты маңызды екенін анықтау қажет.

Технологиялық өзгерістер қарқынды жүріп жатқан дәуірде жоғары білімдегі цифрлық технологиялардың рөлі ғылыми қауымдастықтың назарын аударды. Цифрлық технологиялардың білімді басқаруға қалай әсер ететінін және білім беру парадигмаларын қалай өзгертетінін түсіну қажет. Жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды пайдалану барған сайын байқалатын әрі ықпалды сипатқа ие болып, білім беру ортасының әртүрлі қырларын түбегейлі өзгертуде. Онлайн-оқыту платформалары мен интерактивті бағдарламалық қамтамасыз етудің пайда болуы дәстүрлі оқытудың шекарасын кеңейтті. Зерттеулер көрсеткендей, бұл құралдар оқу процесін жақсартып қана қоймай, аралас оқыту модельдері сияқты жаңа мүмкіндіктерді де ұсынады. Білім берудегі цифрлық технологиялар білім беру процесін трансформациялау және қолжетім-

ділікті арттыру құралы ретінде көрінеді. Осылайша, цифрлық технологиялар жоғары білімге қолжетімділікті кеңейтіп, университеттерді өз құрылымдарын қайта қарауға және оларды жетілдіру үшін түбегейлі шешімдер қабылдауға итермеледі.

Цифрлық білім беру ресурстарының жаппай қолданылуы білім беру процесінің икемділігін айтарлықтай арттырды, бұл инновациялық әлеуметтік құралдар мен мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы, әсіресе шалғай өңірлерде, сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға ықпал етті. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері цифрлық технологияларды оқу процесіне бейімдеу жоғары оқу орындары студенттерінің әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет екенін көрсетеді [103, 104, 105]. Бұл жерде негізгі аспект – оқытушылардың цифрлық технологияларды қолдануы, себебі оның студенттердің тартылу және өзара әрекеттесу деңгейіне елеулі ықпал ететіні анықталған. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, құндылықтар, нормалар және рөлдер сияқты әлеуметтік факторлар оқытушылардың аралас оқыту әдістерін қабылдауына және олардың білім беру процесіндегі цифрлық инновацияларды игеруге дайындығына елеулі әсер етеді [106]. Студенттердің де осы технологияларды пайдалану мүмкіндігіне ие болуы маңызды, өйткені бұл олардың кооперациясына және орнықты байланыстар қалыптастыруына ықпал етеді.

Көптеген білім беру ұйымдары АКТ-ны пайдалану тұрғысынан оқу бағдарламаларын жаңғыртты, бұл дәстүрлі де, дәстүрлі емес студенттер мен оқытушылар топтарының білім беру мақсаттарына қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайлар жасады [107]. Нәтижелер цифрлық технологияларды интеграциялау жай ғана балама емес, білім беру процесінің қажетті құрамдас бөлігі екенін және оның оқыту мен оқу процесін басқару тәсілдеріне елеулі ықпал ететінін де растайды [108]. АКТ-ны тиімді енгізу оқытушылардың цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілігіне байланысты. Студенттердің білім сапасына қанағаттануы таңдалған оқыту әдістерімен тікелей байланысты. Дәстүрлі және онлайн форматтарды ұштастыратын аралас оқыту әдісіне ерек-

ше назар аударылып, оның оқу процесінің тиімділігіне ықпалы, сондай-ақ оқытушылардың қабылдауына әсер ететін факторлар көрсетілді [109].

Цифрлық технологиялардың пайдасына қатысты қарама-қайшы дәлелдерге қарамастан, олардың студенттердің білім беру тәжірибесі мен оқу нәтижелеріне оң әсері барған сайын мойындалуда. Технологиялық-педагогикалық білім тұжырымдамасы аясында студенттердің цифрлық технологияларды пайдалану сенімділігінің едәуір артқаны және олардың білім беру процесіне табысты интеграцияланғаны анықталды. Цифрлық құралдарды пайдалану оқу процесін оңтайландырады, контент жасауға ықпал етеді және оқытуды анағұрлым мағыналы етеді. Білім беру әдістерін жетілдіру құралы рөлін атқаратын цифрлық білім беру технологиялары жоғары оқу орындарында барған сайын маңызды бола түсуде. Білім беру ұйымдарында цифрлық технологияларды кеңінен пайдалану оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетіп, бақылау мен қадағалау сияқты функцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, цифрлық технологиялардың ықпалы туралы пікірлерде қайшылықтар болғанымен, олардың білім беру әлеуеті мен академиялық нәтижелерге оң әсері барған сайын мойындалуда [110]. Технологиялық-педагогикалық білім тұжырымдамасына сәйкес, студенттердің көпшілігі цифрлық технологияларды пайдаланудың пайдасын көреді, әсіресе оларды білім беру процесіне интеграциялау жағдайында [111]. Нәтижесінде, цифрлық құралдарды қолдану білім беру процесін оңтайландыруға, сондай-ақ студенттердің оқуын жеңілдетуге ықпал етеді. Жоғары оқу орындарында цифрлық білім беру технологиялары педагогикалық тәсілдерді жетілдірудің маңызды құралына айналууда. Бұдан бөлек, цифрлық технологияларды білім беру ұйымдарына белсенді енгізу оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетуге, сондай-ақ бақылау мен қадағалау функцияларын қолдауға ықпал етеді [112].

Алайда онлайн-оқытуға көшу бірқатар шектеулермен қатар жүреді, олардың ішінде қолжетімділіктегі теңсіздік, техни-

калық және практикалық дайындықтың жеткіліксіздігі, тұлғааралық өзара әрекеттесудегі қиындықтар және оқу жетістігін бағалаудың күрделілігі бар [113]. Кемшіліктерге технологиялар мен контент саласындағы білім өсімінің шектеулілігі, техникалық ресурстарға қолжетімділіктегі айырмашылықтар және оқу материалын студенттердің қажеттіліктеріне бейімдеудегі қиындықтар да жатады. Ресурстардың шектеулілігі тиісті қаржыландыру қажеттілігінде, жоғары білім беру ұйымдарын тиімді пайдалану мен басқару қажеттілігінде көрініс табады. Өлсіз интернет байланысы және техникалық дайындықтың жеткіліксіздігі сияқты технологиялық кедергілер білім беру процесінің сапасына елеулі әсер етеді [107, 108]. Соған қарамастан, онлайн-білімге көшу жоғары білім беру ұйымдары үшін белгілі бір мүмкіндіктер мен артықшылықтарды да береді.

Цифрлық құралдар білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған және педагогикалық практикалар мен академиялық үлгерімге белсенді әсер етеді [105, 106]. Бұл ретте цифрлық технологиялар тек сабақ өткізу үшін ғана емес, сонымен қатар бақылау, басқару және өзге де әкімшілік рәсімдер сияқты функциялар арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін де қолданылады. Бұған қоса, АКТ жоғары оқу орындарындағы әкімшілік жұмысты жақсартуда және оқыту тәсілдерін трансформациялауда маңызды рөл атқарады [113]. Деректерді басқаруға арналған цифрлық шешімдерді пайдалану университеттердегі әкімшілік және басқарушылық процестерге елеулі ықпал етеді. Оқытушылар мен әкімшілік персонал арасында жүргізілген зерттеулер цифрлық технологиялардың білім беру ортасында оң қабылданатынын көрсетеді [110, 111].

Жоғары білімді цифрлық трансформациялаудың қазіргі кезеңі үдерістерді жай автоматтандырудан білім беру қызметін басқаруда үлкен деректер мен талдамалық құралдарды пайдалануға көшумен сипатталады. Осы дамудың негізгі бағыттарының бірі білім алушылардың цифрлық іздерін талдауға негізделген Learning Analytics жүйелерін енгізу болып табылады. Цифрлық іздер деп студенттердің цифрлық білім беру платформаларымен

өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасатын деректер түсініледі: жүйеге кіру жиілігі, LMS-тегі белсенділік, онлайн-талқылауларға қатысу, тапсырмаларды орындау, материалдарды меңгеруге жұмсалған уақыт, аралық тестілеу нәтижелері және басқа да параметрлер. Бұл деректерді агрегаттау және талдау студенттердің академиялық белсенділігінің объективті көрінісін қалыптастыруға және олардың білім беру мінез-құлқының заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары білімде Big Data технологияларын қолдану құрылымдалған және құрылымдалмаған деректердің үлкен массивтерін өңдеуге мүмкіндік береді, бұл университеттерді стратегиялық басқарудың жаңа перспективаларын ашады. Цифрлық деректерді талдау негізінде академиялық үлгерімді болжау модельдері қалыптастырылады, бұл оқудың ерте кезеңдерінде тәуекел тобындағы студенттерді анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер тартылу деңгейі, тапсырмаларды орындау жүйелілігі, аралық бақылау нәтижелері мен қорытынды академиялық табыстылық арасындағы корреляциялық тәуелділіктерге негізделеді.

Университеттердің цифрлық жетілуінің тұжырымдамалық моделі тұрғысынан алғанда, Learning Analytics пен Big Data технологияларын енгізу цифрлық дамудың аналитикалық (III) деңгейіне көшуге сәйкес келеді. Егер базалық және интеграциялық кезеңдерде цифрландыру платформаларды пайдаланумен және жекелеген үдерістерді автоматтандырумен шектелсе, аналитикалық деңгей басқарушылық шешімдерді қолдау үшін білім беру деректерін жүйелі түрде жинаумен, өңдеумен және интерпретациялаумен сипатталады. Дәл үшінші цифрлық жетілу деңгейінде университет деректерді тек есептілік үшін ғана емес, сонымен қатар болжау, стратегиялық жоспарлау және академиялық үдерістерді оңтайландыру үшін де пайдалана бастайды. Предиктивті аналитиканың, оқудан шығып қалу тәуекелдерінің модельдерінің, дербестендірілген ұсынымдардың және мониторингтің талдамалық панельдерінің болуы жоғары білім жүйесінде data-driven governance қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Трансформациялық деңгейге (IV деңгей) көшу жасанды интеллектіні, шешім қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін және бейімделгіш білім беру алгоритмдерін одан әрі интеграциялауды көздейді. Алайда үшінші деңгейге тән қалыптасқан талдамалық инфрақұрылымсыз университеттің толыққанды цифрлық трансформациясына қол жеткізу мүмкін емес. Нәтижесінде, қазақстандық университеттерде Learning Analytics енгізілу дәрежесін бағалау олардың цифрлық жетілу құрылымындағы орнын неғұрлым дәл анықтауға және цифрлық дамудың неғұрлым жоғары кезеңдеріне өтуге кедергі келтіретін институционалдық шектеулерді айқындауға мүмкіндік береді.

Learning Analytics-ті интеграциялау білім беру үдерісін дербестендіруге ықпал етеді. Оқу белсенділігін талдау негізінде пәндерді таңдау, оқу қарқынын түзету, жүктемені бөлу және қосымша білім беру ресурстарын пайдалану бойынша бейімделгіш ұсынымдар қалыптастырылады. Дербестендірілген білім беру траекториялары студенттердің тартылу деңгейін арттырады және академиялық нәтижелерді жақсартуға ықпал етеді. Бұдан басқа, оқытушылар мен әкімшілік персоналға арналған талдамалық панельдерді (dashboards) пайдалану үлгерімнің, қатысымның және тартылудың негізгі көрсеткіштерін визуализациялауды қамтамасыз етеді. Бұл білім беру үдерісінің ашықтығын арттырады және деректерге негізделген басқарушылық шешімдерді (data-driven governance) қабылдауға ықпал етеді. Осылайша, Learning Analytics пен Big Data технологияларын енгізу жоғары білімді басқаруды трансформациялап, оның талдамалық құрамдасын күшейтеді және ресурстарды бөлудің тиімділігін арттырады. Университеттер арасындағы жаһандық бәсеке жағдайында деректерді стратегиялық болжау мен білім беру үдерістерін оңтайландыру үшін пайдалану қабілеті институционалдық орнықтылық пен бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторына айналады.

Цифрлық оқыту оқу материалдарын әртүрлі форматта ұсынуға кең мүмкіндіктер ашады. Цифрлық білім беру платформалары арқылы алынған көптеген білім студенттердің оқу проце-

сіне белсенді қатысуына ықпал етеді және құнды кері байланысты қамтамасыз етеді [111]. Цифрлық платформалар Google Classroom, Zoom, Google Meet, Skype және басқа да ресурстарды белсенді пайдалану жағдайында студенттер үшін де, оқытушылар үшін де жаңа норматив жағдайында онлайн-оқытуды дамытудың құралы ретінде барған сайын көбірек қарастырылады. Барлық деңгейлердегі, соның ішінде жоғары білімдегі білім беру процесінде негізгі мәселелер интернет байланысының өткізу қабілетінің шектеулілігімен және қолжетімділік квоталарының болуымен байланысты.

Қазақстан тәжірибесі цифрландыру контекстінде білім беру жүйесін реформалау жолындағы негізгі кедергілер ретінде инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуын, оқытушылар құрамының даярлық деңгейінің төмендігін және интернетке қолжетімділіктің біркелкі бөлінбеуін анықтады [114]. Онлайн-оқытуға жаппай көшу салдарынан жүктеменің күрт өсуіне интернет-жүйелердің төтеп бере алмауы қашықтан оқытуды толыққанды енгізуді қиындатты және білім беруді цифрлық трансформациялау кезінде туындайтын техникалық проблемаларды айқындады. Бұдан бөлек, дәстүрлі университеттерді цифрлық білім беру ұйымдарына трансформациялаудың және жоғары білім жүйесіне инновацияларды белсенді енгізудің маңыздылығы атап көрсетіледі. Осылайша, оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуін және білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін интеграцияланған цифрлық платформаларды пайдалануды білдіретін цифрлық университетті құруға ерекше назар аударылады. Осылайша, «цифрлық университет» – жоғары оқу орындарының цифрлық кеңістігін ұйымдастыруға қойылатын нормативтік және технологиялық талаптардың жиынтығы [115]. Дәстүрлі модельден айырмашылығы, «цифрлық университет» өз қызметін үлкен деректерді интеграциялау мен пайдалануға, басқарушылық, қаржылық және әкімшілік үдерістерді толық автоматтандыруға, сондай-ақ «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін электрондық сервистерді енгізуге негіздейді [116].

Университеттердің цифрлық трансформациясы жекелеген АКТ құралдарын бір реттік енгізу ретінде емес, институционалдық өзгерістердің жүйелі үдерісі ретінде қарастырылады. Осы өзгерістердің тереңдігі мен сапасын бағалау үшін жоғары оқу орындарының басқарушылық, білім беру және талдамалық үдерістеріне цифрлық технологиялардың интеграция деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін цифрлық жетілу (digital maturity) тұжырымдамасы пайдаланылады.

Ең кең таралған әдіснамалық негіздердің бірі – ұйымдардың цифрлық даму дәрежесін диагностикалау үшін қолданылатын Цифрлық жетілу моделі (Digital Maturity Model, DMM). Жоғары білім контекстінде бұл модель университеттік ортаның ерекшелігіне бейімделеді және бірнеше негізгі құрамдасты бағалауды көздейді: цифрлық инфрақұрылым, үдерістерді автоматтандыру деңгейі, персоналдың құзыреттілігі, деректер аналитикасын пайдалану және цифрлық шешімдердің стратегиялық басқаруға кірігу дәрежесі. Бұл тәсілді Жоғары білімді цифрлық трансформациялау тұжырымдамасы (Digital Transformation Framework in Higher Education, DTFHE) толықтырады, оған сәйкес цифрлық трансформация өзара байланысты үш деңгейді қамтиды: операциялық (үдерістерді автоматтандыру және цифрландыру), педагогикалық (оқыту мен оқу модельдерін өзгерту) және стратегиялық (деректерге негізделген басқаруға көшу). Осы тәсіл аясында цифрландыру қолдау құралы болудан қалып, институционалдық жаңғыртудың факторына айналады.

Дамудың жеке бағыты Индустрия 4.0 қағидаттарының ықпалымен қалыптасқан University 4.0 тұжырымдамасымен ұсынылады. Бұл модельде университет цифрлық платформаларды, үлкен деректерді, жасанды интеллектіні, бұлтты технологияларды және автоматтандырылған басқару жүйелерін біріктіретін зияткерлік экожүйе ретінде қарастырылады. University 4.0 икемді білім беру ортасын қалыптастыруға, оқытуды дербестендіруге және цифрлық экономикамен тығыз ықпалдасуға бағдарланған. Қолданыстағы теориялық тәсілдерді ескере отырып, университеттердің цифрлық жетілуінің төрт деңгейін бөліп көрсету орынды:

(1) Бірінші деңгей – базалық (аспаптық). Басқару жүйесіне терең кіріктіріусіз жекелеген цифрлық платформаларды (LMS, бейнеконференцбайланыс, электрондық құжат айналымы) пайдаланумен сипатталады.

(2) Екінші деңгей – интеграциялық. Әкімшілік және білім беру үдерістерін ішінара автоматтандыруды, корпоративтік ақпараттық жүйелер мен орталықтандырылған цифрлық сервис-тердің болуын көздейді.

(3) Үшінші деңгей – аналитикалық. Деректерді өңдеу және талдау жүйелерін енгізуімен, learning analytics, мониторингтің цифрлық панельдері мен болжау элементтерін пайдалануымен ерекшеленеді.

(4) Төртінші деңгей – трансформациялық. Цифрлық университет қағидаттарының толық іске асуымен сипатталады: деректерге негізделген басқару, жасанды интеллектіні интеграциялау, үдерістерді толық автоматтандыру және икемді бейімделгіш білім беру модельдері.

Халықаралық тәжірибені талдау Еуропа мен Азияның жетекші университеттері біртіндеп цифрлық жетілудің үшінші және төртінші деңгейлеріне өтіп жатқанын көрсетеді, ал өтпелі экономикасы бар елдерде цифрлық трансформация үдерісі біркелкі емес сипатқа ие. Осы контексте қазақстандық университеттердің цифрлық жетілу деңгейін бағалау олардың жаһандық жоғары білім жүйесіндегі орнын анықтауға және стратегиялық даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық жетілу модельдерін қолдану жоғары оқу орындарының цифрлану дәрежесін одан әрі талдаудың әдіснамалық негізін қалыптастырады және цифрлық құралдарды сипаттамалық тұрғыдан қарастырудан институционалдық өзгерістерді жүйелі бағалауға көшуге мүмкіндік береді.

Әрбір цифрлық жетілу деңгейінің негізгі сипаттамаларын жүйелеу 26-кестеде ұсынылған, бұл университеттердің цифрлық трансформация кезеңдері арасындағы айырмашылықтарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Кесте 26 – Университеттердің цифрлық жетілу деңгейлері

Инфрақұрылым сипатта-масы	Білім беру үдерісі	Басқару және аналитика	Стратегиялық бағдар
<i>I. Базалық (аспаптық)</i>			
Жекелеген цифрлық плат-формаларды (LMS, Zoom, Teams), базалық электрон-дық құжат айналымын пай-далану	Дәстүрлі курстарды әдісна-маны өзгертпестен онлайн форматқа көшіру	Жүйелі аналитиканың бол-мауы, деректерді қолмен өңдеу	Цифрландыру көмекші құрал ретінде қарастыры-лады
<i>II. Интеграциялық</i>			
Үдерістерді ішінара авто-маттандыру, корпоративтік ақпараттық жүйелерді енгізу	Аралас оқыту (<i>blended learning</i>), цифрлық ресур-старды пайдалану	Орталықтандырылған дерекқорлар, базалық есептілік	Цифрландыру стратегиялық құжаттарға енгізілген
<i>III. Аналитикалық</i>			
Интеграцияланған циф-рлық платформалар, бірыңғай ақпараттық орта	Оқытуды дербестендіру, <i>learning analytics</i> пайда-лану	<i>Data-driven</i> мониторинг, академиялық тәуекелдерді болжау	Басқарушылық шешімдер деректер негізінде қабыл-данады
<i>IV. Трансформациялық (University 4.0)</i>			
Толық цифрлық экожүйе, AI мен Big Data интегра-циясы	Бейімделгіш білім беру модельдері, цифрлық оқу траекториялары	Предиктивті аналитика, ресурстарды автоматтан-дырылған басқару	Цифрлық трансформация институционалдық страте-гияның өзегі ретінде қара-стырылады


Цифрлық технологиялар білім беру ортасына елеулі ықпал етеді. Оларды интеграциялау білім сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін дамытудың жаңа перспективаларын ашуға уәде береді. Цифрлық технологиялардың жоғары білімге қалай және қаншалықты дәрежеде әсер ететіні, сондай-ақ бұл технологиялардың білім беру процесін басқару тиімділігін қалай арттыра алатыны туралы мәселе әлі де жеткілікті зерттелмеген сала болып қалып отыр. Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстанның жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды (әлеуметтік медиа құралдарын, цифрлық онлайн-платформаларды және цифрлық оқыту платформаларын) пайдалануға байланысты университеттер үшін туындайтын сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді анықтау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу және неғұрлым терең талдау жүргізу үшін Қазақстанның әртүрлі жоғары оқу орындары зерттелді, бұл оқу процесі мен әкімшілік қызметте цифрлық технологияларды енгізу және пайдалану деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеуге ірі ұлттық университеттер де, өңірлік жоғары оқу орындары да енгізілді, бұл жоғары білім беру секторындағы цифрландырудың қазіргі жай-күйінің репрезентативті көрінісін алуға мүмкіндік берді.

Талдаудың бастапқы кезеңінде зерттеудің негізгі мақсаты айқындалып, әрі қарайғы талдауды бағыттауға негізгі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды. Содан кейін зерттеушілер қолда бар ресурстар мен шектеулерді анықтауға бағытталған құрылымдық зерттеу жүргізіп, кейіннен SWOT-талдау жасады. Бұл тәсіл жоғары оқу орындарындағы цифрландыру үдерісіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды, соның ішінде күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік берді, бұл бірінші сызбада ұсынылған. Осы талдау негізінде білім беру процестерінің тиімділігі мен орнықтылығын арттыруға арналған стратегиялық шешімдер тұжырымдалып, олар 28-суретте берілген.

Бұдан әрі зерттеу қазақстандық университеттердің ішкі ұйымдық құрылымын талдауға, атап айтқанда цифрлық техно-

логияларды стратегиялық жоспарлау мен енгізудегі басқарушы персоналдың рөліне шоғырланды. Басқарушы құрамның негізгі әкімшілік лауазымдары – ректорлар, проректорлар, декандар, бөлім басшылары бөлініп көрсетілді, бұл олардың цифрлық трансформация үдерісіне қосқан үлесін талдауға мүмкіндік берді. Басқарушы құрам құрылымында басқару мен оқытушылық қызметті қатар атқаратын басшыларға ерекше назар аударылды, бұл олардың цифрландыру стратегияларын қалыптастырудағы рөлін күшейтеді.




Сурет 28 – Зерттеу құрылымы және SWOT-талдауды жүргізу кезеңдері

Зерттеу барысында Парето теориясының классикалық моделі қолданылды, оған сәйкес қатысушылардың 20%-ы нәтижелердің 80%-ын қалыптастыра алады. Осы контексте бұл университет әкімшілігін білдіретін респонденттердің шамамен 20%-ы жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды қолдану туралы неғұрлым терең түсінікке ие екенін білдіреді, өйткені олардың рөлі басқарушылық та, педагогикалық та процестерге қатысуды көздейді. Мұндай өкілдердің респонденттер арасындағы үлесі жалпы санның 41%-ын құрайды, әрі дәл осы топ білім беру процесін цифрландыруға қатысты неғұрлым толық және мазмұнды жауаптар береді. Жалпы сауалнамаға 379 адам қатысты, олардың 69 сауалнамасы жиналды, бұл 18/82

арақатынасына сәйкес келеді және Парето теориясы тұрғысынан іріктеменің репрезентативтілігін растайды.

Зерттеу қатысушыларының ішінде 10%-ы профессорлар, 12%-ы доцент лауазымын атқарады, 27%-ының қауымдастырылған профессор атағы бар, ал ең үлкен үлесті – 51%-ды аға оқытушылар құрайды (29-сурет).



Сурет 29 – Қазақстандық университеттерде цифрлық платформаларды пайдалану жиілігі

Зерттеу барысында Қазақстан университеттерінің техникалық жарақтандырылу деңгейі тұтастай алғанда заманауи білім беру стандарттарына сәйкес келмейтіні анықталды. 10 балдық бағалау шкаласы негізінде зерттелген мекемелердің көпшілігі төмен нәтижелер көрсетті, бұл цифрлық инфрақұрылымға салынатын инвестициялар деңгейінің жеткіліксіздігін және университеттер арасында техникалық ресурстардың біркелкі бөлінбегенін көрсетеді. Алайда зерттелген жоғары оқу орындарының ішінде К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басқа университеттерге қарағанда жоғары бағалар алды. Осылайша, жоғары балдар аталған университеттердің цифрлық инфрақұрылымды жақсарту және білім беру процесінің сапасын арттыру бағытындағы нысаналы күш-жігерін көрсетеді.

Көптеген оқу орындарындағы техникалық жарақтандырылудың төмен деңгейі қосымша инвестициялардың, сондай-ақ білім беру ортасын жаңғырту қажеттілігінің бар екенін көрсетеді. Оқытуға қойылатын жаһандық талаптардың, мысалы COVID-19 пандемиясына байланысты икемді және қашықтан оқыту нысандарына көшу сияқты өзгерістер жағдайында білім беру процесін лайықты цифрлық қолдау енді жай ғана қалаулы элемент емес, оқыту сапасын қамтамасыз етудің қажетті шартына айналып отыр. Осы контексте жарақтандыру деңгейін арттыру тек технологиялық емес, сонымен қатар қазақстандық жоғары оқу орындары үшін стратегиялық басымдыққа айналды, бұл оқу орындарының өздерінің де, мемлекеттің де неғұрлым белсенді қолдауын талап етеді.


Университеттерде қолданылатын цифрлық платформалар да білім беру процесін ұйымдастыру мен қолдауда маңызды рөл атқарады. Талдау көрсеткендей, Microsoft Teams пен Zoom онлайн-оқыту үшін ең кең таралған құралдар болып табылады. Бұл платформалар оқытушылар мен студенттер арасындағы синхронды өзара іс-қимыл мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, білім алушылар виртуалды дәрістерге, семинарларға және сабақтардың басқа түрлеріне қатыса алатын толыққанды цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ курстарды ұйымдастыру және өзіндік оқуға арналған форматта оқу материалдарын ұсыну үшін Moodle платформасының кеңінен қолданылатыны атап өтілді, бұл асинхронды оқыту қағидаттарын жүзеге асыру үшін ерекше маңызды.

Сонымен бірге AlmaU, ҚазХҚЖӨТУ және Narxoz University сияқты университеттер оқу процесін басқаруға арналған мамандандырылған құралдарды ұсынатын Herro Study платформасын енгізді. Бұл жекелеген жоғары оқу орындарының оқытудағы неғұрлым икемді және инновациялық тәсілдерге дайындығын көрсетеді, бұл өз кезегінде білім беру процесінің тиімділігін және студенттердің қанағаттану деңгейін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Университеттерде цифрлық әлеуметтік сервистерді пайдалану да білім беру ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Instagram, TikTok, Facebook және Twitter сияқты құралдар студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттесу, ғылыми ақпарат алмасу, сондай-ақ әлеуетті талапкерлерді тарту үшін белсенді қолданылады. Әлеуметтік желілердегі белсенді қатысу университеттерге тартымды имидж қалыптастыруға, білім беру бағдарламаларын ілгерілетуге және студенттер мен түлектер арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Университеттер арасында ең көп таралған платформалар – ілгерілету мен коммуникация үшін белсенді қолданылатын Instagram мен Facebook. LinkedIn ірі жоғары оқу орындарында қолданыс тапқан және кәсіби байланыстар орнату үшін пайдаланылады.

Жүргізілген талдау Қазақстандағы жоғары білімнің цифрлық трансформациясы жүйелі, бірақ біркелкі емес сипатқа ие екенін көрсетті. Цифрлық технологиялар білім беру және әкімшілік процестерге белсенді түрде енгізілуде, алайда көп жағдайда олардың қолданылуы цифрлық жетілудің аспаптық және ішінара интеграциялық деңгейлерімен шектеледі. Әзірленген цифрлық жетілу моделі цифрландыру процестерін құрылымдауға және аналитикалық деңгейге көшу үшін Learning Analytics пен деректерге негізделген басқару тетіктерін енгізу қажеттігін анықтауға мүмкіндік берді. Эмпирикалық нәтижелер онлайн-платформалардың кеңінен қолданылатынын растайды, алайда предиктивті аналитика мен оқытуды дараландыру элементтері әзірге үзік-үзік сипатта ғана дамыған. Елеулі шектеулер ретінде инфрақұрылымдық жарақтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі, ресурстарға қолжетімділіктің біркелкі еместігі және оқытушылар құрамының бір бөлігінде цифрлық құзыреттердің тапшылығы қалып отыр. Сонымен бірге Big Data мен талдамалық құралдарды енгізу академиялық үлгерімді болжау, оқудан шығып қалу тәуекелдерін азайту және басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Осылайша, университеттердің цифрлық трансформациясын одан әрі дамыту аналитикалық инфрақұрылымды қалыптастыруға

және data-driven governance моделіне көшуге бағдарлануы тиіс. Бұл тәсілді іске асыру қазақстандық университеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және олардың цифрлық экономика жағдайындағы орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (30-сурет).



Сурет 30 – Қазақстандық университеттерде цифрлық әлеуметтік сервистерді пайдалану жиілігі

Қазақстандық университеттердің техникалық жарақтандырылу деңгейі жоғары білімді басқаруға елеулі ықпал етеді, заманауи оқыту мен зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету инклюзивтілікті дамытуға және білім беру мен ғылыми ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етеді. Тиісті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы инклюзивті білім беруді дамытуға және білім беру мен ғылыми ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге жағдай жасайды. Зерттеу барысында жиналған деректер қазақстандық жоғары оқу орындарының жарақтандырылу деңгейі едәуір ерекшеленетінін көрсетеді, бұл білім беру процесінің сапасын арттыру үшін қосымша инвестициялар қажеттігін айғақтайды.

Цифрлық технологияларды білім беру процесіне енгізу университеттерге елеулі артықшылықтар берумен қатар, жаңа сын-қатерлер де туындатады. Жүргізілген SWOT-талдау оқу ортасында цифрлық технологияларды пайдаланудың негізгі аспектілерін құрылымдауға және оларды қолданудың күшті және әлсіз жақтары туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді. Анықталған мүмкіндіктер мен ықтимал қауіптер білім беру тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық стратегияларды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Р қосымшасында қазақстандық жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды енгізуге байланысты күшті және әлсіз жақтар, сондай-ақ мүмкіндіктер мен қауіптер ұсынылған.

Жүргізілген талдау цифрлық технологиялардың студенттердің уәждемесіне, білім беру процесінің қолжетімділігі мен тиімділігіне елеулі ықпал ететінін, сонымен бірге университеттердің ішіндегі ұйымдастырушылық және әкімшілік процестерді жақсартатынын көрсетті. Артықшылықтарына интерактивті оқыту, оқу материалдары мен бағаларға жылдам қолжеткізу, сондай-ақ бағалау мен үлгерімді есепке алу сияқты әкімшілік функцияларды автоматтандыру жатады.

Алайда техникалық қиындықтарға, деректер қауіпсіздігі мәселелеріне және тікелей қарым-қатынастың жетіспеуінен уәждеме деңгейінің төмендеуіне байланысты елеулі әлсіз жақтар да бар. Қашықтан оқыту жағдайында деректерді қорғауды қамтамасыз етуге және қызметкерлер мен студенттерді жаңа технологияларға бейімдеуге деген қажеттілік артты, бұл қосымша ресурстар мен уақытты талап етеді.

Ақпараттық құзыреттерді дамыту, электрондық ресурстарға қолжеткізу және басқарушылық процестерді автоматтандыру сияқты анықталған мүмкіндіктер университеттер үшін жаңа перспективалар ашады. Сонымен бірге технологияларға тәуелділік пен адами фактордың жоғалу қаупі сияқты қауіптер цифрлық құралдарды оқу процесіне енгізуде теңгерімді тәсілдің қажеттігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау қазақстандық университеттердің білім беру процестеріне цифрлық технологияларды енгізуге байланысты елеулі перспективалармен қатар, күрделі сын-қатерлердің де бар екенін көрсетті. Microsoft Teams, Zoom және Moodle сияқты онлайн-платформаларды қолдану цифрлық құралдардың білім сапасын жақсартудағы, оқу материалдарының қолжетімділігін кеңейтудегі және әкімшілік рәсімдерді оңтайландырудағы жоғары маңызын растайды. Бұл технологиялар оқу процесінің мүмкіндіктерін кеңейтуге және интерактивті форматтарды енгізуге ықпал етеді, соның нәтижесінде студенттердің тартылу деңгейі артады.

Сонымен қатар техникалық жарақтандырылу деңгейінің жеткіліксіздігі және цифрлық инфрақұрылымды қолдауға арналған ресурстардың шектеулілігі цифрландыру әлеуетін толық іске асыруға елеулі кедергі келтіреді. Техникалық қолдаудың жеткіліксіздігі, интернет байланысының әлсіздігі және профессорлық-оқытушылық құрамның бір бөлігінде цифрлық құзыреттердің жетіспеуі жүйелі тәсілді және қосымша даярлау бағдарламаларын құруды талап етеді. Университеттер қызметкерлердің өзгермелі цифрлық жағдайларға табысты бейімделуіне мүмкіндік беретін қолдау және біліктілікті тұрақты арттыру бағдарламаларын әзірлеуі қажет.

Онлайн-белсенділіктің көлемі мен өңделетін дербес деректер санының өсуін ескере отырып, деректер қауіпсіздігі мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді. Кибершабуылдар мен ақпараттың таралып кету қаупінің артуы қауіпсіздік хаттамаларын, қызметкерлерді кибергигиена аспектілеріне оқытуды және резервтік көшіру жүйесін қамтамасыз етуді қоса алғанда, деректерді қорғаудың кешенді шараларын әзірлеу мен енгізудің қажеттігін айқындайды. Мұндай шаралар тәуекелдерді азайтуға және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері университеттердің цифрлық инфрақұрылымын стратегиялық тұрғыдан нығайту қажеттігін, сондай-ақ қызметкерлердің жаңа технологиялармен жұмыс істеуге

даярлығын қамтамасыз ететін олардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасаудың маңызын көрсетеді. Одан арғы зерттеулер қазақстандық білім беру ұйымдарының ерекшелігіне бейімделген цифрлық технологияларды интеграциялау модельдерін әзірлеуге шоғырлануы мүмкін. Инновациялық және дәстүрлі әдістер арасындағы тиімді тепе-теңдікті іздеу қазіргі заманғы сын-қатерлерге жауап бере алатын және қазақстандық университеттердің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін орнықты білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

3.3 Озық тәжірибе негізінде жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетіктері мен инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар

Жаһандық бәсекенің артуы және жылдам технологиялық өзгерістер жаңа шынайылықты қалыптастыруда, мұнда білім беру ұйымдары қоғам мен еңбек нарығының өзекті күтулеріне сәйкес болу үшін сапа стандарттарын арттыруға мәжбүр. Цифрландыру, инновациялық трансформациялар және жоғары білікті мамандарға деген қажеттілік сияқты заманауи сын-қатерлер жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету тетіктерін жүйелі түрде қайта қарауды және тұрақты жетілдіруді талап етеді.

Озық тәжірибелер мен халықаралық стандарттарды ұлттық жоғары білім жүйесіне енгізу отандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, олардың жаһандық білім беру кеңістігіндегі позицияларын нығайтуға, білім беру бағдарламалары мен біліктіліктердің халықаралық мойындалуына ықпал етеді. Мұндай тәсіл орнықты әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге жағдай жасайды, бұл әсіресе халықаралық аренадағы өз позицияларын нығайтуға ұмтылатын елдер үшін өзекті.

Қазақстанның жаһандық білім беру кеңістігіне кірігуі жағдайында сапаның жоғары стандарттарын қамтамасыз ету қажет-

тілігі арта түсуде, бұл қазақстандық дипломдардың халықаралық мойындалуына ықпал етіп, түлектердің әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстан үкіметі жоғары білім жүйесін реформалау мен жаңғыртуға бағытталған кешенді шараларды іске асырды. 2018 жылы ҚР «Білім туралы» Заңына білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, академиялық еркіндігі мен автономиясын кеңейтуге, сондай-ақ білім беру саласындағы заңнама шеңберіндегі жауапкершілікті күшейтуге бағытталған түзетулер енгізілді. Кейіннен 2021 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 726 қаулысымен бекітілген «Сапалы білім – білімді ұлт» ұлттық жобасы қабылданды. Аталған жоба бұрын қолданыста болған 2020–2025 жылдарға арналған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын алмастырды және елдегі білім мен ғылым жүйесін дамытудың қазіргі басымдықтары мен бағыттарын айқындайды [117]. 2023 жылы мамандар даярлауда құзыреттілік тәсілді енгізуді, бейресми білім беру нәтижелерін тануды, сондай-ақ микро-біліктіліктерді, нано-кредиттерді және жинақталатын дәрежелерді енгізуді көздейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ЖЖОКБ МЖМБС) бекітілді [118].

Өткен жылы Қазақстанның жоғары білім жүйесі өзінің 95 жылдық мерейтойын атап өтті, бұл халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілікті одан әрі арттыру үшін күш-жігерді талап ететін елеулі жетістіктер мен сын-қатерлерді көрсетті. Бүгінгі таңда Қазақстанның 118 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (ЖЖОКБҰ) шамамен 609 мың студент білім алады, олардың 228 мыңы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Халықаралық ынтымақтастық аясында 23 елдің 97 серіктес университетімен қос диплом туралы екі жүзге жуық бағдарлама іске асырылуда, оларға оқытудың барлық деңгейлеріндегі мыңнан астам білім алушы қатысады. 200 шетелдік сарапшыны оқытушылық қызметке тарту және Қазақстанда үш шетелдік университет филиалының ашылуы да

халықаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Бұдан әрі жақын жеті жылға арналған Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың тұжырымдамасы қабылданды, онда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді, өмір бойы оқытуды және ғылыми қызметті дамытудың көзқарасы, негізгі қағидаттары мен тәсілдері баяндалған [73].

Қазақстанда жоғары білім сапасы мен отандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін олардың аккредиттелуіне қатысты маңызды заңнамалық шаралар қабылданды. Қазақстандық жоғары оқу орындары интернационалдандыру және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын белсенді дамытып келеді. 2022 жылы шетелдік студенттердің үлесі 7%-ға жетті, бұл шетелдік білім алушылар тарапынан қазақстандық білімге деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Сонымен қатар QS-WUR және Times Higher Education сияқты жаһандық рейтингтердегі қазақстандық жоғары оқу орындарының позициялары біртіндеп өсіп келеді: 2020–2022 жылдар аралығында QS-WUR рейтингіндегі қазақстандық университеттер саны 8-ден 16-ға дейін өсті, бұл оң серпінді көрсетеді [90, 119]. Қазіргі жағдайда халықаралық университеттік рейтингтер жоғары білім сапасын жанама бағалаудың маңызды функциясын атқарады. QS World University Rankings, Times Higher Education және Shanghai Ranking сияқты рейтингтердің әдіснамаларына ғылыми өнімділік, зерттеулердің дәйексөзделуі, халықаралық бедел, академиялық ұтқырлық және университеттердің интернационалдану деңгейі сияқты көрсеткіштер кіреді. Бұл индикаторлар әртүрлі елдердің білім беру және ғылыми жүйелерінің тиімділігін салыстыруға мүмкіндік беріп, жаһандық сапа бағдарларын қалыптастырады. Қазақстан университеттері үшін халықаралық рейтингтерге қатысу білім беру жүйесінің ашықтығын арттырудың, халықаралық беделді нығайтудың және шетелдік студенттер мен зерттеушілерді тартудың маңызды құралына айналууда.

Сонымен бірге, Қазақстандағы жоғары біліммен жалпы қамту деңгейі 62%-ды құрайды, бұл Ресей (82%), Оңтүстік Корея

(94%), Ирландия (78%) және Беларусь (81%) сияқты елдердің көрсеткіштерінен төмен. Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне қанағаттану деңгейі 70% шамасында қалып отыр [73]. Бұл сын-қатерлер білім сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған стратегиялар бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін көрсетеді. Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары білім жүйесі цифрландырумен, білікті кадрларға деген сұраныстың өсуімен және жұмыс берушілер мен қоғам тарапынан күтулердің артуымен байланысты сын-қатерлерге тап болып отыр. Халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге бағдарланған жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру елге өз жоғары оқу орындарының халықаралық аренадағы позицияларын нығайтуға, қазақстандық білімнің шетелдік студенттер үшін тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесіне деген сенімді күшейтуге мүмкіндік береді [120].

Озық тәжірибе мен стандарттарды Қазақстанда енгізу білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттің стратегиялық бастамаларында көзделген орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуға апарар жолдағы маңызды қадамға айналады. Осылайша, білім сапасын қамтамасыз ету тетіктері мен инфрақұрылымын дамыту ұлттық білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне жауап беріп қана қоймай, Қазақстанды әлемдік білім беру қауымдастығына интеграциялауға және оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған міндеттерді шешуге де ықпал етеді.

Қазақстан үшін цифрландырумен, білікті кадрларға деген қажеттіліктің өсуімен және жұмыс берушілер мен қоғам тарапынан күтілетін талаптардың артуымен байланысты мәселелер ерекше өзекті, өйткені әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану халықаралық сапа стандарттарын сақтауды ғана емес, сонымен қатар бәсекеге қабілетті инфрақұрылым мен бағалау тетіктерін қалыптастыруды да талап етеді. Демек, Қазақстанда жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетіктері мен инфрақұ-

рылымын жетілдіру үшін әртүрлі елдер мен білім беру жүйелерінде қолданылатын үздік халықаралық тәжірибелерді талдау маңызды.

Жалпы алғанда, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің төрт тәсілі бар: аудит, аккредиттеу, бағалау және сыртқы/ұлттық сараптама. Алайда жоғары білім сапасын арттыру үдерісінде бағалау мен сараптаманың рөлі елеусіз болып шықты [121]. Күш-жігердің едәуір бөлігі аудит пен аккредиттеу есебінен жүзеге асырылды. Аудиттер мен аккредиттеу жүйесі жоғары оқу орындары басшыларына озық тәжірибе туралы жүйелі ақпарат ұсына отырып, жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз ету жүйелерін енгізуге көмектеседі, бұл қоғам алдындағы есептілікті қамтамасыз етеді және оқу орындарының күн тәртібіне оқыту мен білім беруді жетілдіру міндетін қояды [122, 123].

Аккредиттеудің рөлі университеттің сапа стандарттарын сақтауында алмастырылмайтын мәнге ие, ал аттестаттау білім беру қызметтері саласындағы қоғамның күтуіне сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған. Ішкі аудит жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға және проблемалық салаларды айқындауға көмектеседі, бұл университеттерге сапаны арттыру бойынша тиімді стратегиялар әзірлеуге мүмкіндік береді [124]. Жоғары білім сапасы қоғамның білім беру және зерттеу қажеттіліктеріне жауап беретін мақсаттарға қол жеткізуді қамтиды [125]. Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігін бағалау үшін халықаралық тәжірибеде әртүрлі сандық және сапалық көрсеткіштер пайдаланылады (27-кесте).

Кесте 27 – Жоғары білім сапасын бағалаудың негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Көрсеткіштің мазмұны	Білім беру жүйесі үшін маңызы
Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі	Оқу бітіргеннен кейін белгілі бір кезең ішінде мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	Білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін көрсетеді

Студенттердің академиялық ұтқырлығы	Студенттердің халықаралық алмасу бағдарламаларына және бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысуы	Жоғары білімнің интернационалдану деңгейін сипаттайды
Оқытушылардың ғылыми өнімділігі	Ғылыми жарияланымдар саны, дәйексөзделу индексі, ғылыми жобаларға қатысу	Университеттердің ғылыми әлеуетінің деңгейін көрсетеді
Халықаралық аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі	Халықаралық аккредиттеуден өткен бағдарламалардың пайызы	Білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін айғақтайды
Студенттердің қанағаттану деңгейі	Студенттердің оқыту сапасы мен білім беру ортасы туралы сауалнама нәтижелері	Білім беру үдерісінің тиімділігі мен академиялық ортаның сапасын көрсетеді

Жоғарыда аталған ғалымдардың қорытындыларына сүйене отырып, жоғары оқу орындарының қойылған мақсаттарға қол жеткізу және өз позицияларын жақсарту қабілетін бағалауда аккредиттеу мен аудиттің рөлі елеулі екенін жалпылауға болады. Аккредиттеудің мақсаты – жоғары оқу орындарының қоғам алдындағы есептілігін арттыру және олардың бағдарламаларының академиялық сапасын жақсарту. Сонымен қатар, аккредиттеу жоғары оқу орындарының өзін-өзі бағалауына да, әріптестер тарапынан берілетін бағалауға да негізделген жоғары білім сапасын қамтамасыз ету әдісі болып табылады.

Қазақстанның жоғары білім жүйесін жетілдіруде назар аударуды қажет ететін негізгі бағыттар мен аспектілерге мынадай топтарды жатқызуға болады.

1. Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету. Соңғы онжылдықтарда жоғары білім сапасын қамтамасыз ету көптеген елдердің білім беру саясатының аса маңызды бөлігіне айналды. Қазақстан да Еуропалық жоғары білім кеңістігімен үйлесуге ұмтыла отырып, Болон процесіне қатысты. Алайда формалданған стандарттардың болуына қарамастан, іс жүзінде бұл стандарттарды іске асыру проблема болып қала береді, бұл олардың формал-

ды түрде қолданылуына және тиімділігінің төмендеуіне алып келеді [126]. Қазақстандық жүйе халықаралық стандарттарды неғұрлым терең енгізуді қажет етеді, бұл ретте Хорватия мен Финляндиядағыдай сапаны жақсартудың бейресми тәжірибелеріне баса назар аударылуы тиіс, өйткені бұл елдерде агенттіктер мекемелерге жүйелі қолдау көрсетіп, өзін-өзі бағалау тетіктерін қамтамасыз етеді [127].

2. Аккредиттеудегі икемділік және ұлттық ерекшеліктерді ескеру. Көптеген халықаралық сапаны қамтамасыз ету жүйелері икемділік пен жергілікті жағдайларға бейімделуді көрсетеді. Қазақстанда аккредиттеуде бірыңғай тәсілге бейімділік сақталып отыр, бұл өңірлік бейімделу мүмкіндіктерін шектейді. Мысалы, Шығыс Азия мен Латын Америкасындағы аккредиттеу жүйелерінде әр елдің мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері белсенді түрде ескеріледі, бұл білім беру бағдарламаларының ұлттық еңбек нарықтарының қажеттіліктеріне жақсырақ сәйкес келуіне мүмкіндік береді. Қазақстанға аккредиттеу стандарттарын өңірлердің ерекшелігіне неғұрлым релевантты ету және жергілікті білім беру ұйымдарының орнықты дамуын қолдау үшін осы тәжірибені ескеру қажет.

3. Институционалдық автономия және сапа үшін жауапкершілік. Финляндияның сапаны қамтамасыз ету жүйесі (FINHEEC) университеттердің автономиясына және білім беру ұйымдарына деген сенімге ерекше назар аударады. Финляндия жүйесі қазақстандық жүйеден ерекшеленеді, өйткені Қазақстанда университеттердің тәуелсіздігі қатаң стандарттар мен реттеумен шектелген, бұл жаңа сын-қатерлер мен білім берудегі өзгерістерге жедел бейімделуді қиындатады. Қазақстан университеттерінің институционалдық автономиясын күшейту маңызды, оларға ішкі бағалау жүргізу және білім беру стратегияларын әзірлеу үшін көбірек мүмкіндік беру қажет, бұл ұсынылатын білімнің икемділігі мен сапасын арттыруы мүмкін [128].

4. Жоғары білімді цифрландыру. Цифрландыру – әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі, ал COVID-19 пандемиясы

оның таралуын одан әрі жеделдетті. Жоғары білімді трансформациялау тетіктері мен құралдары онлайн-білім беруді, гибриді форматтарды және оқытушылар мен студенттердің цифрлық құзыреттерін дамытуды ескеруі тиіс. Қазақстан жүйесі бұл бағытта әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған, сондықтан Нидерланды мен Ирландиядағыдай үздік әлемдік тәжірибелерді ескеруі керек, онда цифрлық дәуірдегі оқыту мен білім сапасын жақсарту үшін ұлттық форумдар мен цифрлық құзыреттер жүйесі әзірленген. Цифрлық инфрақұрылымға инвестициялар салу және цифрлық құзыреттерді дамыту Қазақстандағы жоғары білім сапасын едәуір жақсартып алады. Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдірудің маңызды бағыты білім беру нәтижелерін мониторингтеудің цифрлық жүйелерін енгізу болып табылады. Еуропа, АҚШ және Шығыс Азияның жетекші университеттерінде learning analytics және білім беру аналитикасы жүйелері белсенді қолданылады, олар деректердің үлкен массивтерін талдау негізінде студенттердің академиялық үлгерімін, білім беру бағдарламаларының тиімділігін және оқу нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді. Осындай цифрлық құралдарды пайдалану үлгерім, білім алушылардың тартылуы, түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі және оқытушылардың ғылыми өнімділігі сияқты білім сапасының негізгі көрсеткіштеріне тұрақты мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Қазақстанда сапаны мониторингтеудің цифрлық жүйелерін енгізу білім беру үдерістерінің ашықтығын арттырып, басқарушылық шешімдерді жақсартып, университеттердегі ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін күшейте алады.

5. Сапаны қамтамасыз ету бойынша трансұлттық және ұлттық бастамаларды қолдау. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастық (ENQA) сияқты трансұлттық және ұлттық агенттіктер сапаны қамтамасыз ету стандарттарын қолдау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан Болон процесінің бір бөлігі ретінде өз білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттармен үйлесімділігін арттыру үшін ENQA тәжірибесін пайдалана алады, бұл студенттердің ұтқыр-

лығын және қазақстандық біліктіліктердің шетелде танылуын арттыруға ықпал етеді. Стандарттарды енгізуді халықаралық агенттіктермен өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық агенттіктердің рөлін күшейту арқылы жақсарту маңызды.

6. Мемлекеттік органдардың рөлі және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл. Жоғары білім сапасы саласындағы саясатты әзірлеу мен іске асыруда мемлекеттік органдар маңызды рөл атқарады. Италия мен Грузия тәжірибесі ұлттық агенттіктердің консультативтік мүмкіндіктерін жеткіліксіз пайдалану сапаны қамтамасыз ету саясатының бюрократиялық жүктеме ретінде қабылдануына алып келуі мүмкін екенін көрсетеді. Қазақстанға білім беру саясатын қалыптастыру мен бағалауға университеттерді, жұмыс берушілерді және студенттерді белсенді тарту қажет, сонда ол қоғам мен экономиканың нақты қажеттіліктеріне бағдарланған болады. Бұл білім беру жүйесінің ашықтығы мен оған деген сенімді арттырып, оның халықаралық аренадағы позициясын нығайтады [129].

Бұдан әрі әлемдегі сапаны қамтамасыз етудің табысты модельдерін қарастырып, Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеуге болатын негізгі элементтерді бөліп көрсетейік. С қосымшасында әлемдік қауымдастық мойындаған жоғары білім стандарттары мен аккредиттеу жүйелерінің негізгі сипаттамалары бойынша жан-жақты жіктеме келтірілген.

Еуропалық стандарттар мен ұсынымдар (ESG). Еуропалық стандарттар мен ұсынымдар (ESG) – Еуропалық кеңістіктегі білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағдарланған өңірлік стандарттар. Негізгі назар ішкі де, сыртқы да сапаны қамтамасыз етуге аударылады, бұл бақылаудың қос деңгейін қамтамасыз етеді. ESG сондай-ақ Еуропалық кеңістікке қатысушы елдер арасындағы білім беру стандарттарын үйлестіруге ұмтылады, бұл дипломдарды тану үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді және академиялық ұтқырлыққа ықпал етеді. ESG-нің артықшылықтарына студенттердің халықаралық ұтқырлығына және біліктіліктерді тануға ықпал ететін айқын құрылым

жатады. Студентке бағдарланған тәсілдің арқасында білім беру бағдарламалары білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көбірек бағытталып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді. Алайда құрылымның формалдандырылған сипаты ұлттық контекстерде ESG-ні қолдану икемділігін шектеуі мүмкін, әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері немесе мәдени ерекшеліктері бар елдерде.

ISO 21001 халықаралық стандарты халықаралық деңгейде қолданылады және білім беру ұйымдарын басқаруға бағытталған. Оның мақсаты – білім беру ұйымдарының сапалы білім беру қызметтерін ұсыну қабілетін жақсарту. ISO 21001 үдерістік тәсілді қолданады, бұл ұйымдарға өз ішкі үдерістерін жүйелі түрде жетілдіруге және сапаны басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. ISO 21001 стандартының негізгі артықшылықтарының бірі – оның әмбебаптығы мен стандартталған құрылымы, бұл оны білім беру ұйымдарының барлық түрлерінде сапаны басқарудың тиімді құралына айналдырады. Ол ішкі ұйымдасуды жақсартуға және мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне бағдарлануға ұмтылатын ұйымдар үшін өте қолайлы. Дегенмен, басқа стандарттардан айырмашылығы, ISO 21001 бағдарламалардың академиялық мазмұнын тікелей бақылауды қамтымайды, бұл оның академиялық қатаңдық пен академиялық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етудегі тиімділігін шектеуі мүмкін.

Америкалық аккредиттеу жүйесі. Америкалық аккредиттеу жүйесі аккредиттеуді жүргізетін агенттіктердің жоғары икемділігімен және алуан түрлілігімен сипатталады. Бұл жүйеде агенттіктер өзара бәсекеге түседі, бұл білім беру бағдарламалары сапасының жақсаруын ынталандырады және инновацияларды енгізуге ықпал етеді. WASC немесе Middle States Commission сияқты тәуелсіз аккредиттеу агенттіктері мекемелерге өздеріне қолайлы агенттікті таңдауға мүмкіндік береді, бұл аккредиттеу үдерісін әрбір мекеменің қажеттілігіне бейімдірек етеді. Америкалық жүйенің артықшылығы – білім беру ұйымдарының әртүрлілігін және олардың бірегей ерекшелік-

Сараланған рөлдік траекторияларды енгізу (негізінен педагогикалық, зерттеушілік немесе аралас) жеке кәсіби басымдықтарды ескеруге және орнықты мансаптық стратегияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Гранттар мен жарияланымдық жобаларды іске асыру кезеңінде оқу жүктемесінің бір бөлігінен босату зерттеушілік жұмысқа шоғырлану үшін институционалдық жағдайлар жасайды.

Жүктемені бөлудің талдамалық құралдарын пайдалану оқытушының білім беру және ғылыми функциялары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді, ал жүктемені нәтижелерді бағалау жүйесімен интеграциялау жеке дамуды университет мақсаттарымен үйлестіруге мүмкіндік береді. Рутиналық үдерістерді автоматтандыру академиялық еңбектің уақыт шығындырын азайтады және зияткерлік қызметке арналған ресурстарды босатады. Мұндай форматта жүктемені басқару кәсіби күйіп кетуді төмендетуге, зерттеушілік өнімділікті арттыруға және университет жүйесі ішінде орнықты мансаптық траекторияларды қалыптастыруға ықпал етеді.


Өңірлік теңестіру және адами капиталды бөлінген түрде дамыту

Өңірлер арасында білікті кадрлардың біркелкі бөлінбеуі жоғары білім жүйесінің жиынтық әлеуетін шектейді. Ірі академиялық орталықтарда ғылыми дәрежесі бар ПОҚ-тың шоғырлануы бірқатар өңірлік университеттердегі зерттеушілік ортаның әлсіреуімен қатар жүреді, бұл кадрлар даярлау сапасына және ғылыми белсенділікке әсер етеді.

Бөлінген даму тетіктері желілік зерттеу құрылымдарын, жоғары оқу орындары арасындағы кафедраларды және бірлескен білім беру бағдарламаларын қалыптастыру арқылы мегаполистерден тыс университеттердің адами капиталын нығайтуға бағытталған. Ұлттық академиялық ұтқырлық өңірлер арасында білім айналымына және тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Виртуалды зерттеу зертханаларын құру аумақтық орналасуына қарамастан ғылыми инфрақұрылымға қолжетімділікті кеңейтеді, ал кадрлардың бөлінуін талдамалық мониторингтеу құралдары кадр саясаты саласында негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тетікті іске асыру академиялық және зерттеушілік әлеуеттің неғұрлым біркелкі дамуын қамтамасыз етеді, университет жүйесінің орнықтылығын нығайтады және ұлттық деңгейде адами капиталды ұдайы өндірудің теңгерімді моделін қалыптастырады.

Университеттердегі профессорлық-оқытушылық құрам сапасын орнықты және жүйелі түрде арттыру академиялық қауымдастықтың, әкімшілік құрылымдардың және сыртқы серіктестердің іс-қимылын үйлестіруді көздейді. Академиялық еңбекке қойылатын талаптардың өзгеруі, халықаралық бәсеке-нің күшеюі және білім беру ортасының цифрландырылуы адами капиталды дамыту тетіктерін кезең-кезеңімен және институционалдық тұрғыдан рәсімдеп енгізуді талап етеді. Осыған байланысты үдеріске қатысушылар арасында функциялар мен жауапкершілікті бөлудің алгоритмін формализациялау қажет болып көрінеді. 31-сурет адами капиталды дамыту тетіктерін жобалау, апробациялау және институционалдандыру кезеңдеріндегі өзара әрекеттесудің көпдеңгейлі логикасын көрсетеді.



Сурет 31 – Адами капиталды дамыту тетіктерін енгізу кезіндегі өзара әрекеттесудің көпдеңгейлі моделі

Бұл модель университеттердің адами капиталын дамыту басқарудың әртүрлі деңгейлерінің жүйелі өзара іс-қимылының нәтижесі екенін көрсетеді. Стратегиялық шешімдерді, сараптамалық қолдауды және кәсіби рефлексияны үйлестіру зерттеушілік, педагогикалық және басқарушылық құзыреттердің қалыптасуын, сондай-ақ академиялық әлеуеттің орнықты ұдайы өндірілуін қамтамасыз етеді. Осылайша, модельде ұсынылған өзара әрекеттесулер жоғары білім жүйесіндегі адами капиталды институционалдық нығайтудың құралы ретінде көрінеді.

Ұсынылған алгоритмдер адами ресурстарды бейімделгіш басқару тұжырымдамаларына (Deem et al., 2007; Marginson, 2011) сүйенеді және академиялық қауымдастық бастамаларын («төменнен жоғары») институционалдық басқарушылық шешімдермен («жоғарыдан төмен») ұштастырады. Модельдегі барлық өзара әрекеттесулер ПОҚ-тың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және университеттердің академиялық әрі зерттеушілік әлеуетін орнықты ұдайы өндіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бірінші кезеңде академиялық қауымдастық (ПОҚ, кафедралар, факультеттер) кадр саясатын жетілдіруге сұраныс қалыптастырады, бағалау рәсімдерінің ашықтығына, мансаптық өсу мүмкіндіктеріне, академиялық еркіндік пен кәсіби дамуды қолдауға баса назар аударады. Институционалдық деңгей адами капиталды стратегиялық дамыту саласында сараптамалық ұсынымдар алу үшін сыртқы серіктестермен өзара іс-қимылды бастайды.

Ынтымақтастық үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларын, құзыреттілік модельдерін, жеке даму траекторияларын, сондай-ақ ғылыми және педагогикалық белсенділікті ынталандыру құралдарын қамтитын кәсіби өсудің кешенді тетіктерін әзірлеуге шоғырланады. Бұл элементтер зерттеушілік, педагогикалық және басқарушылық құзыреттерді жүйелі түрде арттырудың негізін қалыптастырады.

Стратегияны қалыптастыру мазмұндық шешімдерді жобалауды, сараптамалық бағалауды және түзетуді қамтитын кері байланысы бар циклдік үдеріс ретінде жүзеге асырылады. Университет адами капиталды дамыту мақсаттары мен құралдарын айқындай отырып, стратегиялық құжаттың жобасын әзірлейді, содан кейін академиялық қауымдастық оның мазмұндық сараптамасын жүргізеді. Кәсіби кері байланысты енгізу стратегияны институционалдық контекске бейімдеуді қамтамасыз етеді және оның басқарушылық орнықтылығын арттырады.

Апробация кезеңі жекелеген бөлімшелерде тетіктерді пилоттық түрде енгізуді, содан кейін нәтижелерді талдауды және құралдарды түзетуді көздейді. Әдіснамалық жетілдіруден кейін шешімдерді ауқымдау және институционалдандыру жүзеге асырылады, яғни олар нормативтік құжаттарға, регламенттерге және кадр рәсімдеріне енгізіледі. Институционалдық бекіту тетіктердің қайталанып қолданылуын және олардың университеттің адами капиталын дамытуға ұзақ мерзімді үлес қосуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды кезең енгізілген тетіктердің құзыреттерді дамытуға және ПОҚ-тың зерттеушілік өнімділігіне ықпалын мониторингтеумен және бағалаумен байланысты. Нәтижелерді талдау

құралдарды түзетуге және олардың университеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін қолдауға мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылған модель университеттердің адами капиталын қалыптастыру мен ұдайы өндіру басқарудың барлық деңгейлерінің жүйелі және үйлестірілген өзара іс-қимылының нәтижесі екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, профессорлық-оқытушылық құрам сапасын арттыруға бағытталған университетішілік тетіктер фрагментарлы және формалды тәсілдерден адами капиталды дамытудың стратегиялық тұрғыдан негізделген жүйесіне көшуді көрсетеді. Цифрлық құралдарды, жекелендірілген мансаптық тректерді, кері байланыс тетіктерін, ғылыми акселераторларды және академиялық хабтарды енгізу оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, университеттердің орнықты, инновациялық және бәсекеге қабілетті академиялық институттарға трансформациялануына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, ПОҚ адами капиталының сапасын арттыру университеттердің орнықты дамуының жүйекұраушы шарты ретінде көрінетінін атап өткен жөн. Адами капиталды дамытуды басқарудың интегралды тәсілін іске асыру тек стратегиялық пайымдауды ғана емес, сонымен қатар құзыреттерді қалыптастыруға, зерттеушілік нәтижеліліктің өсуіне және академиялық әлеуеттің сабақтастықпен ұдайы өндірілуін қамтамасыз етуге бағытталған университеттік деңгейдегі келісілген тетіктерді енгізуді де талап етеді.

Қалыптастырылған тетіктер кешені фрагментарлы басқарушылық шешімдерден адами капиталды дамытудың институционалдық тұрғыдан құрылған моделіне көшуді көрсетеді. Оларды университеттердің кадр саясатына, уәждеме жүйесіне, ғылыми және білім беру қызметіне дәйекті түрде интеграциялау жоғары мектептің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және академиялық әрі зерттеушілік адами капиталды ұдайы өндірудің орнықты моделін қалыптастыруға негіз жасайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген ғылыми зерттеу негізінде төмендегідей қорытындылар алынды.

1. Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері бойынша жоғары білімді цифрлық трансформациялау тек АКТ енгізумен шектелмейтін, сонымен бірге басқаруды, оқыту мазмұнын және сапаны қамтамасыз ету тетіктерін өзгертетін күрделі көпдеңгейлі үдеріс екені анықталды. Теориялық тәсілдерді жүйелеу қолданыстағы цифрландыру тұжырымдамалары білім беру жүйесінің трансформациясының жекелеген қырларын ғана бейнелейтінін, алайда оларды кешенді түрде біріктіруді қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Қазіргі жағдайда жоғары білімнің инновациялық даму институты, адами капиталды қалыптастыру құралы және өңірлік «өсу нүктелерін» қолдау тетігі ретіндегі рөлі артып отырғаны айқындалды. Сонымен қатар, цифрлық трансформация теориялары, өңірлік экономикалық тәсілдер мен сапаны басқарудың практикалық тетіктері арасында әдіснамалық алшақтықтың бар екені анықталды. Осылайша, цифрлық, басқарушылық және өңірлік компоненттердің үйлесіміне негізделген жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің авторлық интеграциялық моделін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

2. Жүргізілген талдау жоғары білімді цифрландырудың білім беру бағдарламаларының сапасын арттырудың, жүйенің басқарылуын күшейтудің және адами капиталды дамытудың стратегиялық факторы болып отырғанын көрсетті. Халықаралық тәжірибе неғұрлым нәтижелі модельдердің цифрлық рәсімдерді институционалдық бекітуге, деректерді басқару жүйелерін, цифрлық аккредиттеуді, КРІ және басқарушылық шешімдерді қолдауға арналған талдамалық құралдарды пайдалануға негізделетінін дәлелдейді. АҚШ, Қытай, Ұлыбритания және Еуропа мен Азияның бірқатар елдерін қоса алғанда, көшбасшы мемлекеттер сапаны цифрлық қамтамасыз етудің ғылыми және практикалық тәсілдерін белсенді дамытып жатқаны, ал Қазақстанға бұл бағыттағы зерттеушілік және институционалдық базаны

күшейту қажеттігі анықталды. Жоғары білімді тиімді цифрлық трансформациялау цифрлық теңсіздік, киберқауіпсіздік тәуекелдерін және университеттердің цифрлық жетілу деңгейіндегі айырмашылықтарды ескерусіз мүмкін еместігі айқындалды. Бұл Қазақстанда жоғары білім сапасын цифрлық қамтамасыз етудің үздік халықаралық тәжірибелерін кезең-кезеңімен бейімдеуді және өзіндік ұлттық моделін әзірлеуді негіздейді.

3. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық модельдері институционалдық архитектурасы мен реттеу тетіктеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, жүйелілік, транспаренттілік, оқыту нәтижелеріне бағдарлану және мүдделі тараптардың қатысуы сияқты ортақ қағидаттарға негізделген. Неғұрлым орнықты тәжірибелер нормативтік үйлестіруді, сапаны мониторингтеудің цифрлық құралдарын, сапаны сыртқы және ішкі бағалауды, сондай-ақ білім беру нәтижелерін еңбек нарығының талаптарымен және университеттердің әлеуметтік миссиясымен байланыстыратын тетіктерді ұштастыратыны анықталды. Қазақстан үшін ESG қағидаттарын бейімдеу, цифрлық аналитика мен түлектерді трекингтеуді дамыту, ТЕҒ-ке ұқсас индикаторларды енгізу, жұмыс берушілер мен студенттердің қатысуын кеңейту, сондай-ақ үздіксіз білім беру мен микрокреденциалдарды сапаны қамтамасыз ету жүйесіне кіріктіру ерекше маңызға ие. Осыған байланысты елдің ұлттық басымдықтарын, институционалдық жағдайларын және әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін ескере отырып, үздік халықаралық тәжірибелерді біріктіретін гибриді QA моделін қалыптастырудың орындылығы негізделді. Мұндай тәсілді іске асыру стандарттарды формалды сақтаудан дәлелділікке, халықаралық мойындауға және орнықты дамуға бағдарланған жоғары білім сапасын стратегиялық басқаруға көшуге мүмкіндік береді.

4. Қазақстандағы жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жүйесі нормативтік-құқықтық және институционалдық қалыптасудың бірнеше кезеңінен өтті, алайда толыққанды нәтижеге бағдарланған басқару моделіне көшуге кедергі келтіретін бір-

қатар құрылымдық шектеулерді сақтап отыр. Негізгі мәселелер ретінде аккредиттеу рәсімдерінің формалдануы, білім сапасы мен қаржыландыру тетіктері арасындағы байланыстың жеткіліксіздігі, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы динамикасына әлсіз бейімделуі, ресурстардың өңірлік асимметриясы және мониторинг үдерістерін цифрландырудың біркелкі еместігі айқындалды. Халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау ұлттық жүйенің тиімділігін арттыру нормативтік үйлестіруді, тәуелсіз сыртқы бағалауды, цифрлық аналитиканы, жоғары оқу орындарының ішкі сапа жүйесін дамытуды және жұмыс берушілермен белсенді өзара әрекеттесуді ұштастырған жағдайда мүмкін екенін растайды. Осыған байланысты ұсынылған төрт контурлы сапаны қамтамасыз ету жүйесін трансформациялау моделі нормативтік, институционалдық, басқарушылық және нәтижелік деңгейлерді бірыңғай тетіктің өзара байланысты элементтері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілді іске асыру қазақстандық жоғары мектепті жаңғыртуға, оның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға және білім беру нәтижелерінің халықаралық стандарттар мен экономика қажеттіліктеріне сәйкестігін арттыруға негіз болады.

5. Жүргізілген талдау Қазақстандағы жоғары білімнің дамуы жоғары оқу орындарының, студенттердің, профессорлық-оқытушылық құрамның және қаржылық ресурстардың ірі академиялық орталықтар – Алматы, Астана және Шымкентте шоғырлануынан көрінетін айқын аумақтық теңсіздікпен сипатталатынын көрсетті. Өңірлік айырмашылықтар тек біліммен қамту деңгейіне ғана емес, сонымен қатар магистратураға, докторантураға, білікті кадрларға және цифрлық инфрақұрылымға қолжетімділікке де әсер ететіні, бұл академиялық поляризацияны күшейтіп, шеткері жоғары оқу орындарының әлеуетін шектейтіні анықталды. Шоғырлану индексын есептеу бюджеттік қаржыландырудың орнықты орталықтандырылуын растады, мұнда жоғары білімге жұмсалатын шығыстардың жартысынан астамы үш жетекші қалада шоғырланған, ал бір-қатар өңірлер созылмалы жеткіліксіз қаржыландыру белгілерін

сақтап отыр. Анықталған диспропорциялар нормативтік-ынталандырушы қаржыландыруға, өңірлік жоғары оқу орындарын қолдауға, кадрлық әлеует пен цифрлық инфрақұрылымды дамытуға негізделген кеңістіктік-сараланған білім беру саясатына көшудің қажеттігін негіздейді. Мұндай тәсілді іске асыру университеттердің адами капиталды қалыптастыру орталықтары және Қазақстан өңірлерінің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының катализаторлары ретіндегі рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.

6. Жүргізілген талдау Қазақстандағы ғылыми-зерттеу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету тек сандық көрсеткіштерге тар бағдарланудан библиометриялық, альтметриялық, институционалдық және ғылыми жұмыстың қоғамдық маңызы бар әсерлерін ескеретін кешенді модельге көшуді талап ететінін көрсетті. Соңғы жылдары елде жарияланымдық белсенділіктің, халықаралық коллаборацияның және ұлттық қаржыландыру рөлінің айтарлықтай өсуі байқалғаны анықталды, алайда зерттеулердің пәнаралық сипатының төмендігіне, ғылыми инфрақұрылымның аумақтық теңсіздігіне және патенттік белсенділіктің төмендеуіне байланысты құрылымдық шектеулер сақталып отыр. Ең жоғары ғылыми әлеует пен зерттеу базасына салынатын инвестициялар Алматы мен Астанада шоғырланғаны, ал өңірлердің едәуір бөлігінде жабдықтардың тапшылығы, халықаралық желілерге әлсіз кірігу және зерттеу экожүйелерін дамыту мүмкіндіктерінің шектеулі екені айқындалды. Мұндай жағдайда ашық ғылым қағидаттары, зерттеулерді басқаруды цифрландыру, CRIS-жүйелерін енгізу, тұрақты идентификаторлар мен талдамалық платформаларды пайдалану, сондай-ақ *societal impact* пен альтметрикаларды қоса алғанда, бағалаудың жаңа құралдарын дамыту ерекше маңызға ие болады. Ұлттық, институционалдық және жеке тетіктерді біріктіретін ғылыми-зерттеу қызметі сапасын қамтамасыз етудің көпдеңгейлі жүйесін іске асыру қазақстандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның жаһандық ғылыми кеңістікке интеграциясын нығайтуға және зерттеулердің елдің

әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін күшейтуге мүмкіндік береді.

7. Жүргізілген талдау қазақстандық университеттердегі ғылыми қызметтің біркелкі дамымай отырғанын және қолданыстағы ынталандыру жүйесі тарапынан толық қолдау таппайтынын көрсетті. Ғылыми жұмысқа және сыйақы беру жүйесіне оқытушылардың тек шектеулі бөлігі ғана тартылғаны, бұл ретте ғылыми белсенділіктің жергілікті нысандары басым болып, ал халықаралық жарияланымдар, патенттер және гранттық қызмет анағұрлым әлсіз таралғаны анықталды. Алынған нәтижелер сыйақы мөлшері ғылыми дәреженің болуына қарағанда жұмсалған уақытпен және орындалған жұмыстың жалпы көлемімен көбірек байланысты екенін де көрсетті, алайда ынталандыру жүйесінің өзі жеткілікті деңгейде ашық емес және оқытушының нақты үлесін әрдайым көрсете бермейді. Осылайша, ғылыми қызметті бағалау мен ынталандыру тетіктерін жетілдіру, нәтижелілік критерийлерін кеңейту және зерттеушілік белсенділікті қолдаудың анағұрлым түсінікті әрі әділ жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Жалпы алғанда, ПОҚ-тың ғылыми өнімділігін арттыру жеке оқытушының ғана емес, бәсекеге қабілетті академиялық ортаны дамытуға бағытталған бүкіл университет саясатының міндеті ретінде қарастырылуы тиіс.

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету университеттердің білім беру, ғылыми және басқарушылық жүйелерін кешенді жаңғыртуды талап етеді. Сапаны арттырудың негізгі бағыттары ретінде білім беру бағдарламаларын жетілдіру, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, халықаралық интеграцияны күшейту және сапаны басқарудың тиімді тетіктерін енгізу анықталды. Университеттердің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы жоғары оқу орындарының кадрлық әлеуетін дамыту, жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды кеңейту және мамандар даярлаудың практикаға бағдарлану деңгейін арттыру екені айқындалды. Сонымен қатар заманауи білім беру және зерттеу үдерістерін іске асыруды қамтамасыз

ететін материалдық-техникалық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі анықталды. Жалпы алғанда, халықаралық стандарттарға тұрақты сәйкестікке қол жеткізу білім сапасын, ғылыми нәтижелілікті және университеттердің әлеуметтік бағдарлануын арттыруға бағытталған жүйелі тәсілді іске асыру жағдайында мүмкін болады.

9. Жүргізілген талдау цифрландырудың жоғары білім беру қызметтері нарығын трансформациялаудың негізгі факторларының бірі ретінде көрінетінін, ол сұраныс құрылымына, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесу форматтарына және университеттердің қызмет ету модельдеріне әсер ететінін көрсетті. Цифрлық университеттердің дамуы тек технологиялық шешімдерді енгізумен ғана емес, сонымен қатар сапаны басқарудың жаңа тетіктерін қалыптастырумен, білім беру траекторияларын жекелендірумен және жоғары оқу орындарының еңбек нарығы талаптарына бейімделгіштігін арттырумен байланысты екені анықталды. SEM, агентке бағдарланған модельдеу, Монте-Карло әдісі және жүйелік динамика әдістерін қолдану цифрлық трансформация жағдайында білім беру ұйымдарының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын бақыланатын да, латентті де факторларды кешенді талдауға мүмкіндік беретіні айқындалды. ПОҚ қызметі, ғылыми белсенділік және білім беру үдерісінің сапасы туралы деректерді жинауды, верификациялауды және интерпретациялауды қамтамасыз ететін ePORTAL сияқты басқарудың цифрлық платформаларымен талдамалық әдістерді интеграциялау ерекше маңызға ие болады. Бұл жиынтығында білім беру қызметтері нарығын дамытудың негізделген сценарийлерін әзірлеуге және цифрландыру жағдайында университеттердің тиімділігін арттыру стратегияларын қалыптастыруға әдіснамалық негіз қалайды.

10. Жүргізілген талдау цифрлық технологиялардың университеттердің білім беру ортасын трансформациялаудың аса маңызды факторына айналып отырғанын, олардың оқу үдерісін ұйымдастыруға да, жоғары білімді басқару жүйесіне де ықпал

ететінін көрсетті. Қазақстандық жоғары оқу орындарында цифрландыру біркелкі дамымай отырғаны анықталды: онлайн-платформалар мен цифрлық сервистер кеңінен қолданылғанымен, техникалық жарақтандырылудың жеткіліксіз деңгейіне, инфрақұрылымға қолжетімділіктің теңсіздігіне және профессорлық-оқытушылық құрамның бір бөлігінде цифрлық құзыреттердің тапшылығына байланысты елеулі шектеулер сақталуда. Цифрлық трансформацияны одан әрі дамыту жекелеген платформаларды аспаптық пайдаланудан *Learning Analytics*, *Big Data* және *data-driven governance* қағидаттарын қолдануға негізделген тұтас талдамалық ортаны қалыптастыруға көшуді талап ететіні айқындалды. Цифрландыру тиімділігін арттырудың маңызды шарттары ретінде материалдық-техникалық базаны нығайту, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, кадрларды даярлау бағдарламаларын кеңейту және университеттер мен өңірлер арасындағы цифрлық теңсіздікті азайту көрінеді. Бұл жиынтығында университеттердің цифрлық жетілуін олардың институционалдық орнықтылығының, білім сапасының және цифрлық экономика жағдайындағы бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық көрсеткіші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

11. Қазақстандағы жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетіктері мен инфрақұрылымын жетілдіру халықаралық стандарттарды ұлттық басымдықтар мен институционалдық ерекшеліктерді ескере отырып жүйелі бейімдеуді талап етеді. Ұлттық жүйе үшін ең жоғары әлеуетке студентке бағдарланған тәсіл, сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз етудің екі деңгейлі моделі, икемді аккредиттеу тетіктері, сондай-ақ сапаны басқарудың үдерістік-бағдарланған құралдары ие екені анықталды. ESG, Болон процесі, QAA, TEQSA, ISO 21001 және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын қоса алғанда, халықаралық тәжірибелерді интеграциялау қазақстандық білім беру бағдарламаларының ашықтығын, салыстырмалылығын және халықаралық мойындалуын арттыра алатыны айқындалды. Жоғары білім жүйесін одан әрі жаңғырту үшін цифрлық мониторинг құралдарын дамыту, халықаралық аккредиттеуді

кеңейту және университеттердің жұмыс берушілермен, мемлекеттік органдармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын күшейту ерекше маңызға ие болады. Көрсетілген бағыттарды іске асыру цифрлық трансформация мен жаһандану жағдайында Қазақстанның жоғары білімінің сапасын, қолжетімділігін және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға институционалдық негіз қалайды.

Профессорлық-оқытушылық құрамның адами капиталының сапасын арттыру цифрландыру, интернационалдандыру және ғылыми-педагогикалық нәтижелілікке қойылатын талаптардың артуы жағдайында Қазақстан университеттерінің орнықты дамуының негізгі шарты болып табылады. Қолданыстағы шектеулер зерттеушілік бәсекеге қабілеттіліктің біркелкі еместігімен, жоғары академиялық жүктемемен, өңірлік кадрлық диспропорциялармен, уәждемелік тетіктердің жеткілікті келісілмеуімен және ғылыми өнімділіктің мансаптық мәртебе мен академиялық интеграция деңгейіне тәуелділігімен байланысты екені анықталды. Осыған байланысты кадр саясаты мен аттестаттауды, біліктілікті арттыруды, ішкі ғылыми гранттандыруды, қаржылық ынталандыруды, тәлімгерлікті, цифрлық қолдауды, интернационалдандыруды, академиялық жүктемені басқаруды және өңірлік теңестіру құралдарын қамтитын университетішілік тетіктердің кешенді жүйесін енгізу қажеттілігі негізделді. Бұл тетіктердің тиімділігі олардың институционалдық келісімділігімен, цифрлық интеграциясымен және университетті стратегиялық басқаруға кіріктірілуімен айқындалатыны анықталды. Бұл жиынтығында фрагментарлы кадрлық шешімдерден жоғары білім сапасының өсуін және қазақстандық университеттердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді қамтамасыз ететін адами капиталды ұдайы өндіру мен дамытудың жүйелі моделіне көшуге негіз жасайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Корчак К.И., Красильников В.И., Тоискин В. С. Современные подходы к понятию цифровой трансформации // Проблемы современного образования. – 2022. - №1. - С 171-183.
2. Официальный сайт специализированного учреждения ЮНЕСКО. [Электрондық ресурс]. – Available: <https://www.unesco.org/gem-report/ru/technology> (24.10.2024)
3. Sharabi M. Managing and improving service quality in higher education // International Journal of Quality and service sciences. – 2013. – №5(3). – P. 309-320.
4. Díez F., Villa A., López A.L., Iraurgi I. (2020). Impact of quality management systems in the performance of educational centers: educational policies and management processes// Heliyon. – 2020. – № 6(4). – e03824.
5. Kohli J. K., Raj R., Rawat N., Gupta A., Kumar V. AI Empowered MOOCs Usage and Its Impact on Service Quality in Higher Education Institute in India // Proceedings of the 2nd International Conference on Device Intelligence, Computing and Communication Technologies (DICCT), 2024. – Dehradun, India, 2024. – P. 559-563.
6. Ibrahim M. Z., Rahman M. N. A., Yasin R. M. Developing a measurement model of service quality in skills training institutes using confirmatory factor analysis // Proceedings of the 2012 International Conference on Statistics in Science, Business and Engineering (ICSSBE), 2012. – Langkawi, Malaysia, 2012. – P. 1-7.
7. Sharabi M. Managing and improving service quality in higher education // International Journal of Quality and service sciences. – 2013. – №5(3). – P. 309-320.
8. Marathe S.S. Digitalization in Education Sector // International Journal of Trend in Scientific Research and Development. Special Issue: International Conference on Digital Economy and its Impact on Business and Industry, 2018. – P. 51-56.
9. Минина В.Н. Цифровизация высшего образования и ее социальные результаты // Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2020. - № 13(1). – С. 84-101.
10. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания / пер. Е.Рудкевич. – М.: Медиум, 1995. – 334 с.

11. Бергер П.Л., Бергер Б., Коллинз Р. Личностно-ориентированная социология / пер. с англ. В.Ф.Анурина. – М.: Академический проект, 2004. – 608 с.

12. Gilbert T.F. Human Competence: Engineering Worthy Performance. – McGraw-Hill, 1978. – 376 с.

13. Зобова М. Р. Техногенные вызовы и социогуманитарные ответы: социально-синергетический анализ // Новые идеи в философии. – 2016. – №3(24). – С. 247–252.

14. Амонашвили Ш. Размышления о гуманной педагогике – М.:изд-дом Шалмы Амонашвили, 1996. – 494 с.

15. Бердяев Н.А. Смысл творчества. - М.: Республика, 2002. – 678 с.

16. Садовский В.Н. Основы общей теории систем. - М.: Наука, 1974. – 279 с.

17. Юдин Э.Г. Методология науки. Системность. Деятельность. – М.: Эдиториал УРСС, 1997. – 444 с.

18. Bonk C.J., Graham C.R., Cross J., Moore M.G. The Handbook of Blended Learning: Global Perspectives, Local Designs. – Pfeiffer, 2005. – 640 p.

19. Sams A., Bergmann J. Flip Your Classroom: Reach Every Student in Every Class Every Day. – International Society for Technology, 2012. – 122 с.

20. Delbeke J. Long-term trends in Belgian money supply 1877-1984. The long wave debate/ Ed. by T. Vasko. – Berlin: Springer-Verlag, Dopfer, 1985. – 250 p.

21. Perez C. Structural changes and assimilation of new technologies in the economic and social system// Futures. -1983. –Vol.15. No. 4. – P. 357-375.

22. Utterback J.M., Abernathy W.J. A dynamic model of process and product innovation// Omega. – 1975. – No. 3(6). – P. 639–656.

23. Мюрдаль Г. Современные проблемы «третьего мира». Драма Азии. Пер. с англ. / Общ. ред. д.э.н., проф. Р.А. Ульяновского. – М.: Изд-во «Прогресс», 1972. – 767 с.

24. Доклад о технологиях и инновациях 2023. Перспективы устойчивого развития / ЮНКТАД. — Женева: ООН, 2023. — 112 с. URL: https://unctad.org/system/files/official-document/tir2023overview_ru.pdf (қаралған күні: 16.11.2024).

25. Семеко Г.В. Образование как фактор экономического роста//Экономические и социальные проблемы России. – 2010. - № 2. - С. 41 -82.

26. Концепция развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248> (қаралған күні: 02.11.2024)

27. Johnston B., MacNeill S., Smyth K. Conceptualising the Digital University: The Intersection of Policy, Pedagogy and Practice. - Cham, Palgrave Macmillan, 2018. – 265 p.

28. Семенов Е.В., Соколов Д.В. Цифровизация высшего образования: возможности и риски// Идеи и идеалы. – 2022. – №14(4). – С. 137-153.

29. Fredricks-Lowman I., Smith-Isabell N. Academic capitalism and the conflicting ideologies of higher education as a public good and commodity // New Directions for Higher Education. – 2020. – №192. – P. 21–27.

30. Kisanga D.H. Employers' perception of graduates with on-line degrees in Tanzania: two-pronged lesson for on-line graduates and course developers //Information and Learning Science. – 2020. – № 121. – P. 829-845.

31. Mphahlele R., Seeletso M., Muleya G., Simui F. The influence of COVID-19 on students' learning: Access and participation in higher education in Southern Africa // Journal of Learning for Development. – 2021. – № 8(3). – P. 501–515.

32. Южаков В.Н., Ефремов А.А. Правовые и организационные барьеры для цифровизации образования в Российской Федерации// Российское право. Образование, практика, наука. – 2018. – № 6. – С. 18-24.

33. Camilleri M.A., Camilleri, A.C. Digital learning resources and ubiquitous technologies in education// Technology, Knowledge and Learning. -2017. - № 22. – P. 65-82.

34. Аветисян П.С., Заславская М.И., Титаренко Л.Г., Берберян А.С., Корнилова О.А., Оганян К.М., Галикян Г.Э., Геворкян Н.М., Тадевосян М.Р., Лебедева Е.В., Матасов И.Л., Пиюкова С.С. Современные тенденции и приоритеты развития высшего образования государств-членов Евразийского экономического Союза: Армения, Беларусь, Россия. – Ереван: Российско-Армянский (Славянский) университет, 2023. – 312 с.

35. Qureshi M.I., Bhatti M.N., Rasli A., Yasir M., Zaman K. The Delphi Method for Internationalization of Higher Education in Pakistan: Integrating Theory of Constraints and Quality Function Deployment// Mediterranean journal of social sciences. -2014. - № 5. – P. 2702-2710.

36. Tsiligris V., Hill C. A prospective model for aligning educational quality and student experience in international higher education // *Studies in Higher Education*. – 2019. - № 46. – P. 228 - 244.

37. Andreani M., Russo D., Salini S., Turri M. Shadows over accreditation in higher education: some quantitative evidence. *Higher Education*. – 2020. – № 79. – P. 691-709.

38. Crosling G.M., Nair M., Vaithilingam S. A creative learning ecosystem, quality of education and innovative capacity: a perspective from higher education // *Studies in Higher Education*. – 2015. – № 40. – P. 1147 - 1163.

39. Karmanov A., Madybekova G., Kavak N., Ualikhanova B., Zharylkassyn A., Umarova Z. Developing the Professional Competence of Future Chemistry Teachers through Digital Technologies: A Case Study of Kazakhstan. *International Journal of Information and Education Technology*. – 2024. – №14. – P.1119-1126.

40. Bowen W.G. *Higher Education in the Digital Age*. – Princeton University Press, 2013. -192 p.

41. Kompf M., Denicolo P.M. *Critical issues in higher education*. Sense Publishers, Netherlands, 2013. – 282 p.

42. Аксенова В.В. Социальное неравенство в доступе к образовательным услугам: региональные и социально-экономические аспекты // *Вопросы образования*. – 2018. - № 4. – С. 64–81.

43. ENQA. *Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG)*. – Brussels: ENQA, 2015. – 32 p.

44. EUA. *Trends 2018: Learning and Teaching in the European Higher Education Area*. – Brussels: European University Association, 2018. – 109 p.

45. Carter S. D. Aligning assessment processes to meet regional and specialized accreditation standards // *Intersection: A Journal at the Intersection of Assessment and Learning Conference Proceedings*. – 2025. – Vol. 6, № 2. – P. 3–23.

46. Reddy J. S., Sharma R., Gupta N. The accreditation paradigm: a comparative analysis of accreditations for management programmes // *International Journal of Educational Management*. – 2024. – Vol. 38, № 1. – P. 73–95. <https://doi.org/10.1108/IJEM-05-2023-0250>

47. Romanowski M. H. Controlling higher education from a distance: using Foucault's governmentality to better understand accreditation // *Cogent Education*. – 2022. – Vol. 9, № 1. <https://doi.org/10.1080/2331186X.2022.2073631>

48. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT, Japan). Quality Assurance System in Higher Education in Japan. – Tokyo: MEXT, 2021. – 95 p. – Режим доступа: https://www.mext.go.jp/component/english/_icsFiles/afieldfile/2011/06/20/1307397_1.pdf (ка-
ралған күні: 21.08.2025).

49. Yamaguchi A. M., Tsukahara S. Quality assurance and evaluation system in Japanese higher education // *Avaliação: Revista da Avaliação da Educação Superior (Campinas)*. – 2016. – Vol. 21, № 1. – P. 71–87. <https://doi.org/10.1590/S1414-40772016000100004>

50. Цзясинь Л. Сравнительный анализ моделей высшего образо-
вания в странах Европы и Азии: исторические корни и современные
тенденции // *Управление образованием: теория и практика*. – 2025. –
Т. 14, №1-1. – С. 298-306. <https://doi.org/10.25726/n8392-5407-7800-n>

51. Абдурахманов К. Х. Опыт Сингапура в формировании и раз-
витии человеческого капитала и социально-трудовых отношений //
Стратегические решения и риск-менеджмент. – 2023. – Т. 14, № 2. – С.
188–197. <https://doi.org/10.17747/2618-947X-2023-2-188-197>

52. Benner M., Grant J., O’Kane M. Higher Education in Sweden:
Unitary and Diversified Under State Authority // In: *Crisis Response in
Higher Education*. – Cham: Palgrave Macmillan, 2022. – P. 65–92. https://doi.org/10.1007/978-3-030-97837-2_3

53. Kvilhaugsvik H. Quality Assurance in Nordic Higher Education:
Relevance and Quality for the Welfare State? // *Higher Education Policy*. –
2022. – Vol. 35. – P. 909–928. <https://doi.org/10.1057/s41307-021-00239-9>

54. Degn L., Madsen M., Brøgger K. Translating quality criteria in
university accreditation // *Journal of Accounting & Organizational
Change*. – 2023. – Vol. 19, № 4. – P. 588–602. <https://doi.org/10.1108/JAOC-02-2022-0030>

55. OECD. Education at a Glance 2024: OECD Indicators [Электрон-
дық ресурс]. – Paris: OECD Publishing, 2024. – 468 p. – Режим досту-
па: <https://doi.org/10.1787/c00cad36-en> (ка-
ралған күні: 02.07.2025).

56. Zhao L., Gu J., Abbas J., Kirikkaleli D., Yue X.-G. Does quality
management system help organizations in achieving environmental
innovation and sustainability goals? A structural analysis // *Economic
Research – Ekonomska Istraživanja*. – 2023. – Vol. 36, № 1. – P. 2484–
2507. <https://doi.org/10.1080/1331677X.2022.2100436>

57. Bond K., Gibbs B., Harris G., Lewis E., Pate A., Renyard J., Wint N.,
Wood G. C. Literature Review: When Quality Assurance Meets Innovation

in Higher Education [Текст]: Working Paper. – 2021. – 34 p. – Режим доступа: <https://discovery.ucl.ac.uk/id/eprint/10199545/1/quality-and-innovation-project-literature-review.pdf> (қаралған күні: 02.07.2025).

58. Болонский процесс. Официальный сайт Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/bolonskiy-process> (қаралған күні: 02.11.2024)

59. Закон РК от 18 февраля 2011 года № 407-IV «О науке» [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000407> (қаралған күні: 02.11.2024)

60. Закон РК от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> (қаралған күні: 02.11.2024)

61. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016–2019 годы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500000764> (қаралған күні: 02.11.2024)

62. Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам образования» от 2016 года [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000285> (қаралған күні: 02.11.2024)

63. Цифровой Казахстан. Официальный сайт Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан [Электрондық ресурс]. URL: <https://digitalkz.kz> (қаралған күні: 02.11.2024)

64. Закон РК «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 2020 года [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000372> (қаралған күні: 02.11.2024)

65. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> (қаралған күні: 02.11.2024)

66. Официальный сайт специализированного учреждения ЮНЕСКО. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.unesco.org/gem-report/ru/technology> (қаралған күні: 02.11.2024)

67. ОЭСР. Education at a Glance 2018: OECD Indicators [Текст]. – Париж: OECD Publishing, 2018. – URL: <https://doi.org/10.1787/eag-2018-en> (қаралған күні: 02.11.2024)

68. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do [Текст]. – Париж: OECD Publishing, 2019. – URL: <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (қаралған күні: 02.11.2024)

69. OECD. The ABC of Gender Equality in Education: Aptitude, Behaviour, Confidence [Текст]. – Париж: OECD Publishing, 2015. – URL: <https://doi.org/10.1787/9789264229945-en> (қаралған күні: 02.11.2024)

70. Brennan J. Burton Clark's The Higher Education System: Academic Organization in Cross-National Perspective // *London Review of Education*. – 2010. – Т. 8, № 3. – С. 229–237. <https://doi.org/10.1080/14748460.2010.515122>.

71. OECD. *Education at a Glance 2023: OECD Indicators*. – Paris: OECD Publishing, 2023. – 476 p. <https://doi.org/10.1787/e13bef63-en> (қаралған күні: 20.05.2025).

72. Reimagining our futures together: a new social contract for education / International Commission on the Futures of Education. – Paris: UNESCO, 2021. – 188 p. <https://doi.org/10.54675/ASRB4722> (қаралған күні: 20.05.2025).

73. Концепция развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248> (қаралған күні: 02.05.2025)

74. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. *Статистический ежегодник “Образование в Республике Казахстан”*. – Астана: БНС, 2000–2023 гг. – URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 20.05.2025).

75. Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан. Официальные отчёты и информационные материалы. – Астана, 2020–2024 гг. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://www.edu.gov.kz> (қаралған күні: 20.05.2025).

76. Официальные сайты университетов Республики Казахстан. – URL: <https://kaznpu.kz>, <https://nu.edu.kz>, <https://enu.kz> и др. (қаралған күні: 05.05.2025).

77. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2023 г. № 248 «Об утверждении Правил присуждения степеней» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248> (қаралған күні: 18.08.2025).

78. Hicks, D., Wouters, P., Waltman, L., De Rijcke, S., Rafols, I. The Leiden Manifesto for research metrics // *Nature*. – 2015. – Vol. 520, № 7548. – P. 429–431. <https://doi.org/10.1038/520429a>.

79. San Francisco Declaration on Research Assessment (DORA). – 2012. – American Society for Cell Biology. – URL: <https://sfdora.org/read/> (қаралған күні: 14.08.2025).

80. OECD. *Frascati Manual 2015: Guidelines for Collecting and Reporting Data on Research and Experimental Development*. – Paris: OECD Publishing, 2015. – 402 p. <https://doi.org/10.1787/9789264239012-en>

81. European Commission. *Open Science*. – Brussels: European Commission, 2020. – URL: https://rea.ec.europa.eu/open-science_en (қаралған күні: 14.08.2025).

82. Шнееганс С., Льюис Дж., Страза Т. Доклад ЮНЕСКО по науке. Наперегонки со временем: за более умное развитие: рабочее резюме. – Париж: Издательство ЮНЕСКО, 2021.

83. «Типовые правила деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования Республики Казахстан» от 30 октября 2018 года.

84. «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм». Администрация Президента Республики Казахстан. Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электрондық ресурс] // URL: <https://www.akorda.kz/> (қаралған күні 03.10.2024)

85. «Экономический курс Справедливого Казахстана». Администрация Президента Республики Казахстан. Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электрондық ресурс] // URL: <https://www.akorda.kz/> (қаралған күні 03.10.2024)

86. Pucciarelli, F., & Kaplan, A. M. Competition and strategy in higher education: Managing complexity and uncertainty // *Business Horizons*. – 2016. - P. 59.

87. Sadeh, E., & Garkaz, M. Explaining the mediating role of service quality between quality management enablers and students' satisfaction in higher education institutes: The perception of managers. *Total Quality Management and Business Excellence*. – 2015. - №26(11- 12) – P. 1335–1356.

88. Gruber, T., U, S., Vs, R. Examining student satisfaction with higher education services // *International Journal of Public Sector Management*. – №23(2). – P. 105–123.

89. Ермакова Э.Э. Роль рейтингов в развитии образовательной и научной деятельности вузов // Брестский государственный технический университет. – 2021.

90. Официальный сайт рейтинга QS Top Universities [Электрон-
дык ресурс] // URL: <https://www.topuniversities.com/world-university-rankings> (қаралған күні 09.10.2024)

91. Бабин Е.Н. Цифровизация университета: построение интегри-
рованной информационной среды // Университетское образование:
практика и анализ. – 2018. – № 22(6). – С. 44-54.

92. Ахметишин Э.М. Цифровая трансформация высшего образо-
вания: состояние, проблемы и перспективы // Инновационная эконо-
мика. – 2020. – №2(256). – С. 83-88.

93. Устюжанина Е.В., Евсюков С.Г. Цифровизация образователь-
ной среды: возможности и угрозы // Вестник Российского экономи-
ческого университета им. Г. В. Плеханова. – 2018. – №1(97). – С. 3-12.

94. Altbach P. G., Rumbley L. E. Trends in Global Higher Education. –
UNESCO, 2019. – 320 с.

95. Bates, A. W. Teaching in a Digital Age. – Tony Bates Associates
Ltd, 2020. – 398 с.

96. Barney, J. Firm resources and sustained competitive advantage //
Journal of Management. – 1991. – Vol. 17, No. 1. – P. 99-120.

97. Al-Kurdi O.F., El-Haddadeh R., Eldabi T. The role of organisational
climate in managing knowledge sharing among academics in higher
education // International Journal of Information Management. – 2020. –
№50. – С. 217–227.

98. Asrar-ul-Haq M., Kuchinke K.P., Iqbal A. The relationship between
corporate social responsibility, job satisfaction, and organizational
commitment: Case of Pakistani higher education // Journal of Cleaner
Production. – 2017. – № 142. – С. 2352–2363.

99. Heng K., Hamid M., Khan A. Factors influencing academics’
research engagement and productivity: A developing countries perspective
// Issues in Educational Research. – 2020. – Т. 30, № 3. – С. 965–987.

100. Urdabayev M., Ainakul N., Sabdenaliyev B. Modernization of the
Motivation Systems in Higher Education: Challenges and Digital Solutions
// Eurasian Journal of Economic and Business Studies. – 2024. – Т. 68,
№ 3. – С. 111–126.

101. Sterman J.D. Business Dynamics: Systems Thinking and Modeling
for a Complex World / J.D. Sterman. – McGraw-Hill, 2000. – 982 с.

102. Forrester J.W. Industrial Dynamics / J.W. Forrester. – MIT Press,
1961. – 464 с.

103. Bower M. Technology mediated learning theory // British Journal
of Educational Technology. - 2019. - № 50(3). - P. 1035–1048.

104. Camilleri M. A., Camilleri A. C. Digital learning resources and ubiquitous technologies in education // *Technology, Knowledge and Learning*. – 2017. – №22. – P. 65–82.

105. Englund C., Olofsson A. D., Price L. Teaching with technology in higher education: Understanding conceptual change and development in practice // *Higher Education Research & Development*. – 2017. – №36(1). – С. 73-87.

106. Liao Y.K.C., Chang H.W., Chen Y.W. Effects of computer application on elementary school student's achievement: A meta-analysis of students in Taiwan // *Computers in the Schools*. – 2007. – № 24(3-4). – С. 43-64.

107. Martin F., Borup J. Online learner engagement: Conceptual definitions, research themes, and supportive practices// *Educational Psychologist*. – 2022. - №57(3). – P. 162-177.

108. Pohekar D. Role of ICT on universities administrative services and management// *International Research Journal of Engineering and Technology*. – 2018. - №5(11). – P. 266-271.

109. Козлов О.А., Новикова И.В., Мацуй Н.В., Положенцова И.В. Развитие смешанного обучения в образовательных организациях высшего образования в условиях цифровой трансформации образования//*Журнал Современное педагогическое образование*. – 2022. – С. 15-20.

110. Зайцев В.С. Современные педагогические технологии: учебное пособие. – Челябинск, ЧГПУ: 2012. – 411 с.

111. Ваганова О.И., Пирогова А.А., Прохорова М.П. Инновационные технологии в инклюзивном образовании // *Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования*. – 2018. – № 6(32). – С. 36-40.

112. Morgan A., Sibson R., Jackson D.A. Digital demand and digital deficit: conceptualising digital literacy and gauging proficiency among higher education students. *Journal of Higher Education Policy and Management*. – 2022. – №44. – P. 258 - 275.

113. Агранович М., Ермачкова Ю., Ливенец М. Онлайн-обучение в период пандемии COVID-19 и неравенство доступа к образованию // *Федерализм*. - 2020. – № 3(99). – С. 188–206.

114. Saparova N., Kireyeva A.A., Orynbet P., Alimbekova G., Amirova A. Analysis of the development level of higher educational institutions in the regions of Kazakhstan // *Problems and Perspectives in Management*. – 2023. – №21(2). – P. 244-256.

115. Бабин Е.Н. Цифровизация университета: построение интегрированной информационной среды // Университетское образование: практика и анализ. – 2018. – № 22(6). – С. 44-54.

116. Ахметишин Э.М. Цифровая трансформация высшего образования: состояние, проблемы и перспективы // Инновационная экономика. – 2020. – №2(256). – С. 83-88.

117. Национальный проект «Качественное образование «Образованная нация»», утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726 [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726> (қаралған күні: 12.11.2024). – Қаралған күні: 11.11.2024.

118. Государственный образовательный стандарт высшего и послевузовского образования Республики Казахстан [Электрондық ресурс] / Министерство образования и науки Республики Казахстан. – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/directions/18127?lang=ru>, свободный. – Қаралған күні: 11.11.2024.

119. Times Higher Education World University Rankings 2024: Казахстан [Электрондық ресурс] / Times Higher Education. – Режим доступа: <https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2024>, свободный. – Қаралған күні: 11.11.2024.

120. Нуртаева Д., Кредина А., Киреева А., Сатыбалдин А., Айнаку Н. Роль цифровых технологий в высших учебных заведениях: Казахский случай [Текст] / Нуртаева Д., Кредина А., Киреева А., Сатыбалдин А., Айнаку Н. // Problems and Perspectives in Management. – 2024. – Том 22, № 1. – С. 562-577. – DOI: [http://dx.doi.org/10.21511/ppm.22\(1\).2024.45](http://dx.doi.org/10.21511/ppm.22(1).2024.45).

121. Кук Д., Бутчер Э., Рейсайд Р. Анализ финансовой устойчивости: междисциплинарный подход [Текст] / Д. Кук, Э. Бутчер, Р. Рейсайд. – Лондон: Издательство Макмиллан, 2006. – 350 с.

122. Дилл Д.Д. Designing academic audit: lessons learned in Europe and Asia [Текст] / Д.Д. Дилл // Quality in Higher Education. – 2000. – Т. 6, № 3. – С. 187–207.

123. Kis V. Quality assurance in tertiary education: Current practices in OECD countries and a literature review on potential effects [Text] / V. Kis // Tertiary Review: A contribution to the OECD thematic review of tertiary education. – 2005. – Vol. 14, No. 9. – P. 1–47.

